

ЕҢБЕККЕ БАУЛУ

Сыздықов А. М., Сейтмолдинов Д. Н., Байбакишева М. К.

Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі бекіткен

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі



Мұғалімге
арналған
нұсқаулық



ӘОЖ 373 (072)
КБЖ 74.263
С 94



Сабаққа арналған медиафайлдарды қолдану бойынша нұсқаулық

- 1) Әдістемелік нұсқаулықтың екінші бетінде орналасқан QR кодын сканерлеңіз.
- 2) Тиісті сабақтың медиафайлын таңдаңыз (презентация, үлестірме, аудиофайл).

Сыздықов А.М., Сейтмолдинов Д.Н., Байбакишева М.К.

С 94 **Еңбекке баулу.** Жалпы білім беретін мектептің 3-сынып мұғаліміне арналған оқу-әдістемелік құрал. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2024. – 176 б.

ISBN 978-601-348-588-1

ӘОЖ 373(072)
КБЖ 74.263

ISBN 978-601-348-588-1

© «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2024

Мазмұны

«Еңбекке баулу» сабақтарындағы қауіпсіздік ережелері.....	4
Кіріспе	5
«Еңбекке баулу» оқу пәнінің мақсаттары мен міндеттері.....	7
«Еңбекке баулу» оқу пәнінің мазмұны.....	7
Оқу мақсаттарының жүйесі	8
Оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдемелері	10
Еңбекке баулу сабақтарында метапәндік дағдыларды жүзеге асыру (Soft skills).....	11
«Еңбекке баулу» пәні бойынша 3-сыныпқа арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар	15
Қысқа мерзімді жоспарлар	23
1-сабақ	23
2-сабақ	29
3-сабақ	36
4-сабақ	43
5-сабақ	50
6-сабақ	55
7-сабақ	60
8-сабақ	65
9-сабақ	69
10-сабақ	73
11-сабақ	79
12-сабақ	84
13-сабақ	89
14-сабақ	92
15-сабақ	96
16-сабақ	100
17-сабақ	104
18-сабақ	109
19-сабақ	114
20-сабақ	119
21-сабақ	123
22-сабақ	127
23-сабақ	130
24-сабақ	134
25-сабақ	137
26-сабақ	140
27-сабақ	143
28-сабақ	146
29-сабақ	150
30-сабақ	153
31-сабақ	156
32-сабақ	160
33-сабақ	164
34-сабақ	168
Қолданылған әдебиеттер тізімі	172
Глоссарий	173

«Еңбекке баулу» сабақтарындағы қауіпсіздік ережелері

Қайшымен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережесі

1. Қайшы ұшын жоғары қаратып ұстама.
2. Қайшыны қайшыласқан жүздерін ашық қалдырма.
3. Оң қолмен қайшы ұстағанда, сол қолыңды абайла.
4. Үстел шетіне ұшы шығып тұрмас үшін қайшының жүздерін біріктіріп қой.
5. Қайшыны сыныптасыңа сабы жағымен бер, ұшымен берме.
6. Жүріп бара жатқанда қайшыны қолданба, қайшымен қиып тұрғанда бір орында тұр.

Ермексазбен жұмыс істеу қауіпсіздік ережесі

1. Жұмысты тақтай үстінде істе.
2. Жұмысқа керек ермексаз түсін таңдап ал.
3. Ермексаздың керек бөлігін ғана пластик пышақпен (стек) кесіп ал.
4. Ермексазды алақаныңа алып умаждап жұмсартып ал.
5. Ермексаз ұстаған қолыңмен көзіңді сүрпе, уқалама.
6. Жұмыс аяқталғанда қолыңды құрғақ шүберекпен жақсылап сүрт, содан соң ғана сабындап жу.

Бояғышпен және қылқаламмен жұмыс істеу ережесі

1. Бояуды палитра үстінде араластыр.
3. Қылқаламды бас бармақ, сұқ саусақ және ортаңғы саусақпен қысып ұста.
4. Қылқаламдағы артық бояуды құтының ернеуіне тигізіп ағызып жібер.
5. Жұмысты мұқият істе, киімің мен үстел үстін бүлдірме.
6. Жұмысты аяқтаған соң, қылқаламды жуып сүрт.

Кіріспе

Оқу-әдістемелік кешен *Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 маусымдағы №199 бұйрығымен бекітілген 3-сыныпқа арналған «Еңбекке баулу» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 26 қазандағы №323 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарына сәйкес* әзірленді.

Оқу-әдістемелік кешен (бұдан әрі – ОӘК) оқулықтан және мұғалімге арналған әдістемелік нұсқаулықтан тұрады.

Оқулық – бұл түрлі түсті иллюстрацияланған басылым, онда әр тақырып екі беттен тұратын бір қосарлы бетте ұсынылған. Қосарлы бет саны оқу бағдарламасы бойынша тақырыптар санына сәйкес келеді. Сабақтар жүйелі түрде бөлімдер бойынша (ортақ тақырыптар) баяндалады. Оқулықтың соңында оқушыларға арналған глоссарий берілді.

Мұғалімге арналған нұсқаулық пәнаралық және пәнішілік байланыстарды, оқу үдерісінің құрылымы мен логикасын және бастауыш сынып оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып, 3-сыныпқа арналған «Еңбекке баулу» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын түсіндіру мақсатында жасалды.

Оқулықтың құрылымы

Оқулықтың әр сабағы оқу бағдарламасында бекітілген білім мазмұнын түсіндіруге бағытталған. Оқушылардың өз бетінше білім алуын, сондай-ақ идеяларды талқылауды, әрекеттерге түсініктеме беруді, суретші, қолөнерші немесе дизайнер ретінде ойлауды және өзін танытуды үйренуін көздейді.

Оқулық бастауыш мектептің мұғалімі үшін егжей-тегжейлі курс болғанымен де, бұлжытпай орындауды міндет етпейді, ол пәнді оқу мен оқытуда басшылық пен қолдау көрсетуге арналған. Қажет болған жағдайда мұғалім оқулық материалын қолдана отырып, мектептің жағдайы мен мүмкіндіктерін және аймақтың ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ өткізудегі өз әдіс-тәсілдерін дамыта алады.

Оқулықтың әр бөлімі кіріспе беттен басталады, оның мақсаты бөлімнің негізгі материалымен қысқаша таныстыру болып табылады.

Әр сабақ оқушыға түсінікті тілде жазылған және оқу бағдарламасының тақырыбы мен мақсаттарына сәйкес келетін *сабақ мақсаттарынан* басталады.

Сабақтың басында тақырып бойынша *тірек сөздер* ұсынылады.

Сабақ *негізгі мәтіндерден*, әртүрлі тапсырмалар мен айдарлардан тұрады. Айдарлардың әрқайсысының өзіндік педагогикалық мақсаты бар.

Негізгі мәтіндер әдетте мәтіндер түрінде де, шығармашылық және сыни ойлауды дамытатын сұрақтар түрінде де ұсынылады. Негізгі материалды ұсынудың мұндай тәсілі оқушыларға өз тәжірибелерін қорытындылауға және осы мәселе бойынша не білетіні туралы ойлануға мүмкіндік береді.

«*Орындап көр*» айдары практикалық дағдыларды дамытатын негізгі айдар болып табылады. Осы айдардағы кейбір тапсырмалар қадамдық іс-қимыл нұсқаулығы немесе бағыттаушы сұрақтар түрінде жазылған.

«*Анықта*» айдары зерттеу дағдыларын дамытады. Тапсырмалар белгілі бір процестерді, әртүрлі материалдардың мүмкіндіктерін, зерттелетін пәннің қоршаған әлеммен байланысын өздігінен анықтауға бағытталған.

«*Зертте*» айдары ұсынылған жағдайды, материалдарды, процестерді біріктіру мүмкіндігін, олардың бір-біріне әсерін өздігінен зерттеуге бағытталған.

«Оқы, қызық!» айдары сабақ тақырыбы бойынша қосымша ақпарат береді. Материал қызықты деректер түрінде тұжырымдалған.

Барлық тапсырмалар іс-әрекетке жұмылдыратын сұрақтар немесе қысқа мәтін түрінде беріледі.

Оқулықтың қосарлы беттері зерттелетін материалды жақсы игеруге ықпал ететін түрлі түсті суреттермен безендірілген. Оқулықта ұсынылған сабақтар қолжетімділік, ғылыми, көрнекілік қағидаттарын басшылыққа алады. Материалдың баяндалуы қарапайымнан күрделіге, жекеден жалпыға өту қағидаттарына негізделеді (1-қосымшаны қараңыз).

Мұғалімге арналған нұсқаулықтың құрылымы

ОӘК-тің құрамындағы мұғалімге арналған нұсқаулық бастауыш мектепте «Еңбекке баулу» пәнін оқытуға арналған әдістемелік құрал болып табылады. Нұсқаулықтың мақсаты – бұл тек тәжірибелі бастауыш сынып мұғаліміне ғана емес, өзінің педагогикалық қызметін жаңа бастаған жас мамандарға сабақ өткізуге көмектесу, қолдау көрсету. Нұсқаулықтың ерекшелігі – мұғалімнің белгілі бір сабаққа немесе нақты жағдайға қажетті және соған сәйкес материалдарды, құралдарды, педагогикалық әдістерді, тәсілдемелер мен технологияларды таңдау еркіндігі.

Мұғалімге арналған нұсқаулық оқу пәнінің мақсаттары мен міндеттерін, күтілетін нәтижелерді, оқыту мақсаттарының жүйесін сипаттайды, мұғалімге оқыту мақсаттарын іске асыру және метапәндік дағдыларды дамыту бойынша педагогикалық тәсілдемелер мен ұсынымдар (Soft skills) берілген, күнтізбелік-тақырыптық жоспар, оқулыққа сәйкес әр тақырып бойынша қысқа мерзімді сабақ жоспарлары және сабаққа арналған медиафайлдар (презентация, үлестірме материалдар, аудиофайлдар) ұсынылған. Нұсқаулықтың соңында пәндік терминдерге қатысты мұғалімге арналған глоссарий бар.

Нұсқаулықта сабақ жоспарлары оқулықтағы реттілігіне сәйкес ұсынылған. Мұғалімге ОӘК-пен жұмыс істеуге көмек көрсету мақсатында нұсқаулықта оқыту тіліндегі түйінді сөздер, оқулық беттеріне сілтемелер (тиісті сабақтардың беттері көрсетілген) берілді және әр сабақ үшін ресурстар тізімделді. Әр сабақтың мазмұнында мұғалімге арналған теориялық материал, визуалды дидактикалық материал, практикалық іс-әрекетке арналған әртүрлі тапсырмалар, анықтамалық материалдар, әр сабаққа арналған оқу ресурстары, рефлексия жүргізуге арналған сұрақтар бар. Сабақ мазмұнында ұсынылған түйінді сөздер академиялық тілдің бастапқы деңгейде қалыптасуына, лексика мен сөздік қорды байытуға ықпал етеді. Оқу іс-әрекетіне арналған тапсырмалар негізінен практикалық сипатқа ие және оларды жеке немесе басқа білім алушылармен бірлесіп орындауға мүмкіндік береді. Ұсынымдарда оқушылардың көркемдік іс-әрекетінің әртүрлі формалары ұсынылған: жазықтықта және көлемде бейнелеу; сәндік және сындарлы жұмыс; сәндік-қолданбалы өнер туындысын және халық шығармашылығын қабылдау; Қазақстанның және басқа да халықтардың көркем өнер мұрасын зерттеу; сыныптастарының жұмысын, ұжымдық шығармашылық жұмыс пен жеке жұмыстың нәтижелерін талқылау.

«Еңбекке баулу» оқу пәнінің мақсаттары мен міндеттері

Оқу пәнінің мақсаты – көркемдік-технологиялық, кеңістіктік-бейнелі білімнің, шығармашылық ойлаудың негіздерін қалыптастыру, тұлғаның қалыптасуы мен өзін-өзі көрсетуінің негізі ретінде рухани-адамгершілік мәдениетті дамыту.

Пәннің міндеттері:

- танымдық, коммуникативтік, ұйымдастырушылық және адамгершілік сипаттағы әртүрлі міндеттерді өз бетінше шешу тәжірибесін қалыптастыру, әртүрлі ақпаратқа бағдарлау қабілетін (табу, жинау, таңдау) дамыту;
- сыныптық, топтық және дербес жұмысты орындау барысында байқау, қиялдау, фантазия мен шығармашылық таныту қабілеттерін, қолдың сенсорикасы мен моторикасын дамыту;
- әртүрлі материалдар мен құралдарды қолдана отырып, кеңістіктік бейнелі ойлау дағдыларын қалыптастыру;
- позитивті дүниетанымды қалыптастыру және өзін-өзі бағалауды арттыру;
- ұлттық және әлемдік мәдениет туындыларымен танысу арқылы зерттеу дағдыларын дамыту;
- ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерді ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдайлар жасау.

«Еңбекке баулу» оқу пәнінің мазмұны

Оқу жүктемесінің көлемі:

3-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – **34 сағат**.

Оқу бағдарламасының мазмұны келесі материалдарды зерделеуді көздейді:

- табиғи материалдармен жұмыс;
- қағаз және қатырма қағазбен (картонмен) жұмыс;
- техникалық модельдеу және жобалау;
- өзіне-өзі қызмет көрсету.

3-сыныпқа арналған «Еңбекке баулу» оқу пәнінің базалық мазмұны:

1) «Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту» бөлімі: табиғи материалды өз бетінше жинауға, қоршаған табиғаттағы сәндік-қолданбалы өнер элементтері мен нысандарын түсіндіруге, өнерді, мәдениет пен дәстүрлерді білуге және түсінуге, қоршаған ортаны қорғауға, түрлі отандық өнер туындыларын зерделеуге, ұлттық сәндік-қолданбалы өнер элементтерін қолдана отырып, шығармашылық идеяларды іске асыруға және қайталама шикізатпен, әртүрлі ақпарат көздерімен жұмыс істеуге, жұмыс үдерісін жоспарлауға, жұмыс орнын ұйымдастыруға бағытталған.

2) «Шығармашылық жұмыстарды жасау және дайындау» бөлімі: шығармашылық жұмыс үшін табиғи, жасанды, дәстүрлі емес материалдарды жинауға, эксперименттер жүргізуге, қажетті жұмыс техникасын жетілдіруге, өз қызметін жоспарлауға, бұйымды дайындау технологиясын сақтауға, өлшеу аспаптарымен жұмыс істеуге, көлемді нысандарды жасау кезінде материалдар мен компоненттерді қарапайым және күрделі тәсілдермен біріктіруге, құрастыруға, ұлттық мәдениет элементтерімен шығармашылық жұмыстар жасауға, қауіпсіздік ережелерін сақтауға бағытталған.

3) «Презентация, талдау және бағалау» бөлімі: презентация жасауға, шығармашылық жұмыстарды көрсетуге, орындалған жұмыстардың әдістері мен тәсілдерін талдауға, әртүрлі өнер туындыларын сипаттауға, презентация арқылы коммуникативтік және сөйлеу дағдыларын

дамытуға, өз ойларын еркін жеткізе білуге, шығармашылық жұмыстарды талқылауға және бағалауға бағытталған.

Бағдарламаның мазмұны әртүрлі көркемдік-шығармашылық жұмысты қамтиды. Сабақ барысында жүзеге асырылатын шығармашылық жұмыс түрлерін мұғалім анықтайды. Сонымен қатар көркемдік және шығармашылық жұмыстың үш негізгі түрі міндетті түрде жүзеге асырылады: құрылымдау, жоспарлау және сәндеу.

Оқу мақсаттарының жүйесі

Бағдарламадағы оқу мақсаттары кодталған. Кодтағы бірінші сан сыныпты, екінші және үшінші сандар – бөлім мен бөлімшені, төртінші сан – оқу мақсатының нөмірін білдіреді. 2.2.1.1 кодындағы «2» саны – сынып, «2.1» – бөлім мен бөлімше, «1» – оқу мақсатының реттік нөмірі.

Ескерту: оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтау үшін негіз болатын оқу мақсаттары жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелер тұжырымдалған.

Оқу мақсаттарының жүйесі

1-бөлім. «Шығармашылық идеяларды зерттеу және дамыту»	
Бөлімшелер	3-сынып
1.1 Материалдың атауын, түрі мен қасиетін білу және түсіну	3.1.1.1 материал түрлерінің қолдану аясын анықтау; 3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру;
1.2 Материалдың қолданылу саласын білу және түсіну	3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдардың қолдану салаларын білу; 3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдардың қолдану салаларын ажырату; 3.1.2.3 қасиеттерінің сипатына қарай түрлі материалдардың қолдану аясын ажырату;
1.3 Шығармашылық идеяларды дамыту	3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыстың эскизін анықтауда қорытынды жасау; 3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.1.3.3 әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамыту;
1.4 Жоспарлау	3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау.

2-бөлім. «Шығармашылық жұмысты жасау және дайындау»	
Бөлімшелер	3-сынып
2.1 Шығармашылық жұмыстарды орындау материалдары мен техникалары	3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдар жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау; 3.2.1.2 ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарын жасау әдістерін талдау және таңдау; 3.2.1.3 шығармашылық жұмысты орындау техникасын жетілдіру;

2.2 Дайындау технологиясы	<p>3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделі) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, пішінін және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру);</p> <p>3.2.2.2 шығармашылық жұмысты орындау барысында ұлттық элементтерді тиімді қолдану;</p> <p>3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістерді қолдану;</p>
2.3 Қауіпсіздік техникасын сақтау	<p>3.2.3.1 материал және құралдармен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын сақтау;</p> <p>3.2.3.2 өз жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау;</p> <p>3.2.3.3 қалдық материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.</p>

3-бөлім. «Презентация, талдау және бағалау»	
Бөлімшелер	3-сынып
3.1 Презентация	3.3.1.1 өз жұмысының шығармашылық идеясы мен процестерін ұсыну;
3.2 Шығармашылық жұмыстарды талдау және бағалау	3.3.2.1 орындалған жұмысты талқылау және бағалау, шығармашылық жұмысқа түсініктеме беру және оны жетілдіру бойынша ұсыныс жасау.

Оқу үдерісін ұйымдастырудың педагогикалық тәсілдемелері

Оқытудың негізгі міндеттерінің бірі – оқушыларға үйренуді және өз бетінше әрекет етуді үйрету, олардың ынтасы мен қызығушылығын ояту, өз-өзіне сенімді, жауапты және өз қызметіне талдау жасай алатын адам ретінде қалыптастыру. Мұғалім оқу бағдарламасын жүзеге асыруда әртүрлі педагогикалық тәсілдемелерді қолдану арқылы осы қасиеттерді оқушының бойына дарытады және дамытады деп күтіледі.

Құндылыққа бағытталған тәсілдеме:

1) оқу қызметін жоспарлау және ұйымдастыру, оның нәтижелерін алу және пайдалану белгілі бір құндылықтар тұрғысынан іске асырылады;

2) құндылықты бағдарлар – бұл жеке тұлғаның өз қызметінде бағдар ретінде белгілі бір құндылықтарды (құндылықтарды бағдарлау қабілеті) таңдау қабілеті (сапасы), сондай-ақ оларды өзінің әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде түсіну және қабылдау қабілеті. Құндылықтардың мәні белгілі бір қоғамның сәтті өмір сүруі үшін қажетті нормаларды, әдеттерді, өмір салтын, мінез-құлық стилін қалыптастыру саласында көрінеді;

3) орта білім беру құндылықтары «Мәңгілік ел» ұлттық идеясына негізделген. Орта білім берудің құндылықтары: қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік; құрмет; ынтымақтастық; еңбек және шығармашылық; ашықтық; өмір бойы білім алу.

Іс-әрекеттік тәсілдеме:

1) белсенділік тәсілдемесі – бұл оқушының білімді дайын күйде емес, өз бетінше белсенді танымдық қызмет үдерісінде алуы. Яғни оқушы өз бетінше ізденіп, мәліметті интерпретациялайды, талдайды, түрлі ақпарат көздерін, графикалық мәліметтер мен басқа да үйрету ресурстарын жалпылайды және бағалайды деп көзделеді;

2) нәтижесінде оқушы өзінің білім алу қызметінің мазмұны мен түрін, оның нормалар жүйесін түсінеді және қабылдайды, оларды жетілдіруге белсенді қатысады. Бұл оқушының білімінің, дағдылары мен икемділігінің және кең ауқымды дағдыларының белсенді әрі табысты қалыптасуына ықпал етеді.

Тұлғаға бағытталған тәсілдеме:

1) тұлғаға бағдарланған тәсілдеменің мақсаты – білім алу үдерісінің дараландырылуы, білім алу үдерісіндегі оқушының тұлғалық жан-жақты дамуы мен үйлесімді қалыптасуы, оның жеке психологиялық және физиологиялық даму ерекшелігі мен әлеуетін, мінез-құлық қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық әлеуетінің толық ашылуы.

Дифференциациялық тәсілдеме:

1) түрлі білім алушылар тобына арналған оқыту үдерісін дербестендіру (мамандандыру), оқушылардың ерекшеліктерін ескеру мақсатында әртүрлі топтарға түрлі оқыту жағдайларын құруды білдіреді;

2) дифференциациялық тәсілдемеге пәнді оқытуға арналған арнайы дайындалған тәсілдер мен іс-әрекеттерді дифференциациялау әдістері арқылы әртүрлі топ оқушыларының оқыту қызметін ұйымдастыру кіреді;

3) дифференциациялық жұмысты ұйымдастырудың шарты күрделілігі бойынша ажыратылатын, танымдық қызығушылығы мен мұғалім тарапынан көмек көрсетілу сипатына байланысты дифференциацияланған тапсырмалар қолдану болып табылады.

Коммуникативтік тәсілдеме:

Оқытудағы коммуникативтік тәсілдеме – бұл екі не одан да көп адамдардың өзара қарым-қатынас жасау үдерісінде ақпараттар беруі мен хабарлауы, білімдерімен, дағдыларымен және икемділіктерімен алмасуы. Коммуникативтік тәсілдеме нәтижесі – сөйлеу арқылы қарым-қатынас жасау. Яғни қарым-қатынас орнату үдерісі барысында басқа да қатысушылармен тілдік жүйе және сөйлеу нормаларын дұрыс қолдану арқылы сөйлесу тәртібін таңдап, түрлі жағдайда өз ойын білдіру мен пікір алмасу болып табылады. Коммуникативтік тәсілдемеге сәйкес оқыту үдерісі қарым-қатынас орната алу дағдыларын, жұмыс істеу уақытын, шынайы қарым-қатынас

жағдайын (жұптық және топтық жұмыс) қалыптастыруға бағытталған тапсырмалардан құралуы тиіс.

Жобалық тәсілдеме:

1) ғылыми-зерттеу, шығармашылық және тәжірибелік сипаттағы мәселелерді шешу бойынша нәтижеге жетуге бағытталған оқушының немесе топ оқушыларының оқу-танымдық қызметтері;

2) жалпы мақсат, келісілген әдістер мен іс-әрекеттердің бірізділігі белгілі бір әдіспен безендіріліп, шешімі мен нәтижесін ашумен сипатталады.

Еңбекке баулу сабақтарында метапәндік дағдыларды жүзеге асыру (Soft skills)

Еңбекке баулу сабақтары көркемдік дағдыларды дамытуға және белгілі бір өнер әдістерін игеруге ғана емес, сонымен қатар оқушыларға адам қызметінің көптеген салаларында табысқа жету үшін маңызды болып табылатын бірқатар метадағдыларды (Soft skills) дамытудың бірегей мүмкіндігін ұсынады. Осы метадағдылардың ішінде *сыни және шығармашылық (креативті) ойлау, коммуникативтік және зерттеу дағдылары* ерекше маңызды.

Нұсқаулықта еңбекке баулу сабақтарында сыни және креативті (шығармашылық) ойлауды дамыту бойынша әдістемелік ұсыныстар берілген. Сыни ойлауды көбінесе шығармашылық ойлаумен шатастырады. Сыни ойлау және шығармашылық ойлау – бұл проблемаларды шешуге және шешім қабылдауға болатын екі түрлі, бірақ бірін-бірі толықтыратын ойлау формалары.

Сыни ойлау – ақпаратты, дәлелдерді немесе мәлімдемелерді жүйелі және логикалық талдау және бағалау үдерісі. Оған күрделі идеяларды құрамдас бөліктерге бөлу, болжамдар мен қате түсініктерді анықтау және ақпараттың сенімділігін бағалау кіреді. Сыни ойлау әдетте бар идеяны, дәлелді немесе тұжырымды бағалау немесе сынау және олардағы әлсіз тұстарды, қателіктерді немесе сәйкессіздіктерді анықтау үшін қолданылады.

Креативті (шығармашылық) ойлауға жаңа идеяларды немесе тұжырымдамаларды құру, бар идеяларды жаңа тәсілдермен біріктіру немесе проблемалардың инновациялық шешімдерін табу кіреді. Шығармашылық ойлау дивергентті ойлауды немесе мүмкін идеялардың кең спектрін құру қабілетін, сондай-ақ конвергентті ойлауды немесе одан әрі даму үшін ең перспективалы идеяларды бағалау және таңдау қабілетін қамтиды. Шығармашылық ойлау әдетте инновациялар мен оң өзгерістерге әкелуі мүмкін жаңа идеяларды, тұжырымдамаларды немесе шешімдерді жасау үшін қолданылады.

Осылайша *сыни ойлау* бар идеяларды бағалау және талдаумен, ал *креативті (шығармашылық) ойлау* жаңа идеялар мен мүмкіндіктерді құрумен байланысты. Ойлаудың екі түрі де күрделі мәселелерді шешу және негізделген шешімдер қабылдау үшін қажет.

Креативті (шығармашылық) ойлау

Еңбекке баулу сабақтарында креативті (шығармашылық) ойлауды дамыту – оқушыларға әртүрлі көркемдік құралдар арқылы өзін, идеялары мен сезімдерін қалай білдіруге болатынын үйретудің маңызды аспектісі. Төменде мұғалімдерге еңбекке баулу сабақтарында шығармашылық ойлауды дамытуға байланысты ұсыныстар берілген.

1. *Ізденістер мен эксперименттерді қолдаңыз.* Еңбекке баулу сабақтары – бұл жаңа әдістер мен құралдарды үйрену мүмкіндігі. Мұғалімдер оқушылардың не жасағысы келетіні туралы нақты білмесе де, әртүрлі материалдармен және тәсілдермен тәжірибе жасауға мүмкіндік беретін орта құруы керек. Бұл олардың өзіне деген сенімділігін арттырып, шығармашылыққа шабыттандырады.
2. *Ашық типтегі тапсырмалар беріңіз.* Мұғалімдер тек бір дұрыс жауап немесе қатаң ұсыныстар негізінде орындалатын тапсырмалардан аулақ болуы қажет. Оның орнына,

олар оқушыларға тапсырманы өз бетінше түсіндіруге және өздерінің бірегей шешімдерін табуға мүмкіндік беретін ашық типтегі тапсырмалар беруі керек.

3. *Ашық сұрақтар қойыңыз.* Мұғалімдер оқушыларды өз жұмыстарын сыни тұрғыдан қарастыруға және шығармашылық таңдаулары туралы ойлануға шақыратын ашық сұрақтар қоюы керек. Мысалы, «Сен не істедің?» деген сұрақтың орнына «Неліктен сен бұл түсті/текстураны/материалды таңдадың?» десе, бұл оқушыны ойлануға ынталандырады.
4. *Балалар арасындағы ынтымақтастық пен кері байланысты дамытыңыз.* Оқушылардың жобаларда (шығармашылық жұмыстарда) бірлесіп жұмыс істеуін ынталандыру және оларға сындарлы кері байланыс беру және алу мүмкіндігін беру. Бұл оқушыларға шығармашылық мәселелерді шешу дағдыларын дамытуға және әртүрлі көзқарастарды түсінуге көмектеседі.
5. *Жасалған бұйымға емес, үдеріске назар аударыңыз.* Мұғалімдер жасалған бұйымға ғана емес, шығармашылық үдеріске баса назар аударуы керек. Оқушыларды шығармашылық үдеріс барысында өз идеялары мен жетістіктерін тұжырымдауға шақырыңыз және түпкілікті нәтижені ғана емес, үдерісті атап өтіңіз.
6. *Оқушыларға шабыт беріп, әртүрлі өнер түрлерімен таныстырыңыз.* Мұғалімдер оқушыларды көркемдік стильдер мен құралдардың кең спектрімен таныстыруы керек, сонымен қатар оларды экскурсиялар, өнер тарихы сабақтары арқылы шабыттандырып, суретшілер мен халық қолөнершілерін (мүмкіндігінше) сабаққа шақыруы қажет.

Осы кеңестерге сүйене отырып, мұғалімдер оқушыларына шығармашылық қабілеттерін дамытуға және өнер арқылы өздерін мағыналы түрде көрсете алуына көмектеседі.

Сыни ойлау

Еңбекке баулу сабақтарында сыни ойлауды дамыту кез келген көркемдік білім беру бағдарламасының маңызды аспектісі болып табылады. Оқушыларды сыни ойлауға және өнер туындыларымен жұмыс істеуге ынталандыру оларға шығармашылық үдерісті тереңірек бағалауға және түсінуге көмектеседі. Төменде мұғалімдер еңбекке баулу сабақтарында сыни ойлау дағдыларын дамыту үшін қолдана алатын кейбір нұсқаулар, стратегиялар мен әдістер берілген.

1. *Бақылау және талдау жүргізуге ынталандырыңыз.* Оқушыларға өнер туындыларын бақылап, талдауды үйретуден бастаңыз. Олардан өнер туындысына мұқият қарап, көргендерін сипаттауды сұраңыз. Түс, текстура және композиция сияқты аспектілерді байқауға және олардың өнер туындысының жалпы әсеріне қалай ықпал ететінін қарастыруға шақырыңыз.
2. *Ашық сұрақтар қойыңыз.* Оқушыларды көргендерін сыни тұрғыдан түсінуге ынталандыру үшін ашық сұрақтарды пайдаланыңыз. Мысалы, «Бұл суретте нені көріп тұрсыз?» деген сұрақтың орнына «Суретші бұл сурет арқылы не айтқысы келді деп ойлайсыз?» деген сұрақ қойыңыз. Бұл оқушыларды көркем шығарманың мәні туралы тереңірек ойлануға ынталандырады.
3. *Ой толғау мен өзін-өзі бағалауға ынталандырыңыз.* Оқушылар өнер туындысын талдағаннан кейін олардан не көргендері туралы ойланып, өздерінің ойлау процесін бағалауды сұраңыз. Бұл олардың өзін-өзі тануын дамытуға және сыни ойлау дағдыларын жақсартуға көмектеседі.
4. *Шығармашылық пен инновацияларды қолдаңыз.* Оқушыларды шығармашылық ойлауға және шығармашылық жұмыс жасаудың әртүрлі тәсілдерін зерттеуге шақырыңыз. Оларға көркем материалдармен және техникалармен тәжірибе жасауға, сондай-ақ шығармашылық жұмыс жасаған кезде тәуекелдерді басқаруға мүмкіндік беріңіз.

5. *Өмірден алынған мысалдарды қолданыңыз.* Оқушыларға өнер мен шығармашылықтың өмірдегі маңыздылығын түсінуге көмектесу үшін өмірден алынған мысалдарды пайдаланыңыз. Мысалы, оларға өнердің жарнамада қалай қолданылатынын, оны интерьер дизайнында немесе сәулетте қалай қолдануға болатынын көрсетіңіз.
6. *Ынтымақтастық пен қарым-қатынасқа баса назар аударыңыз.* Оқушыларды бір-бірімен ынтымақтасуға және ой бөлісуге шақырыңыз. Бұл олардың сыни ойлау дағдыларын, сонымен қатар топтық жұмыс пен әлеуметтік дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Жалпы, еңбекке баулу сабақтарында сыни ойлауды дамыту бақылауға, талдауға, рефлексияға, шығармашылыққа және қарым-қатынасқа назар аударуды талап етеді. Оқушыларға өнер және қолөнер туындыларын көруге мүмкіндік бере отырып, мұғалімдер оларға ойлы әрі білімді қолөнер шеберлері және өнерді бағалаушы болу үшін қажетті дағдылар мен білімдерді қалыптастыруға көмектеседі.

Зерттеу дағдылары

Зерттеу дағдыларын дамыту бастауыш сынып оқушыларына көркемдік білім берудің маңызды аспектісі болып табылады, өйткені бұл оларға әртүрлі суретшілерді, өнердің әртүрлі салаларын, көркемдік стильдер мен әдістерді танып білуге көмектеседі. Төменде еңбекке баулу сабақтарында оқушылардың зерттеу дағдыларын дамыту бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулар берілген.

1. *Нақты мақсаттар қойыңыз.* Кез келген зерттеу жобасын бастамас бұрын оқушылар жұмыс істей алатындай нақты мақсаттар қою маңызды. Мұғалім оқушылармен мақсаттарды талқылап, олардың не істеу керектігін түсінетініне көз жеткізуі керек. Мақсаттар белгілі бір суретшіні, әртүрлі көркемдік стильдерді немесе әдістерді зерттеуді немесе өнер тарихын түсінуді қамтуы мүмкін.
2. *Ресурстармен қамтамасыз етіңіз.* Мұғалімдер оқушыларға зерттеу жүргізу үшін әртүрлі ресурстарды беруі керек. Бұл кітаптар, интернет-ресурстар, суреттер немесе өнер туындыларының үлгілері болуы мүмкін. Сонымен қатар оқушыларға ақпаратты қалай іздеу керектігін, сенімді дереккөздерді қалай анықтау керектігін және ескертпелерді қалай жазу керек екенін үйретуі тиіс.
3. *Сыни ойлауды қолдаңыз.* Зерттеу – тек ақпаратты іздеу ғана емес, оны талдау және бағалау. Мұғалімдер оқушылардың өздері тапқан ақпаратын сыни тұрғыдан қарастыруын және өздері қолданатын дереккөздерге күмәнмен қарауын қолдауы керек. Сонымен қатар оқушылардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға көмектесу үшін оларға әртүрлі суретшілерді немесе жұмыс әдістерін салыстыруды тапсыруға болады.
4. *Бірігіп жұмыс істеу мүмкіндіктерін беріңіз.* Бірлескен зерттеулер оқушыларға бір-бірінен үйренуге және әлеуметтік дағдыларды дамытуға көмектеседі. Мұғалімдер оқушылардың шағын топтарына зерттеу жобаларын тапсырып, оларды ақпаратты іздеу және бағалау үшін бірлесіп жұмыс істеуге жұмылдырады. Сондай-ақ топтық пікірталастар ұйымдастыруға болады, онда оқушылар өз нәтижелерімен бөлісіп, өз идеяларын талқылай алады.
5. *Қорытынды жоба жасаңыз.* Оқушылардың алған білімдерін бекіту үшін олар жүргізген зерттеулеріне негізделіп, қорытынды жоба жасасын. Бұл постер, презентация немесе өнер туындысы (шығармашылық жұмыс) болуы мүмкін. Қорытынды жобаны жасау арқылы оқушылар тақырыпты қалай түсінгенін көрсетіп, зерттеу дағдыларын шығармашылық тұрғыдан қолданады.

Қорытындылай келе, зерттеу дағдыларын дамыту бастауыш сынып оқушыларына көркемдік білім берудің маңызды аспектісі екенін атап өткен жөн. Нақты міндеттер қою, ресурстармен қамтамасыз ету, сыни ойлауға ынталандыру, бірлесіп жұмыс істеу мүмкіндіктерін ұсыну және қорытынды жобаны жасату арқылы мұғалімдер өз оқушыларына өмірдің барлық салаларында пайдалы болатын құнды зерттеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту бастауыш сынып оқушылары үшін өте маңызды, еңбекке баулу сабақтары мұғалімдерге оқушылардың қарым-қатынас жасау қабілеттерін жақсартуға көмектесуге үлкен мүмкіндік береді. Коммуникативтік дағдылар көптеген себептер бойынша маңызды, оның бірі – оқушыларға өзін-өзі тиімді көрсетуге, өзіне деген сенімділікті арттыруға және жағымды қарым-қатынасты дамытуға көмектеседі. Еңбек сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының қарым-қатынас дағдыларын дамыту үшін мұғалімдерге қолдануға болатын бірнеше стратегиялар ұсынылады.

1. *Талқылауға мүмкіндік беріңіз.* Еңбекке баулу сабақтарында оқушыларға өз жұмыстарын сыныптастарымен және мұғаліммен талқылауға мүмкіндік беру маңызды. Бұл оларға өз ойлары мен идеяларын тиімді жеткізе білу қабілетін дамытуға көмектеседі. Ал мұғалімдер «Бұл өнер туындысын жасауға сені не шабыттандырды?» немесе «Сенің туындың қандай ой жеткізеді деп ойлайсың?» деген ашық сұрақтар қою және оқушыларды өз ойлары мен идеяларымен бөлісуге итермелеу арқылы осыған септеседі.
2. *Оқушыларды академиялық тілді қолдануға ынталандырыңыз.* Еңбекке баулу сабақтарында өз жұмыстары туралы айтып беру үшін оқушылар академиялық тілді қолдануды үйренеді. Мұғалімдер оқушыларды өз жұмыстарындағы түстерді, пішіндерді және текстураларды сипаттау үшін академиялық тілді қолдануын қадағалайды. Бұл олардың сөздік қорын кеңейтуге және өз ойлары мен идеяларын жеткізе білу қабілетін дамытуға көмектеседі.
3. *Көрнекі құралдарды қолданыңыз.* Көрнекі құралдар оқушыларға өз идеяларын жеткізуге көмектесетін күшті құрал бола алады. Мұғалімдерге плакаттар, суреттер мен диаграммаларды пайдалануға болады. Олар оқушыларға өз ойларын түсініп, тұжырымдауға көмектесетін ұғымдар мен көрнекі көмекші құралдарды көрсету үшін қажет.
4. *Кері байланыспен қамтамасыз етіңіз.* Кері байланыс қарым-қатынастың маңызды бөлігі болып саналады. Мұғалімдер оқушыларға жасаған жұмыстары туралы сындарлы пікірлер айта алады. Бұл оларға кері байланыс алу қабілетін дамытуға және оны өз жұмысын жақсарту үшін пайдалануға көмектеседі. Мұғалімдер сұрақтар қою, бақылау және жұмысты жақсарту бойынша ұсыныстар айту арқылы кері байланыс бере алады.
5. *Топтық жобаларда бірлесіп жұмыс істеңіз.* Бірлескен жобалар оқушылардың топта бірлесіп жұмыс істеу және пікір алмасу арқылы қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға көмектеседі. Оқушылар біртұтас өнер туындысын (шығармашылық жұмыс) жасау үшін мұғалімдер оқушылардың топта жұмыс істеуін қолдап, өз идеяларымен бөлісіп, бірге жұмыс істеуі үшін мүмкіндік жасауы керек.

Айта кету керек, еңбекке баулу сабақтары мұғалімдерге бастауыш сынып оқушыларының коммуникативтік дағдыларын дамытуға тамаша мүмкіндік береді. Талқылау мүмкіндіктерін ұсыну, оқушыларды академиялық тілді қолдануға ынталандыру, көрнекі құралдарды пайдалану, топтық жұмыстарда кері байланыс пен ынтымақтастықты қамтамасыз ету арқылы мұғалімдер оқушыларға тиімді қарым-қатынас пен шығармашылық қабілетін қалыптастыруға және дамытуға көмектеседі.

Қорытындылай келе, сыни және креативті (шығармашылық) ойлау, коммуникативтік және зерттеу дағдыларын дамыту өмірдің көптеген салаларында табысқа жету үшін өте маңызды, ал еңбекке баулу сабақтары бұл дағдыларды шығармашылық тұрғыда және қызықты түрде дамытуға бірегей мүмкіндік береді. Метадағдылар деректерінің маңыздылығын атап өтіп, оқушыларға тәжірибе мен жетілдіруге мүмкіндік бере отырып, бастауыш сынып мұғалімдері өз оқушыларын өздері таңдаған кез келген салада жетістікке жетуге дайындауға көмектеседі.

«Еңбекке баулу» пәні бойынша 3-сыныпқа арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспар

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар бастауыш білім беру деңгейінің 1-4 сыныптарына арналған «Еңбекке баулу» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес әзірленді (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 шілдедегі №199 бұйрығымен бекітілген)

№ р/с	Бөлім/Ортақ тақырыптар	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары	Сағат саны	Мерзімдері	Ескертпе
1-тоқсан						
1		Үй жануарлары	3.1.1.1 материалдар түрлерінің қолданылу аясын анықтау;	1 сағ.		
			3.1.3.3 әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамыту; 3.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасын сақтау.			
2	Табиғат – менің үйім	Жабайы жануарлар	3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау; 3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау.	1 сағ.		
3		Бауырымен жорғалаушылар	3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу; 3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану саласын ажырату;	1 сағ.		

4		Жәндіктер әлемі	<p>3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістерді қолдану.</p> <p>3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру);</p> <p>3.2.3 қалдық материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау;</p> <p>3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру.</p>	1 сағ.		
5		Басқұр	<p>3.2.1.2 ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарын жасау әдістерін талдау және таңдау;</p> <p>3.1.2.3 түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай қолданылу саласын ажырату.</p>	1 сағ.		
6	<p>Менің Отаным – Қазақстан</p>	Киіз үй жасаймыз	<p>3.2.2.2 шығармашылық жұмысты орындау барысында ұлттық элементтерді тиімді қолдану;</p> <p>3.2.3.2 мүмкіндігіне қарай өз жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау.</p>	1 сағ.		
7		Киіз үйді безендіреміз	<p>3.3.1.1 өз жұмысының шығармашылық идеясы мен процестерін ұсыну;</p> <p>3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну;</p> <p>3.2.1.3 шығармашылық жұмысты орындау техникасын жетілдіру.</p>	1 сағ.		

8		Киіз үйлі ауыл	3.3.2.1 орындалған жұмысты талқылау және бағалау, шығармашылық жұмысқа түсініктеме беру және оны жетілдіру бойынша ұсыныс жасау; 3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау.	1 сағ.		
2-тоқсан						
9		Біздің кішкентай «достарымыз»	3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру; 3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу.	1 сағ.		
10		Тазалықты сақта	3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау; 3.2.3.2 мүмкіндігіне қарай өз жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау; 3.1.3.3 әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамыту.	1 сағ.		
11	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	Менің органиайзерім	3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру); 3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау.	1 сағ.		
12		Пайдалы және зиянды өнімдер	3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін	1 сағ.		

13		Оригами. Қағаздан жасалған пішіндер	келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру); 3.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын сақтау. 3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын ажырату; 3.1.2.3 қасиеттерінің сипатына қарай түрлі материалдардың қолданылу аясын ажырату; 3.2.1.3 шығармашылық жұмысты орындау техникасын жетілдіру.	1 сағ.			
14		Жіппен бейнелеу. Жіп өрнектері	3.1.1.1 материалдар түрлерінің қолданылу аясын анықтау; 3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау.	1 сағ.			
15		Декупаж. Бөтелкені безендіру	3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістерді қолдану; 3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау.	1 сағ.			
16		Шығармашылық жұмыстар көрмесі	3.3.1.1 өз жұмысының идеясы мен процесін шығармашылықпен ұсыну; 3.3.2.1 орындалған жұмысты талқылау және бағалау, шығармашылық жұмысқа түсініктеме беру және оны жетілдіру бойынша ұсыныс жасау.	1 сағ.			
Өнер әлемінде							

3-тоқсан			
17	Ертегі кейіпкерлері	<p>3.1.1.1 материалдар түрлерінің қолданылу аймақтарын анықтау;</p> <p>3.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасын сақтау;</p> <p>3.1.3.3 әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамыту.</p>	1 сағ.
18	Ұлттық ыдыс-аяқ	<p>3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау;</p> <p>3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу;</p> <p>3.1.2.3 түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай қолданылу саласын ажырату.</p>	1 сағ.
19	Атадан қалған асыл мұра	<p>3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау;</p> <p>3.2.1.2 ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарының жасалу техникаларын талдау, іріктеу.</p>	1 сағ.
20	Оюлы көрпе	<p>3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау;</p> <p>3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру).</p>	1 сағ.
21	Естелік сыйлық	<p>3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін</p>	1 сағ.

22		Біздің заманымыздың қаһармандары	келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру); 3.2.3.2 мүмкіндігіне қарай өз жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау.	1 сағ.			
23		Өз ісінің шеберлері	3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру; 3.2.3.3 қалдық материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау. 3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау, шығармашылық жұмысқа түсініктеме беру және оны жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.	1 сағ.			
24		Ұлы өнертапқыштар	3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау; 3.2.1.3 шығармашылық жұмысты орындау техникасын жетілдіру.	1 сағ.			
25	Атақты тұлғалар	Таңғажайып мүсіндер	3.2.2.2 шығармашылық жұмысты орындау барысында ұлттық элементтерді тиімді қолдану; 3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістерді қолдану.	1 сағ.			
26		Атақты теңіз саяхатшылары	3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану саласын ажырату; 3.3.1.1 өз жұмысының шығармашылық идеясы мен процестерін ұсыну.	1 сағ.			

4-тоқсан				
27	Жұмбақ қабықтар	<p>3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу;</p> <p>3.2.3.1 материал және құралдармен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын сақтау;</p> <p>3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау.</p>	1 сағ.	
28	Қызықты тәжірибелер	<p>3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау;</p> <p>3.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау, шығармашылық жұмысқа түсініктеме беру және оны жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.</p>	1 сағ.	
29	Бәрін білгім келеді	<p>Табиғи материалдар</p>	1 сағ.	
30	Ерекше гүл шоғы	<p>3.1.1.1 материалдар түрлерінің қолданылу аясын анықтау;</p> <p>3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістерді қолдану;</p> <p>3.1.2.3 түрлі материалдар қасиеттерінің сипатына қарай қолданылу саласын ажырату.</p> <p>3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну;</p> <p>3.2.3.3 қалдық материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.</p>	1 сағ.	
31	Аспалы композиция	<p>3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру;</p>	1 сағ.	

	Демалыс мәдениеті. Мерекелер		<p>3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдардың қолданылу салаларын ажырату; 3.2.3.2 мүмкіндігіне қарай өз жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау.</p>			
32	Мерекелік аспалы композиция	<p>3.1.3.3 әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамыту; 3.2.1.3 шығармашылық жұмысты орындау техникасын жетілдіру.</p>	1 сағ.			
33	Сыйлық қаптамасы	<p>3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, қию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру); 3.2.2.2 шығармашылық жұмыс жасау барысында ұлттық элементтерді тиімді қолдану; 3.2.1.2 ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарының жасалу техникаларын талдау, іріктеу.</p>	1 сағ.			
34	Мерекелік ашықхаг	<p>3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау; 3.3.1.1 өз жұмысының шығармашылық идеясы мен процестерін ұсыну.</p>	1 сағ.			

Қысқа мерзімді жоспарлар

Қысқа мерзімді жоспарлардағы шартты белгілер

С – оқушылардың сыныппен істеген жұмысы.

К – мұғалімнің көрнекі материалдарды көрсетуі.

Э – оқушы жүргізетін эксперименттік жұмыс.

Ж – оқушылардың жұптық жұмысы.

Д – оқушылардың жеке (өзіндік) жұмысы.

Т – оқушылардың топтық жұмысы.

Қ.Б. – қалыптастырушы бағалау.

1-САБАҚ

1-бөлім	Табиғат – менің үйім	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Үй жануарлары	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.1.1.1 материал түрлерінің қолданылу аясын анықтау;</p> <p>3.1.3.3 әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамыту;</p> <p>3.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасын сақтау.</p>	
Сабақтың мақсаты	<p>- оқушыларды қағаздан үйрек бейнесін жасау реттілігімен таныстыру;</p> <p>- үйрек жасау үшін қағазды бүктеу, кию, құрастыру дағдыларын дамыту;</p> <p>- жұмыс жасау барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақ кезеңдері/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	(С) Ұйымдастыру кезеңі «Қол ұстасайық, достар» интерактивті тәсілі	Оқушылар бір-біріне әртүрлі жағымды тілектер айтады.	Оқушылардың сабақтың басталуының	Сабаққа арналған дидактикалық материалдар:

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

<p>5 минут</p>	<p>Мұғалім оқушыларды қарсы алып, сабақ басталар алдында қол ұстасып, бір-біріне тілектерін білдіруді ұсынады.</p> <p>(С) Жағымды эмоциялық орта құру, бірлесіп әнгімелесу әдісі</p> <p>Тақырыпқа кіріспе: «Шатаспақ» ойыны</p> <p>Мұғалім оқушыларға шатастырылған әріптерге қарап, олардан сабақ тақырыбын құруды ұсынады.</p> <p>Тірек сөздермен жұмыс</p> <p>Орындалу реті – кез келген бұйымды\нысанды жасау іс-әрекеттерін кезең-кезеңімен орындау тәртібі. Мұғалім қарапайым мысалда сыныпқа іс-әрекеттің реттілігі не екенін көрсете алады, мысалы, адамның қадамдары (қадам арқылы кез келген жолдан өтуге болады). Дәл осылай өнімдерді жасау кезіндегі әрекеттер дәйекті болуы керек, бір қадам, содан кейін келесі және солай қайталана береді.</p>	<p>Сабақтың эмоциялық тұрғыдан жақсы басталуы оқушылардың оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді.</p> <p>Оқушылар әріптерді немесе буындарды орналастырудың мүмкін нұсқаларын талқылай отырып, сабақ тақырыбын дұрыс тұжырымдауға тырысады.</p> <p>Тірек сөзді оқушылар бұрын естіген болуы мүмкін немесе білуді мүмкін. Әртүрлі пәндер бойынша белгілі бір бұйымды немесе жұмысты орындау реті туралы да білуді мүмкін. Бұл сөздерді алғаш естіп отырған оқушыларға оның ерекшеліктерін түсіндіру керек. Сабақ басында ойландыратын сұрақтарға жауап беру кезінде оқушылар үй жануарлары, оларға күтім жасау және тамақтандыру туралы білетіндерімен бөлісе отырып, өз білімі мен өмірлік тәжірибесіне сүйенеді.</p> <p>Оқушылар тірек сөздермен жұмыс істеу барысында бір-бірімен жұпта немесе топта олар үшін жаңа материалдар атауларының мағынасын талқылай алады. Жаңа сөздермен таныс оқушылар өз білімдерімен</p>	<p>эмоциялық қоршаған кеңістігін бағалауы</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары</p> <p>Мұғалімнің мадақтау, эмоциялық тұрғыдан қолдау сөздері</p> <p>Мұғалімнің оң пікірлері, оқушылардың жауаптарын жағымды тұрғыдан түзетуі</p>	<p>таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>QR кодын сканерлеңіз. Тиісті медиафайлды таңдаңыз (презентация, үлестірме, аудиофайл).</p> <p>Тірек сөздер:</p> <ul style="list-style-type: none"> орындалу реті <p>Сынып тақтасы, түрлі көркем және қол асты материалдар мен құралдар, қағаз.</p> <p>Оқулық, 8-10-беттер.</p>
<p>(С) Мақсат қою</p> <p>Өз бетімен ойлануды дамыту әдісі</p>	<p>Мұғалім оқушыларға төмендегі сұрақтарға ойлануды және жауап беруді тапсыра отырып, сабақ тақырыбы «Үй жануарлары» деп хабарлайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Үй жануарлары туралы не білесіңдер? - Сенің үйіңде олардың қайсысы бар? - Неліктен оларды үй жануарлары деп атайды? 	<p>Мұғалімнің оң пікірлері, оқушылардың жауаптарын жағымды тұрғыдан түзетуі</p>	<p>Мұғалімнің оң пікірлері, оқушылардың жауаптарын жағымды тұрғыдан түзетуі</p>	<p>Оқулық, 8-10-беттер.</p>

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

<p>Сабақтың ортасы 35 минут</p>	<p>Қажет болса, оқушылардың жауаптарын толықтырыңыз. Сабақтың мақсаттарын сыныпқа айтыңыз және оларға қол жеткізу жолдарын көрсетіңіз.</p>	<p>бөлісіп, «Анықта» айдарына қатысты поролон мен синтепонның қайда қолданылатынын айта алады. Олар поролон жұмсақ жиһазды тығыздап толтырады, ал синтепон жылы киім астарына салынады деп айтуы тиіс.</p>	<p>Бұл сабақты «Жаратылыстану» пәнімен кіріктіріп оқыту ұсынылады. Оқушылар шығармашылық жұмысты орындар кезінде жаратылыстану сабақтарында алған білімдеріне сүйенеді.</p>
<p>(Т, Д, Ж, С) Жаңа ақпаратты зерттеу Сыни ойлау тәсілі (Т, Ж, Д, С) Кіріспе әңгіме Оқулықтағы үй жануарларының суреттерін қарастыр (Оқулық, 8-10-бб.). Олардың қайсысы саған таныс? Олар туралы не айта аласың? Оқушыларға осы жануарлардың аттарын айтуды және олардың адамға қандай пайда әкелетінін сипаттауды тапсырыңыз. Оларға қалай күтім жасау керектігін сұраңыз. Шығармашылық идеяларды дамыту (Ж, С) Бірлескен әңгіме әдісі Оқушыларды суреттердегі ойыншықтарды қарастыруға және олардың қандай материалдардан және қандай жолмен жасалғанын анықтауға шақырыңыз (Оқулық, 8-10-бб.). Жануарлардың мұндай бейнелерін жасау әдісін жақсылап анықтау үшін мұғалімге олардың кейбір қолда барларын көрсеткен жөн. Ол үшін жануарларды бейнелейтін өртүрлі колөнер бұйымдарын алдын ала дайындап, сабаққа әкеліп, жеке</p>	<p>Оқушылар оқулықтағы үй жануарларының суреттерімен танысады: құлынды биелер, иттер мен мысықтар, сиырлар мен қозылар. Оқушылар осы үй жануарлары туралы білімдерімен алмасады, оларды қай жерде кездестіргендері, оларға қалай күтім жасағандары туралы әңгімелейді. Кейбір оқушылар үйде қандай жануарлар өмір сүретіні, жануарлардың қандай әдеттері ең қызықты және қайсысы алаңдаушылық туғызатыны және т.б. туралы айта алады. Жаңа ақпаратты қабылдаудың визуалды тәсілі оқушыларға нақты өмірде қолданудың өмірлік тәжірибесімен байланыстыра отырып, жұмсақ</p>	<p>Мұғалімнің ауызша түсініктемелері сыныптағы оқушыларға қажетті қолдау түрі болуы мүмкін.</p>	<p>Эмодзи түріндегі түрлі түсті белгілер: қызыл – көңілсіз, жасыл – көңілді, сары – ойлы Дұрыс жауапты бағалау үшін жасыл карталар, қате жауапты бағалау үшін қызыл карталар, толықтыруды немесе</p>

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

	<p>бөліктердің түйсетін жерлерін, әртүрлі элементтердің бекітілетін жерлерін көрсету керек, сонымен қатар мүмкіндігінше бір ойыншықта қанша бөлік пен әртүрлі элементтер бар екеніне сынып назарын аудару керек. Оқушыларға балалардың қолдануына қаншалықты ыңғайлы және қауіпсіз екенін сезінуі үшін ойыншықты қолмен сипап көруді ұсыныңыз.</p> <p>Оқушылардан осындай бұйым жасау қиын ба деп сұраңыз, ол үшін оны әр жағынан көрсетіп, зерделеуді сұраңыз.</p> <p>Оқушыларды өздерін қызықтыратын сұрақтар қоюға ынталандырыңыз және оларға жауап беріңіз.</p> <p>(С, Д, Ж, Т) Жаңа ақпаратты зерттеу Шығармашылық ойлау тәсілі (С, Д, Ж, Т)</p> <p>Оқушыларға қағаздан үйрек бейнесін жасау реті бейнеленген оқулық иллюстрацияларын қарастыруды тапсырыңыз (Оқулық, 8-10-бб.).</p> <p>Сыныппен жұмысты орындау үшін қандай құралдар қажет екенін талқылаңыз.</p> <p>Оларды қауіпсіздік ережесін сақтауға назар аудартыңыз. Ол үшін практикалық жұмыс алдында оқушылардан қағазбен жұмыс жасау кезіндегі қайшы мен желімді қауіпсіз пайдалану ережелерін айтуды сұраңыз. Содан кейін сыныпты оқулықтағы қауіпсіздік ережелерімен танысуға шақырыңыз.</p>	<p>ойыншықтар туралы тек шолу ақпаратты алуға көмектеседі.</p> <p>Жаңа ақпаратты сипап сезу арқылы қабылдау тәсілі оларға жұмсақ ойыншық жасаудың ерекшеліктерін жақсы түсінуге көмектеседі.</p> <p>Оқушылар оқулықтағы көрнекі ақпаратпен танысады, оны жұпта немесе топта талқылайды, қағаздан үйрек жасау реттілігі туралы ойланады.</p> <p>Осыдан кейін оқушылар жұмыс істеу кезінде қайшы мен желімді қолданудың қауіпсіздік ережелерін есіне алады. Бұл ақпарат оқушылар үшін өте маңызды.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша баға беруі</p> <p>Эмодзи</p> <p>түріндегі түрлі түсті белгілермен бағалау: қызыл – көңілсіз, жасыл – көңілді, сары – ойлы.</p>	<p>түзетуді қажет ететін жауапты бағалау үшін сары карталар.</p> <p>Жұмыс үшін қажетті материалдар мен құралдар: қайшы, түрлі түсті қағаз, желім мен кара түйме.</p>
--	---	--	---	--


	<p>(С) Сергіту сәлі Жүгіруде, жүгіруде аулада (бір орында адымдау) Серуендеуде, серуендеуде шалғында (бір орында секіру) Тауықтар, үйректер (қол шапалақтау) Қаздар, марғаулар (аяқпен еденді топылдату) Күрке-тауықтар, ешкілер (отырып тұру) Және қозылар, құлындар (басты солға және оңға бұру) Бөріне үйге қайтатын уақыт келді (бір орында адымдау) Біз бөріні шақырамыз, балалар! (қол шапалақтау) Алаңқайға шығамыз (бір орында адымдау) Жаттығу жасаймыз! (аяқпен еденді топылдату)</p> <p>(Д) Практикалық жұмыс Көрнекі түрде көрсету және білімді практикада қолдану әдістері Оқушыларды үйректің бейнесін қағаздан жасауға ынталандырыңыз, оның жасалу реттілігі оқулықтағы иллюстрациялар арқылы осының алдында зерттелді. Мұғалім оқулықтағы мәтіндік сипаттамаға және көрнекі суреттерге сәйкес жұмыс жасау кезеңдерін алдын ала айтады. Практикалық жұмысты орындау кезінде қолдауды қажет ететін оқушыларға ғана көмек көрсетуге кеңес беріледі.</p>	<p>Оқушылар мәтін мен мұғалімнің көрнекі әрекеттеріне сәйкес қарапайым физикалық жаттығуларды орындайды.</p> <p>Практикалық жұмысты орындау кезінде оқушылар мұғалімнен</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары мен пікірлері</p> <p>Мұғалімнің пікірлері</p>	<p>Балалардың білімін тексеруге арналған қосымша тест сұрақтары.</p> <p>Жұмысты аяқтағаннан кейін қайшымен не істеу керек? а) оны үстелге қалдыру; б) қабына салу; с) ауызға салу.</p>
--	---	---	---	--

	<p>Саралау Саралау оқушылардың қағаздан үйрек жасау үшін материалдарды, қағаздың өлшемін өз бетінше тандауынан көрінеді.</p> <p>(С, Д) Менгерілген материалды бекіту Ортақ әңгіме әдісі Мұғалім сыныпқа сұрақтар қояды: - Бүгінгі сабақта жаңадан не білдің? - Бүгін поролон мен синтепонның қандай қасиеттері туралы білдің? - Қағаз ойыншықтың басқа ойыншықтардан айырмашылығы неде?</p> <p>Бағалау Оқушыларға өздері жасаған үйректің бейнесіне қарап, ұнаған-ұнамағанын айтуды тапсырыңыз. Ойыншық нағыз үйрекке ұқсайды ма деп сұраныз. Жұмыста ең қиын болған нәрсе туралы ойлауды тапсырыңыз.</p> <p>Қорытындылау Мұғалім сабақты оқушылар жауап бере алатын бірнеше сұрақпен қорытады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сабақта не жаңа болды? • Саған жануарларды бейнелеу ұнады ма? Неліктен? 	<p>немесе сыныптастарынан қолдау мен көмек сұрай алады.</p> <p>Сабақта алған жаңа ақпаратты бекіту кезінде оқушылар мұғалім сұрақтарына жауап беру туралы ойлануы керек. Оқушылар жауаптарды өз бетінше де, сыныптастарымен жұпта немесе топта да құрастыра алады.</p> <p>Оқушылар өз жұмыстарын қарастырады және оны жасаудың кезеңдерін еске түсіреді, оны жасаудағы жетістіктер мен қиындықтарды айтады.</p> <p>Қорытынды жауаптарды ойластырған кезде оқушылар сабақтың бүкіл барысын еске түсіруі керек.</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары</p>	<p>Қайшыны басқа адамға қалай беру керек? а) ашық күйінде; б) сабы жағымен және жабық күйінде; с) жүзін жоғары қаратып.</p>
<p>4 минут</p>	<p>Сабақтың соңы</p> <p>1 минут</p>	<p>Эмоциялық рефлексия сыныптағы оқушылардың эмоциялық интеллектісінің дамуына ықпал етеді.</p>	<p>Оқушылардың өз әрекеттерін бағалауы</p>	

2-САБАҚ

1-бөлім	Табиғат – менің үйім	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Жабайы жануарлар	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.2.1.1. әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау;</p> <p>3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау.</p> <p>- оқушыларды жабайы жануарларды бейнелеудің әртүрлі тәсілдерімен таныстыру;</p> <p>- коллаж техникасында жануардың бейнесін жасау.</p>	
Сабақтың мақсаты		

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақ кезеңдері/Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	(С) Ұйымдастыру кезеңі «Күлімсіреу» интерактивті тәсілі Мұғалім оқушыларды күлімсіреп қарсы алады және оларға бір-біріне күлімсіреуді ұсынады.	Оқушылар бір-біріне әртүрлі жағымды тілектер айтады. Сабақтың эмоциялық тұрғыдан жақсы басталуы оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді.	Сабақтың басында оқушылардың эмоциялық қоршаған кеңістікті бағалауы	Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.
5 минут	(С) Жағымды эмоциялық орта құру, бірлесіп әңгімелесу әдісі Тақырыпқа кіріспе: «Ойлан тап» ойыны Мұғалім оқушыларға жабайы жануарлардың суреттеріне қарап, сабақ тақырыбын табуды ұсынады. (С) Мақсат қою Өз бетімен ойлануды дамыту әдісі	Оқушылар сабақ тақырыбын тұжырымдаудың мүмкін нұсқаларын талқылай отырып, суреттерге қарап ой жүгіртеді.	Мұғалімнің бақылаулары Мұғалімнің мадақтауы, эмоциялық тұрғыдан қолдау сөздері	 QR кодын сканерлеңіз.

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

	<p>Мұғалім оқушыларға төмендегі сұрақтар туралы ойлануды және оларға жауап беруді тапсыра отырып, сабақ тақырыбы «Жабайы жануарлар» екінің хабарлайды.</p> <p>- Суреттегі жануарлар туралы не білесің? - Біздің елде тағы қандай жабайы жануарлар тіршілік етеді? Қажет болса, оқушылардың жауаптарын толықтырыңыз.</p> <p>Сабақтың мақсаттарын сыныпқа айтыңыз және оларға қол жеткізу жолдарын көрсетіңіз.</p> <p>Тірек сөздермен жұмыс Орындау әдістері – бұйым немесе кескін жасау үшін түрлі әрекеттерді орындау. Коллаж – әртүрлі материалдарды пайдалана отырып, қағаз парағында немесе басқа тегіс бетке кескін жасау.</p>	<p>Тірек сөздер туралы ақпаратпен оқушылар бұрыннан таныс болуы мүмкін. Оларды алғаш естіп отырған оқушыларға мұғалім сабақ барысында сол сөздердің мағынасымен танысатынын айтады.</p>	<p>Мұғалімнің оң пікірлері, оқушылардың жауаптарын жағымды тұрғыдан түзетуі</p>	<p>Тиісті медиафайлды таңдаңыз (презентация, үлестірме, аудио файл).</p> <p>Тірек сөздер:</p> <ul style="list-style-type: none"> • орындау • әдістері; • коллаж. <p>Сынып тақтасы, түрлі көркем және қолда бар материалдар мен құралдар</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>35 минут</p>	<p>(Ж, Д, Т, С) Жаңа ақпаратты зерттеу Сыни ойлау тәсілі (Ж, Д, Т, С) Кіріспе әңгіме Оқулықтағы жабайы жануарлардың суреттерін қарастыр (Оқулық, 11-б.). Олардың қайсысын білесің? Олар туралы не айта аласың? Оларды атап көріндер.</p> <p>Оқушылардан дербес, жұпта немесе шағын құрамдағы топтарда осы жануарлардың аттарын атауды және олардың қайсысы біздің елде мекендейтінін айтуды сұраңыз.</p> <p>(К) Оқулықпен жұмыс. Көрнекі-иллюстрациялық әдіс</p>	<p>Оқушылар оқулықтағы жабайы жануарлардың суреттерімен танысады: Пржевальский жылқысы, кокиказ, барыс, марал.</p> <p>Оқушылар осы жануарлар туралы білімдерімен алмасады, оларды қай жерде кездестіргендері, олардың суреттері немесе олар туралы кез келген ақпарат туралы әңгімелейді. Кейбір оқушылар олардың мінез-құлқтарын,</p>	<p>Мұғалімнің ауызша түсініктемелері сыныптағы оқушыларға қажетті қолдау түрі болуы мүмкін.</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары</p>	<p>Бұл сабақты «Жаратылыстану» пәнімен кіріктіріп оқыту ұсынылады.</p> <p>Оқушылар шығармашылық жұмысты орындар кезінде жаратылыстану сабақтарында алған білімдеріне сүйенеді.</p>

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

<p>Оқушыларға жануарлар әлемінің әртүрлі өкілдері бейнеленген оқулықтағы суреттерге мұқият қарауды тапсырыңыз (Оқулық, 12-б.). Оқушылар олардың қандай материалдардан және қандай тәсілдермен жасалғанын анықтауы керек.</p> <p>«Сикырлы дорба» ойыны</p> <p>Оқушыларға жаңа ақпаратты жақсырақ қабылдауы және шығармашылық идеяларды дамытуы үшін әртүрлі материалдардың үлгілерін ұсыныңыз: картон қиықтары, түрлі түсті қағаз, мата мен киіз бөліктері, жіп, шағын өлшемді пластик қақпақтар. Бұл үлгілерді іші көрінбейтін дорбадан шығарып, оқушыларға оқулық иллюстрацияларында бейнеленген жұмыстарды жасау кезінде материалдың бұл түрі қолданылған-қолданылмағанын салыстыруды тапсыра аласыз.</p> <p>Сондай-ақ осындай үлгілерді көп етіп алдын ала дайындап, оларды оқушыларға тапсырманы бастамас бұрын мұқият оқып, суреттермен салыстыру үшін бере аласыз.</p> <p>(С) Сергіту сәті</p> <p>Дене шынықтыру әдісі «Орманда көңілді»</p> <p>Қояндар таңертең ерте тұрды (бір орында адымдау) Орманда көңілді ойнады. Жолдарда секірді-секірді! (бір орында секіру)</p>	<p>ерекшеліктері туралы айта алады.</p> <p>Сондай-ақ оқушылар хайуанаттар бағында қандай жануарлар өмір сүретінін, олардың түсі, мінез-құлқы және т.б. туралы еске түсіріп, айта алады.</p> <p>Оқушылар оқулықтың осы сабағында суреттері берілген қолөнер бұйымдарын жасау үшін қандай материалдар қолданылғанын түсінуі керек.</p> <p>Бұл ақпаратты талдау оларға алған білімдері мен тәжірибелерін тиімді қолдана отырып, сабақта практикалық жұмыстарды орындауға көмектеседі.</p> <p>Оқушылар мәтін мен мұғалімнің көрнекі әрекеттеріне сәйкес қарапайым физикалық жаттығуларды орындайды.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша оң пікірлер айтып, қолдауы</p> <p>Мұғалімнің ауызша баға беруі</p> <p>Эмодзи түріндегі түрлі түсті белгілермен бағалау: қызыл – көңілсіз, жасыл – көңілді, сары – ойлы.</p>	<p>Эмодзи түріндегі түрлі-түсті белгілер – қызыл көңілсіз, жасыл – көңілді, сары – ойлы</p> <p>Қажет материалдар: картон қиықтары, түрлі түсті қағаз, мата мен киіз бөліктері, жіп, шағын өлшемді пластик қақпақтар. Барлық осы материалдарды іші көрінбейтін дорбаға салған жөн.</p> <p>Картоннан жасалған көлемді пішіндер https://ru.pinterest.co/m/pin/252060910380526529/</p>
--	---	--	---

	<p>Кім шынығуға дағдыланбаған? Міне, түлкі орманмен келе жатыр (түлкінің кимылына еліктеу) Кім секіріп жатыр, қызық? (иығын көтеру) Сұраққа жауап беру үшін (басты оңға, солға бұру) Түлкі тұмсығын сұғады (қолды белге қою) Бірақ қояндар тез шабуға (бір орында секіру) Қалай басқаша болуы мүмкін? (кеуде алдында қолды жүлкі) Жаттығулар көмектеседі! Ал қояндар қашып кетеді (бір орында жүгіру) Міне, аш түлкі (басын көтеру, жоғары қарау) Аспанға мұңды көзбен қарайды (тарғылу – қолдар жоғары) Қатты күрсінеді (терең тыныс алу және дем шығару) Отырады, демалады (жүресінен отыру).</p> <p>3-кезең. Шығармашылық идеяларды дамыту (Ж, С) Бірлескен әңгіме әдісі Оқушыларға оқулықтағы аппликация мен коллаж суреттеріне қарап, олардың айырмашылығы неде екенін түсіндіруді тапсырыңыз (Оқулық, 12-бет). Айырмашылықты жақсырақ түсіну үшін мұғалімге мектеп мұрағатынан балалардың шығармашылық аппликациялық жұмыстары мен коллаждарын алдын ала дайындау ұсынылады. Коллаждар мен</p>	<p>Оқушылар рубликаның жаңа көрнекі ақпаратын өз бетінше зерттей алады және осы мәселе бойынша өз идеяларын айта алады. Жаңа ақпаратты қабылдаудың визуалды тәсілі оларға жұптарда немесе сыныппен бірге алынған</p>	<p>Мұғалімнің пікірлері</p> <p>Мұғалімнің пікірлері</p>	<p>https://ru.pinterest.com/pin/694117361306305442/</p> <p>https://ru.pinterest.com/pin/771241504961294055/</p>
--	---	---	---	---

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

<p>апликацияларды (немесе олардың суреттерін) көрсетіңіз және оқушылардан қолданылатын материалдардың, оларды фонға бекіту түрлері және т.б. айырмашылығы неде екенін сұраңыз.</p> <p>(С, Ж, Т) Жаңа ақпаратты зерттеу Шығармашылық ойлау тәсілі (С, Ж, Т)</p> <p>Оқушыларға коллаж техникасында құстың бейнесін жасаудың дәйекті реті бейнеленген оқулық иллюстрацияларын зерделеуді ұсыныңыз (Оқулық, 13-б.).</p> <p>Мұғалім оқулықта коллаж жасаудың жекелеген кезеңдеріне назар аудартады және жұмыстың басында материалдың құстың жеке бөліктеріне, содан кейін құстың көзіне және ол отырған бұтақ сияқты ұсақ элементтерге неге бекітілгенін түсіндіреді.</p> <p>Сыныппен жұмысты орындау үшін қандай құралдар қажет екенін талқылаңыз.</p> <p>Оларды қауіпсіз қолдану мен сақтауға назар аудартыңыз. Мұны істеу үшін оқушыларға практикалық жұмыс алдында қайшыны, желімді қауіпсіз пайдалану, сусымалы материалдарды сақтау және қолдану ережелерін айтуды тапсырыңыз.</p> <p>(Д) Практикалық жұмыс</p> <p>Көрнекі түрде көрсету және білімді практикада қолдану әдістері</p> <p>Оқушыларға «Көңілді піл» коллажын орындауды тапсырыңыз. Ол үшін алдымен оқулықтағы иллюстрацияларды қарап</p>	<p>ақпаратты нақты өмірде қолданудың өмірлік тәжірибесімен байланыстыра отырып талқылауға көмектеседі.</p> <p>Олар аппликация мен коллаж жасау әдісімен бұрыннан таныс және бұрын осы әдістермен жұмыс істеген болуы мүмкін.</p> <p>Оқушылар оқулықтағы көрнекі ақпаратпен танысады, құсты коллаж техникасында жасаудың реттілігі туралы ойлана отырып, оны жұпта немесе топта талқылайды.</p> <p>Осыдан кейін оқушылар қайшы және желімді қауіпсіз пайдалану ережелерін, сондай-ақ ұсақ және сусымалы материалдарды, кептірілген жидектерді, тұқымдарды және жармаларды пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін естеріне алады. Бұл ақпарат оқушылар үшін өте маңызды.</p> <p>Практикалық жұмысты орындау кезінде оқушылар мұғалімнен</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары мен пікірлері</p> <p>Түрлі түсті карталар</p>	<p>Оқушылардың жұмыстары</p> <p>Дұрыс жауапты бағалау үшін жасыл карталар, қате жауапты бағалау үшін қызыл карталар, толықтыруды немесе түзетуді қажет ететін жауапты бағалау үшін сары карталар.</p>
--	---	---	---


	<p>шығуды және талқылауды сұраңыз (Оқулық, 13-бет).</p> <p>Мұғалім оқулықтағы мәтіндік сипаттамаға және көрнекі суреттерге сәйкес коллаж жасау кезеңдерін алдын ала айтады және көрнекі түрде көрсетеді. Ол үшін мұғалімге сабақ алдында үлкен өлшемді коллаж жасауға қажет барлық нәрселер мен фонды және бүкіл жұмыс барысын оқушыларға көрсету үшін алдын ала дайындау ұсынылады.</p> <p>Практикалық жұмыстың басында мұғалімге жұмыс кеңістігінің ұйымдастырылуын бақылау ұсынылады, сонымен қатар оқушыларға желім, қайшы және коллажға арналған әртүрлі материалдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау туралы ескерту қажет.</p> <p>Оларға қайшыны ұстайтын сабы жағымен беру керек екенін еске салыңыз, қайшының ішкі жүзі өткір, оның ұштары да өте өткір әрі үшкір болатынын, оқушы өзін және сыныптастарын жарақаттамау үшін оларды сермемей, өте мұқият ұстау керектігін ескертіңіз.</p> <p>Практикалық жұмысты орындау кезінде мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға ғана қолдау көрсеткені жөн.</p> <p>Саралау Бұл тапсырмадағы саралау оқушылардың коллаж жасау үшін материалдарды өз</p>	<p>немесе сыныптастарынан қолдау мен көмек сұрай алады.</p> <p>Мұғалімнің жаңа ақпаратты көрнекі түрде көрсетуі кезінде оқушылар онымен мұқият танысып, қажет болған жағдайда оларды қызықтыратын сұрақтарды қоюы қажет.</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары</p> <p>Мұғалімнің ауызша бағасы</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары</p>	<p>Балалардың білімін тексеруге арналған қосымша тест сұрақтары</p> <p>Коллаж дегеніміз не? <i>a) табиғи материалдардан жануарлардың бейнесін жасау;</i> <i>b) әртүрлі материалдарды негізге жабыстыру арқылы кескін жасау техникасы;</i> <i>c) біртекті материалдардан кескін жасау техникасы.</i></p> <p>Коллаж бен аппликацияның айырмашылығы неде? <i>a) коллажда біртекті материалдар қолданылады;</i> <i>b) коллажда кескін әртүрлі</i></p>
--	--	--	---	---

<p>4 минут</p>	<p>калауымен тандауынан көрінеді. Сондай-ақ саралау тәсілі ретінде сіз кейбір оқушыларға коллажды өз бетінше төменде берілген сілтеме бойынша кадам-кадамымен көрсетілген бейнежазбаны қарау арқылы жасауды ұсына аласыз.</p> <p>Бағалау</p> <p>Оқушыларға жұмыстарымен алмасып, баға беруді ұсыныңыз. Мұны қарама-қарсы отырған сыныптаспен жұпта орындаған дұрыс. Мұғалім бағалау критерийлерін дауыстап айтады және жақсы визуалды қабылдау үшін тақтаға жазып қоя алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қандай жануар екенін түсінуге болады; - кейіпкердің көңіл күйі жеткізілген; - жұмыс ұқыпты орындалған. <p>Қорытындылау</p> <p>Мұғалімге сабақты оқушылар жауап бере алатын бірнеше сұрақтармен қорытындылау ұсынылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Коллаж техникасы саған несімен ұнады? • Бұл техникада жұмыс орындау ұнады ма? 	<p>Оқушылар өз жұмыстарын қарастырады және оны жасаудың кезеңдерін еске түсіреді, оны жасаудағы жетістіктері мен қиындықтарын айтады.</p> <p>Қорытынды жауаптарды ойлестырған кезде оқушылар бүкіл сабақтың барысын еске түсіруі керек.</p>		<p>материалдардан жасалады; с) аппликацияда әртүрлі материалдар қолданылады.</p> <p>Коллажды қалай жасауға болады? а) әртүрлі материалдардың бөліктерін желімдеу арқылы; b) қағаздан біркелкі пішіндерді кесу арқылы; с) бояулар мен щеткаларды араластыру арқылы.</p>
<p>Сабақтың соңы</p> <p>1 минут</p>	<p>(Д) Эмоциялық рефлексия</p> <p>Мұғалім эмоциялық рефлексия жасайды. Егер оқушыларға сабақ ұнаса, олар 3 рет қол шапалақтайды. Шапалақ саны неғұрлым аз болса, соғұрлым сабақ қиындық тудырды дегенді білдіреді.</p>	<p>Эмоциялық рефлексия сыныптағы оқушылардың эмоциялық интеллектісінің дамуына ықпал етеді.</p>	<p>Оқушылардың өз әрекеттерін бағалауы</p>	

3-САБАҚ

1-бөлім	Табиғат – менің үйім	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Бауырымен жорғалаушылар	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу;</p> <p>3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану саласын ажырату;</p> <p>3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістерді қолдану.</p>	
Сабақтың мақсаты	<p>- оқушыларды бауырымен жорғалаушылардың терісінің беткі қабатының ерекшеліктерімен таныстыру;</p> <p>- бауырымен жорғалаушылардың терісінің ерекшеліктерін мөр басу техникасында бейнелеуге үйрету.</p>	


САБАҚ БАРЫСЫ

Сабак кезеңдері/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<p>(С) Ұйымдастыру кезеңі</p> <p>«Құбылғы» интерактивті ойыны</p> <p>Мұғалім оқушыларды қарсы алады және «Құбылғы» деп аталатын шағын ойын өткізуді ұсынады, «құбылғы – терісінің түсін өзін қоршаған кеңістіктің түсіне сәйкес өзгерте алатын жануар» деп түсіндіреді. Біз кеңістіктің түсін қайталамаймыз, бірақ бір-біріміздің жақсы көңіл күйімізді қайталауға тырысамыз. Ол үшін жұмыс орындарына отырып, бұрылып, бір-біріне қарандар. Жұпттың бірі күлімсрейді, ал екінші сыныптасы оны қайталайды, онымен бірге жақсы көңіл күйді де қайталайды.</p>	<p>Оқушылар бір-біріне әртүрлі жағымды тілектер тілейді.</p> <p>Сабақтың эмоциялық тұрғыдан жақсы басталуы оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді.</p> <p>Оқушылар сабақ тақырыбын тұжырымдаудың мүмкін нұсқаларын талқылай отырып, суреттерге ой жүгіртеді.</p>	<p>Сабақтың басында оқушылардың эмоциялық қоршаған кеңістікті бағалауы</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары</p> <p>Мұғалімнің мадақтау, эмоциялық тұрғыдан қолдау сөздері</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>QR кодын сканерлеңіз.</p>

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ға тиесілі

	<p>Осылайша біздің сыныпта барлығының көңіл күйі жақсы болады!</p> <p>(С) Мақсат қою Өз бетінше ойлауды дамыту тәсілі, оқулықпен жұмыс Мұғалім оқушыларға оқулықтағы бауырымен жорғалаушылардың суреттерін қарастыруды, сәйкес мәтінмен танысуды және төмендегі сұрақтар теңірегінде ойлануды тапсыра отырып, сабақ тақырыбы «Бауырымен жорғалаушылар» деп жариялайды. - Бұл жануарлар туралы не білесің? - Олардың ерекшелігі неде? - Оларды бұрын бір жерден көрдің бе? Қажет болса, оқушылардың жауаптарын толықтырыңыз. Сабақтың мақсаттарын сыныпқа айтыңыз және оларға қол жеткізу жолдарын көрсетіңіз.</p> <p>Тірек сөздермен жұмыс Мөр басу – әртүрлі заттарды пайдаланып, түрлі түсті қабат жасау үшін әртүрлі беттерді имитациялайтын кескіндерді жасау әдісі. Бауырымен жорғалаушылар – қолтырауын, тасбақа, жылан, құбылғы секілді бауырымен жорғалайтын жануарлар.</p>		<p>Мұғалімнің оң пікірлері, оқушылардың жауаптарын жағымды тұрғыдан түзетуі</p>	<p>Тиісті медиафайлды таңдаңыз (презентация, үлестірме, аудио файл).</p> <p>Тірек сөздер:</p> <ul style="list-style-type: none"> • мөр басу; • бауырымен жорғалаушылар. <p>Сынып тақтасы, түрлі көркем және қолда бар материалдар мен құралдар</p> <p>Оқулық, 14-17-беттер.</p>
<p>Сабақтың оргасы</p>	<p>(С, Д, Ж, Т) Жаңа ақпаратты зерттеу Сыни ойлау тәсілі (С, Д, Ж, Т) Кіріспе әңгіме</p>	<p>Тірек сөздер туралы ақпаратпен оқушылар бұрыннан таныс болуы мүмкін. Алғаш естіп отырған оқушыларға мұғалім олардың мағынасымен сабақ барысында танысатынын айтады.</p> <p>Оқушылар оқулықтағы бауырымен</p>	<p>Мұғалімнің ауызша түсініктемелері</p>	

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

<p>35 минут</p>	<p>Оқулықтағы жануарлардың суреттерін қарастыр. Олардың қайсысын білесің? Олар туралы не айта аласың? Оларды атап беріңдер (Оқулық, 14-б.).</p> <p>Оқушылардан дербес, жұпта немесе шағын құрамдағы топтарда осы жануарлардың аттарын атауды және олардың қайсысы біздің елде мекендейтінін айтуды сұраңыз.</p>	<p>жорғалаушылардың суреттерімен танысады: қолтырауын, құбылғы, жылан, тасбақа.</p> <p>Оқушылар бұрын оларды қай жерде кездестіргенін айта алады, олар туралы білімдерімен бірлескен әңгімеде бөліседі. Кейбір оқушылар олардың қылықтары, ерекшеліктері туралы айта алады.</p> <p>Сондай-ақ оқушылар хайуанаттар бағында қандай бауырымен жорғалаушылар тұратынын, олардың терісі, мінезі, қандай қылықтары бар екенін еске түсіріп, айта алады.</p>	<p>сыныптағы оқушыларға қажетті қолдау түрі болуы мүмкін.</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары</p> <p>Мұғалімнің ауызша оң пікірлер айтып, қолдауы</p>	<p>Жануарлар әлемі: бауырымен жорғалаушылар</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=rtNXbi15-gM</p> 
<p>Бірлескен әңгіме әдісі (<i>қосымша - «Салыстыр» ойын әдісі</i>)</p> <p>Мұғалім оқушыларға бауырымен жорғалаушылардың суреттерімен бірге берілген айдар мәтінін оқуды ұсынады. Осыдан кейін мұғалім сыныпқа «Салыстыр» ойыны түрінде қосымша ақпарат ұсына алады. Мұны істеу үшін өткен сабақтарда оқыған жануарлардың суреттерін көрсете аласыз: үй жануарлары мен жабайы жануарлар. Осыдан кейін олардың түсінің, дене құрылымының, көзінің және т.б. айырмашылығын анықтауды сұраңыз. Осылайша оқушыларды жануарлар әлемінің әртүрлі өкілдерін зерттеуге қызықтыруға болады.</p> <p>(К) Көрнекі-иллюстрациялық әдіс</p> <p>Оқушыларды бауырымен жорғалаушылардың тері құрылымының бірнеше түрі бейнеленген суреттерді мұқият қарауға шақырыңыз (Оқулық, 15-б.). Олардан осы суреттерде қандай түстер мен пішіндерді көруге болатынын</p>	<p>Оқушылар оқулықтағы суреттерден, бауырымен жорғалаушылардың терісінің суреттерінен көруге болатын түс комбинациялары мен</p>	<p>Мұғалімнің ауызша баға беруі</p> <p>Эмодзи түріндегі түрлі-түсті белгілермен бағалау: қызыл – көңілсіз, жасыл – көңілді, сары – ойлы.</p>	<p>Эмодзи түріндегі түрлі-түсті белгілермен бағалау: қызыл – көңілсіз, жасыл – көңілді, сары – ойлы.</p>	

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

	<p>сұраңыз. Бұрын осындай пішіндер мен түстердің ұқсас үлгілерін қайдан кездестіргені жайлы айтқызыңыз. Мысалдар келтіруді тапсырыңыз. Бұл айдар альбомдардағы бауырымен жорғалаушылардың тері үлгілерінің жылдам нобайларын орындауды қамтиды, оны тек кейбір жақсы дайындық деңгейі бар оқушыларға және жеткілікті уақыт болған жағдайда беру ұсынылады.</p> <p>Эксперимент жүргізу</p> <p>Оқушыларға көпіршікті үлдір сияқты қолда бар материалдың ерекшеліктерін зерттеуді ұсыныңыз. Олардың үлдірді қолдарына алып, оның бетінің ерекшеліктерін түсінуіне мүмкіндік беру үшін алдын ала кішкене бөліктерін дайындап қою керек.</p> <p>(С) Сергіту сәлі</p> <p>Көзге арналған жаттығу</p> <p>Бұл сабақта оқушылар оқу әрекеті барысында оқулықта берілген көлемі үлкен көрнекі ақпаратпен жұмыс істейтіндіктен, осы кезеңде көзге арналған жаттығу жасау ұсынылады. Оқушыларды тұрғызып, көздерін жоғарыға, төменге, солға және оңға қозғалтуды тапсырыңыз. Осы жаттығуды бірнеше рет жасатуға болады.</p> <p>(Ж, С) Жана ақпаратпен жұмыс</p> <p>Көрнекі-иллюстрациялық әдіс</p>	<p>қызықты пішіндер туралы ойлана алады. Кейбіреулер бұл туралы өз идеяларын дауыстап айта алады. Мұғалімнің сұрақтарына жауап беру кезінде оқушылар шынайы өмірден мысалдар келтіре алады.</p> <p>Оқушылар мұғалім ұсынған қолда бар материалдың – көпіршікті үлдірдің ерекшеліктерін түсінуі керек, себебі бұл ақпаратты талдау оларға алған білімдері мен тәжірибелерін тиімді қолдана отырып, сабақта практикалық жұмысты орындауға көмектеседі.</p> <p>Оқушылар мұғалімнің нұсқауына сәйкес қарапайым көз қимылдарын жасайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары мен пікірлері</p>	<p>Графикалық нобайларды орындауға арналған альбом, графикалық көркемөнер материалдары – қарындаштар, борлар, маркерлер, түрлі түсті қаламдар.</p> <p>Көпіршікті үлдірдің бөліктері</p>
--	--	--	---	---

	<p>Жаңа мөр басу техникасымен танысу үшін мұғалімге көпіршікті үлдірді пайдаланып, қағазда кескін жасау барысын нақты көрсету ұсынылады. Ол үшін таңдалған түсті бояуды осындай үлдірдің кішкене бөлігіне жағып, боялған жағымен қағаздың таңдалған жеріне мөр басу керек, қажет болған жағдайда мөр басуды басқа түстермен қайталауға болады. Оқушылардың жаңа ақпаратты жақсы қабылдауы үшін мұғалімге өз әрекеттерін дауыстап айтуға кеңес беріледі.</p> <p>Зерттеу әдісі</p> <p>Кескін жасаудың жаңа техникасын көрнекі түрде көрсеткеннен кейін мұғалім оқушыларға нақтылау сұрақтарын қоя алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Алдымен не істеу керек? • Қандай материалдар мен құралдар қолданылды? • Менің қандай әрекеттерім саған өте қиын болып көрінді? Неліктен? <p>Оқушыларды оқулықтағы мөр басу техникасында кескін жасау процесінің иллюстрацияларымен танысуға шақырыңыз.</p> <p>Бояулармен, қылқаламдармен, қағаздармен жұмыс жасауда көркемөнер материалдары мен құралдарын қалай қауіпсіз қолдану керектігіне оқушылардың назарын аударыңыз. Ол</p>	<p>Мұғалімнің жаңа ақпаратты көрнекі түрде көрсетуі кезінде оқушылар онымен мұқият танысып, қажет болған жағдайда оларды қызықтыратын сұрақтарды қоюы қажет. Оқушылар айдардың жаңа көрнекі ақпаратын өз бетінше зерттей алады және осы мәселе бойынша өз идеяларын айта алады. Жаңа ақпаратты қабылдаудың визуалды тәсілі оларға жұптарда немесе сыныппен бірге алынған ақпаратты нақты өмірде қолданудың өмірлік тәжірибесімен байланыстыра отырып талқылауға көмектеседі. Олар мөр басу техникасында кез келген кескіндерді жасау процесімен бұрыннан таныс болуы мүмкін және бұрын алған әсерлері мен тәжірибелерімен бөлісе алады.</p>	<p>Мұғалімнің пікірлері</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары</p>	<p>Көпіршікті үлдірдің бөліктері. Бояулар, қылқаламдар, палитралар, сүзгілер, құюға арналған ыдыстар, майлықтар.</p> <p>Қағаз, бояулар, қылқаламдар, сүзгілер, құюға арналған ыдыстар, майлықтар, көпіршікті үлдір</p>
--	---	---	---	--


<p>үшін оқушыларға қауіпсіздік ережелерін дауыстап айтуды тапсырыңыз.</p> <p>(Д) Практикалық жұмыс Көрнекі түрде көрсету және білімді практикада қолдану әдістері Оқушыларға жыланның немесе қолтырауынның суретін жасауды ұсыныңыз, онда көпіршікті үлдірдің көмегімен бауырымен жорғалаушылар терісінң беткі құрылымының ерекшеліктерін беруге болады (Оқулық, 16-бет). Практикалық жұмыстың басында жұмыс кеңістігінң ұйымдастырылуын және практикалық тапсырманың қауіпсіз орындалуын бақылаңыз. Олар жұмыс істейтін қағаздың өткір жиектері бар екенін, онымен мұқият жұмыс жасау керектігін, қылқаламдардың ұшы өткір екенін, жұмыс кезінде оларды сермеуге болмайтынын, бояулар киімге дақ түсіретінін, сондықтан оларды өте мұқият пайдалану керек екенін естеріне салыңыз. Практикалық жұмысты орындау барысында мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға ғана қолдау көрсеткен жөн.</p> <p>Саралау Бұл тапсырмадағы саралау бояу түсін өз қалауымен таңдау және кескінді қағазға</p>	<p>Оқушылар көпіршікті үлдірдің көмегімен бауырымен жорғалаушылар қатарына жағатын жылан немесе қолтырауын суреттерін жасайды. Практикалық жұмыстың бұл түрі оқушылардың қиялын, зерттеу дағдыларын және шығармашылық ойлауын дамытуға көмектеседі. Практикалық жұмысты орындау кезінде оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан көмек сұрай алады.</p>	<p>Мұғалімнің пікірлері</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары Түрлі түсті қарталар</p> <p>Мұғалімнің ауызша бағасы</p>	<p>Дұрыс жауапты бағалау үшін қате жауапты бағалау үшін қызыл қарталар, толықтыруды немесе түзетуді қажет ететін жауапты бағалау үшін сары қарталар.</p>
---	--	---	--

<p>4 минут</p>	<p>көпіршікті үлдір арқылы түрлі түсті қабаг етіп түсіруден көрінеді.</p> <p>Бағалау Оқушыларға бауырымен жорғалаушылардың терісінің құрылымын және жұмыста қанша түс колданылғанын ойлау арқылы өз жұмысын бағалау ұсынылады.</p> <p>Қорытындылау Мұғалімге сабақты оқушылар жауап бере алатын бірнеше сұрақтармен қорытындылау ұсынылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Саған көпіршікті үлдірмен жұмыс істеу ұнады ма? • Мөр басу техникасында кескін жасау кезінде сыныптастарыңа қандай кеңес бере аласың? 	<p>Оқушылар өз жұмыстарын қарастырады және оны жасаудың кезеңдерін еске түсіреді, оны жасаудағы жетістіктер мен қиындықтарды айтады.</p> <p>Қорытынды жауаптар туралы ойлана отырып, оқушылар кескін жасаудың бүкіл процесін талдауы керек, сәтті сәттерді атап өтуі керек, жұмыста қиындықтар туғызған нәрсені мұғалімнен нақтылауды ұмытпауы керек.</p>		
<p>Сабақтың соңы</p> <p>1 минут</p>	<p>(Ж) Аналитикалық рефлексия Мұғалім оқушылармен аналитикалық рефлексия жүргізеді. Ол үшін оқушылар үлкен жасыл шеңбер түріндегі мұғалім алдын ала дайындаған фонға сабақтағы өз іс-әрекетін талдауға сәйкес таңдаған суретті бекітеді:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жасыл бақа суреті – бәрі сабақта сәтті болса; • Қызыл жылан суреті – сұрақтар қалса. <p>Мұғалім оқушылардың сұрақтарының түрлерін нақтылай алады және мүмкіндігінше оларға жауап бере алады.</p>	<p>Аналитикалық рефлексия оқушылардың аналитикалық дағдыларын дамытуға ықпал етеді</p>	<p>Оқушылардың өз әрекеттерін бағалауы</p>	

4-САБАҚ

1-бөлім	Табиғат – менің үйім
Мұғалімнің аты-жөні	
Күні	
Сынып: 3	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Жәндіктер әлемі
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, кию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру); 3.2.3.3 қалдық материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау; 3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру.
Сабақтың мақсаты	- оқушыларды жәндіктердің бейнесін жасауға болатын әртүрлі материалдармен таныстыру; - қауіпсіздік ережесін ұстана отырып, таңдалған материалдардан жәндіктер жасауға үйрету.

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақ кезеңдері/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	(С) Ұйымдастыру кезеңі «Құбылғы» интерактивті ойын Мұғалім оқушылар назарын тақтада бейнеленген әртүрлі көбелектерге аударады: қызғылт сары, сары, жасыл және қызыл. Олардың әрқайсысында тілек жазылған: - қызыл түсті көбелекте – «Сәттілік!»; - сары түстісінде – «Қуаныш!»; - жасыл түстінде – «Табыс!»; - қызғылт сары түстісінде – «Жаңа білім!».	Оқушылар бір-біріне жағымды тілектер тілейді (олардың тізімі тақтада берілген). Сабақтың эмоциялық тұрғыдан жақсы басталуы оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді.	Сабақтың басында оқушылардың эмоциялық қоршаған кеңістікті бағалауы Мұғалімнің бақылаулары	Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б. 


Тірек сөздер:
• жәндік;

	<p>(С) Мақсат қою Өз бетінше ойлауды дамыту тәсілі, оқулықпен жұмыс Мұғалім сабақ тақырыбы «Жәндіктер әлемі» екенін жариялап, оқушыларға оқулықтағы суреттерді карауды және келесі сұрақтар туралы ойлануды тапсырады: - Олар туралы не білесіңдер? - Олар бір-біріне несімен ұқсайды? - Олардың айырмашылығы неде? Қажет болса, оқушылардың жауаптарын толықтырыңыз. Сабақтың мақсаттарын сыныпқа айтыңыз және оларға қол жеткізу жолдарын көрсетіңіз.</p> <p>Тірек сөздермен жұмыс Жәндік – кішкентай жануарлар, әдетте олардың қанаттары, мұртшалары және аяқтары болады. Қолдан жасалған бұйым – бұл әртүрлі материалдардан жасалған бұйым, зағ.</p>	<p>Оқушылар сабақ тақырыбын тұжырымдаудың мүмкін нұсқаларын талқылап, суреттерге қатысты ойланады.</p> <p>Тірек сөздер туралы ақпаратты оқушылар бұрын басқа пәндерден естіген болуы мүмкін. Оларды алғаш естіп отырған оқушыларға мұғалім бұл сөздердің мағынасымен сабақ барысында танысатынын айтады.</p>	<p>Мұғалімнің мадақтау, эмоциялық тұрғыдан қолдау сөздері</p> <p>Мұғалімнің оң пікірлері, оқушылардың жауаптарын жағымды тұрғыдан түзетуі</p>	<ul style="list-style-type: none"> қолдан жасалған бұйым. <p>Сынып тақтасы, түрлі көркем және қолда бар материалдар мен құралдар</p> <p>Оқулық, 17-19-беттер</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>35 минут</p>	<p>(С, Д, Ж, Т) Жаңа ақпаратты зерттеу Сыни ойлау тәсілі (С, Д, Ж, Т) Кіріспе әңгіме Оқулықтағы жәндіктер бейнеленген суреттерді қарастырындар: шыбын, шегіртке, инелік және көбелек (Оқулық, 17-бет). Олар туралы не білесіңдер? Олар бір-біріне несімен ұқсайды?</p>	<p>Оқушылар оқулықтағы жәндіктердің фотосуреттерімен танысады: шыбын, инелік, шегіртке, көбелек.</p> <p>Оқушылар жәндіктер туралы не білетіндерін айтуына болады. Кейбір оқушылар</p>	<p>Мұғалімнің ауызша түсініктемелері сыныптағы оқушыларға қажетті қолдау түрі болуы мүмкін.</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары</p>	

	<p>«Дұрыс немесе бұрыс» ойыны Бұл әдіс оқушыларға қарапайым жануарлар мен жәндіктер арасындағы айырмашылықты жақсы түсінуге көмектеседі.</p> <p>Мұғалім оқушыларға пайымдауларды растауға не дұрыс емес екенін айтуға шақырады, ол үшін олар пайымдауларды алдымен мұқият тындауы, содан кейін оның дұрыс немесе бұрыс екенін шешіп, дауыстап айтуы керек.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Піл – жәндік, оның қанаттары бар. • Ит – жәндік емес, оның қанаттары жоқ. • Құс ұша алады, сондықтан ол – жәндік. • Жұлдызқұрт – жәндік емес. • Инелік – жәндік, оның әдемі, мөлдір, әдемі қанаттары бар. • Шыбын – жәндік, оның 6 аяғы бар. • Шегіртке – жәндік емес, өйткені ол тек секіре алады, ұшпайды. • Көбелек бұрын жұлдызқұрт болған және бауырымен жорғалаған. <p>(Ж, С) Жана ақпаратты зерттеу Шығармашылық ойлау тәсілі Оқушыларға оқулықта бейнеленген жәндіктердің суреттерін жеке қарап өтуді тапсырыңыз (Оқулық, 17-бет).</p>	<p>олардың қандай да бір ерекшеліктері туралы айта алады.</p> <p>Оқушылар қажетті ақпаратты таңдай отырып, мұғалімнің айтқан сөйлемдерінің қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс екені жайлы ойланады.</p> <p>Мұғалімнің сұрақтарына жауап беру кезінде оқушылар шынайы өмірден мысалдар келтіре алады.</p> <p>Оқушылар жәндік сияқты бұйымды жасау үшін қандай материалдарды қолдануға болатынын талқылауы керек, бұл пікірталастар мен білім</p>	<p>Мұғалімнің ауызша оң пікірлер айтып, қолдауы</p> <p>Мұғалімнің ауызша баға беруі</p>
--	--	---	---

	<p>Содан кейін жұптасып, олардың қандай материалдардан жасалғанын талқылауы керек.</p> <p>Осы жұмыстарды талқылаған кезде айтылған ақпарат жұптарға осыған ұқсас жұмыстарды қандай материалдардан жасауға болатынын зерттеуге көмектеседі. Ол үшін мұғалім әртүрлі материалдардың үлгілерін алдын ала дайындап қоюы қажет: табиғи, көркем, қалдық, қолда бар материалдар, мысалы:</p> <ul style="list-style-type: none"> - кішкентай қиыршық тастар; - жапырақтар; - киіз және басқа тоқыма материалдардың қиықтары; - ермексаз; - құрғақ бұтақтар мен шөптер; - түймелер мен ұсақ моншақтар, т.б. <p>Көрнекі демонстрация мен сыныппен бірлескен талқылауды бастамастан бұрын мұғалім бұл үлгілерді оқушылардың әр жұбы үшін бірдей мөлшерде немесе бір данадан дайындап, тақтаға мөлдір пакеттерге бекітеді.</p> <p>(С) Сергіту сәті Саусақ гимнастикасы Бұл сабақта оқушылардың оқу үдерісі ұсақ моторикамен байланысты болғандықтан, саусақтарға арналған гимнастика жасатқан жөн.</p>	<p>оларға алған білімдері мен тәжірибелерін тиімді қолдана отырып, сабақта практикалық жұмыстарды орындауға көмектеседі.</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары</p>


	<p>Жәндіктер Саусақтарды бірге санаймыз – Жәндіктерді атаймыз (саусақтарды жұмылдырып, ашу). Көбелек, шегіртке, шыбын, Ал бұл жасыл қарын қоңыз (саусақтарды кезекпен жұдырыққа бұгу). Кеше бізге ұшып келді (алақандарын бұлғау): Денесі жолақ ара. Одан кейін түкті ара. Және көңілді көбелек (әр атау үшін бір саусақтан бұгу). Екі қоңыз, инелік, Көздері шам сияқты жарқыраған (саусақтарын дөңгелетіп, көздеріне апарды). Ызындады, әрлі-берлі ұшты (алақандарын бұлғайды). Шаршап, құлады (алақандарын үстелге тартса еткізеді).</p> <p>(Д) Практикалық жұмыс Көрнекі түрде көрсету және білімді практикада қолдану әдістері Оқушыларға «мейірімді ара» жасауды ұсыныңыз. Мұғалім оқушылардың алдында көрнекі түрде қолдан бұйым жасап, көрсетпестен бұрын қажетті материалдарды алдын ала дайындап қойғаны жөн.</p>	<p>Мұғалімнің жаңа ақпаратты көрнекі түрде көрсетуі кезінде оқушылар онымен мұқият танысып, қажет болған жағдайда өздерін қызықтыратын сұрақтарын қоюы керек. Оқушылар айдардың жаңа көрнекі ақпаратын өз бетінше зерттей алады және осы мәселе бойынша өз идеяларын айта алады. Жаңа ақпаратты қабылдаудың визуалды тәсілі оларға жұптарда немесе сыныппен бірге алынған ақпаратты нақты өмірде қолданудың өмірлік тәжірибесімен байланыстыра отырып талқылауға</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары мен пікірлері Мұғалімнің пікірлері</p>	<p>Демонстрациялық үстел немесе пластикалық файлдар. Оларға қолдан жасалатын бұйымдардың жеке бөлшектерін салып, тақтаға бекітуге болады. Сондай-ақ сары жіптер, қайшы, қанаттар жасауға арналған көпіршікті үлдір, дайын көздер, кара картон, мұрт жасау үшін қарындаш немесе фломастер.</p>
--	---	--	--	---

	<p>Ара жасауды көрсету үшін демонстрациялық үстелді пайдалануға болады, ол үстелдің үстіне жұмысқа қажет нәрсенің бәрін жайып қою керек немесе бұйымның жеке бөліктері салынған пластикалық файлдарды қолданып, тақтаға бекітуге болады. Сонымен қатар мұғалім оқушыларға оқулықта жұмыс процесі көрнекі бейнеленген суреттерге қарап, практикалық жұмысты орындауды ұсынуына болады (Оқулық, 18-19 бет)</p> <p>Оқушылар практикалық жұмысты орындап жатқанда мұғалім практикалық тапсырманың қауіпсіз орындалуын бақылауы қажет.</p> <p>Оқушыларға қайшы өткір болуы мүмкін екенін және оны пайдалануда мұқият болу керектігін ескертіңіз.</p> <p>Практикалық жұмысты орындау барысында мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға ғана қолдау көрсеткені жөн.</p> <p>Саралау Бұл тапсырмада саралау оқушылардың араны жасау үшін материалдарды өз бетінше таңдауынан көрінеді. Сабақта тапсырманы сәтті орындап болған оқушыларға мұғалім пластикалық бөтелкелерден ара жасау туралы жаңа ақпаратты, сондай-ақ материал мен құралдарды ұсынуына болады.</p>	<p>көмектеседі. Бөлкім, олар бұрын ұқсас материалдардан бұйымдар жасаған болар, сондықтан олар одан алған әсерімен, тәжірибелерімен бөлісе алады.</p> <p>Практикалық жұмысты орындау кезінде оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан көмек сұрай алады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары</p> <p>Түрлі түсті карталар</p>	<p>Қолда бар материалдардан ара жасау https://ru.pinterest.com/pin/10344274143152739/</p>  <p>Дұрыс жауапты бағалау үшін жасыл карталар, қате жауапты бағалау үшін қызыл карталар, толықтыруды немесе түзетулі қажет ететін жауапты бағалау үшін сары карталар қолданылады.</p>
--	--	--	---	--

<p>4 минут</p>	<p>(С) Жана ақпарат Бірлескен әңгімелесу әдістері «Оқы, қызық!» айдарындағы ақпаратты сыныппен бірге талқылаңыз, қызықтыратын сұрақтарға жауап беріңіз (Оқулық, 17-бет).</p> <p>Бағалау Мұғалім оқушыларға өз жұмыстарын критерийлерге сәйкес бағалауды ұсынады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - қолдан жасалған бұйым орнықты болуы керек; - жәндіктердің мұрттары көз деңгейінде орналасуы керек; - қолдан жасалған бұйым ұқыпты орындалуы тиіс. <p>Қорытындылау Мұғалім сабақты оқушылар жауап бере алатын бірнеше сұрақтармен қорытындылайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Жәндіктердің қандай ортақ ерекшеліктері бар? • Араны жасағанда не қиын болды? 	<p>Оқушылар сыныпта жаңа ақпаратты талқылап, сыныптастарымен бөлісе алады.</p> <p>Оқушылар өз жұмыстарын қарастырады және оларды берілген критерийлер бойынша бағалайды.</p> <p>Қорытынды жауаптар туралы ойланған кезде оқушылар жұмысты құрудың барлық үдерісін талдауы керек, сәтті жақтарын атап өтуі керек, мұғалімнен жұмыста қиындықтар туғызған нәрсені нақтылауы қажет.</p>	<p>Оқушылардың өз жұмысын бағалауы</p>	<p>Әр түрлі көңіл күйді бейнелеп тұрған смайликтердің суреттері</p>
<p>Сабақтың соңы. 1 минут</p>	<p>(Д) Эмоциялық рефлексия Мұғалім оқушыларға өткен сабақ бойынша пікір алмасуды ұсынады. Ол үшін оқушылар өздерінің көңіл күйіне сәйкес келетін эмоцияны бейнелейтін смайликті таңдауы керек.</p>	<p>Рефлексияның бұл түрі оқушыларға бір-бірімен эмоцияларымен бөлісуге көмектеседі.</p>	<p>Оқушылардың өз жұмысын бағалауы</p>	<p>Әр түрлі көңіл күйді бейнелеп тұрған смайликтердің суреттері</p>

5-САБАҚ

2-бөлім	Менің Отаным – Қазақстан	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Басқұр	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	3.2.1.2 ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарын жасау әдістерін талдау және тандау; 3.1.2.3 түрлі материалдың қасиеттерінің сипатына қарай қолданылу саласын ажырату.	
Сабақтың мақсаты	- оқушыларды ою-өрнек жасау ретімен таныстыру; - басқұрды бірлесіп жасау үшін әртүрлі материалдарды тандау және пайдалану.	

САБАҚ БАРЫСЫ				
Сабақ кезеңдері/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	(С) Ұйымдастыру кезеңі «Күлімсіреу» интерактивті тәсілі Мұғалім оқушыларды күлімсіреп қарсы алады және оларға бір-біріне күлімсіреуді ұсынады. (С) Жағымды эмоциялық орта құру, бірлесіп әңгімелесу әдісі Тақырыпқа кіріспе: «Ойлан тап» ойыны Мұғалім оқушыларға тақтада бір-бірінен бөлек орналасқан әріптерді қарап шығып, олардан «Басқұрлар» сөзін құруды және сабақ тақырыбын анықтауды ұсынады.	Оқушылар бір-біріне күлімсіреп, жақсы көңіл күймен бөліседі. Сабақтың эмоциялық тұрғыдан жақсы басталуы оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді. Оқушылар әріптерді немесе буындарды орналастырудың ықтимал ретін талқылап, сабақ тақырыбын дұрыс тұжырымдауға тырысады.	Сабақтың басында оқушылардың эмоциялық қоршаған кеңістікті бағалауы Мұғалімнің бақылаулары Мұғалімнің мадақтау, эмоциялық тұрғыдан қолдау сөздері.	Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.  Тірек сөздер: • ою-өрнек; • басқұр.

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

	<p>(С) Мақсат қою Өз бетінше ойлануды дамыту әдісі Мұғалім оқушыларға сабақ тақырыбының «Басқұр» екенін жариялайды және келесі сұрақтар туралы ойланып, оларға жауап беруді тапсырады. - Басқұр туралы не білесіңдер? - Сенің үйіңде олардың қайсысы бар? - Оларда не бейнеленген? Қажет болса, оқушылардың жауаптарын толықтырыңыз. Сабақтың мақсаттарын сыныпқа айтыңыз және оларға қол жеткізу жолдарын көрсетіңіз.</p> <p>Тірек сөздермен жұмыс Ою-өрнек – элементтерден тұратын өрнектер, олар қайталанатын немесе бір-бірін алмастырады. Элемент – өрнектің толық көрінісінің кішкене бөлігі. Басқұр – киіз үйдің іші мен сыртын бастырып тұратын қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен безендірілген құр, тоқыма таспа.</p>	<p>Тірек сөздер туралы ақпаратпен оқушылар бұрыннан таныс болуы мүмкін, кейбіреулер бұл ұғымдардың мағынасын білуі мүмкін.</p>	<p>Мұғалімнің оң пікірлері, оқушылардың жауаптарын жағымды тұрғыдан түзетуі</p>	<p>Сынып тақтасы, түрлі көркем және қолда бар материалдар мен құралдар</p> <p>Ою-өрнектер бейнеленген оқушылардың мектеп мұрағатынан алынған жұмыстары</p> <p>Оқулық, 22-24 бет</p>
<p>Сабақтың оргасы</p>	<p>(Д, Ж, С) Жаңа ақпаратты зерттеу Сыни ойлау әдісі Кіріспе әңгіме Мұғалім оқушыларға киіз үйді әрі безендіретін, әрі оның бөлігі ретінде қызмет ететін басқұрлармен танысу үшін оқулықта көрсетілген суреттерді қарауды ұсынады (Оқулық, 22-бет).</p>	<p>Оқушылар басқұрлармен безендірілген қазақтың киіз үйінің фотосуреттерімен танысып, ондағы түстер және ою-өрнек жолақтарының киіз</p>	<p>Мұғалімнің ауызша түсініктемелері сыныптағы оқушыларға қажетті қолдау түрі болуы мүмкін.</p>	<p>Эмодзи түріндегі жетондар</p> <p>Ұлт қазынасы. Ою-өрнек</p>

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ға тиесілі

35 минут	<p>(Ж) Эксперименттік зерттеу тәсілі <i>(жұптық жұмыс)</i> Оқушыларға ою-өрнектермен безендірілген басқұрлардың суреттерін мұқият қарап, «Анықта» айдарындағы сұрақтарға жауап беруді ұсынады (Оқулық, 23-бет). - Басқұрларды безендіру үшін қандай ою-өрнектер қолданылған? - Олар басқұрларда қалай орналасқан? - Қандай түсті әшекейлер жиі кездеседі? - Неліктен басқұрларда ою-өрнектер қолданылады деп ойлайсың? Оқушыларға бұрын осындай басқұрларды қайдан көргендерін еске түсіріп, мысал келтіруді, олар туралы айтып беруді және түсін сипаттауды тапсырыңыз.</p>	<p>үйге бекітілу ерекшеліктері туралы ойланады. Өртүрлі басқұрлар салынған суреттерді қарастырған кезде оқушылар жұптасып, өрнектердің түс үйлесімділігін және олардың жолақ фонында орналасуына қатысты пікірлерімен алмасады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары Мұғалімнің ауызша баға беруі Бағалау – жауаптары дұрыс болған оқушыларға көңілді смайликтері бар жетондар беру.</p>	<p>https://www.youtube.com/watch?v=A-goIFIKcUQ Жұмабайұлы Б. Ою-өрнек әлемі - The world Kazakh national ornaments / Жұмабайұлы Баяхмет... – Алматы: Үш Қиян, 2018. - 262 б. Түрлі түсті қағаз, қайшы, қарапайым қарындаш. Түрлі түсті қағаз, қайшы, ою-өрнек үлгілері (шаблондары), желім, басқұр фонына арналған түрлі түсті қалың қағаз.</p>
<p>Шығармашылық идеяларды дамыту (С) Бірлескен әңгіме әдісі Оқушыларға ою-өрнектердің түрлерін қарастыруды, мәтіндік ақпаратты оқуды және осы суреттердің ерекшеліктерін талқылауды тапсырыңыз. (С) Сергіту сәті Көзге арналған жаттығу Оқушыларға көздерімен жоғарыға, солға, оңға және төмен қарауды айтыңыз. Осы жаттығуды бірнеше рет қайталасын.</p>	<p>Жаңа ақпаратты қабылдаудың көрнекі тәсілі оқушыларға қазақ ою-өрнегінің ерекшеліктерін жақсы түсінуге көмектеседі, ал суреттерді талқылау арқылы оқушылар жаңа білімдерімен алмасады. Оқушылар мәтін мен мұғалім көрсеткен қимылдарға сай қарапайым дене жаттығуларын жасайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары мен пікірлері</p>		


	<p>(Д, Ж, Т) Жана ақпаратты зерттеу Оқушыларға қағаздан «қошқармүйіз» өрнегін қиып алуды ұсыныңыз. Ол үшін алдымен оны жасау сызбаларымен таныссын (Оқулық, 24-бет): суреттері, қағазды бүктеу және сурет контуры бойынша қайшымен кесу. Қайшыны пайдаланған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертіңіз, олардың ұштары мен жүздері өте өткір екенін, басқа адамға қайшыны сабы жағымен ұсыну керектігін айтыңыз.</p> <p>(Д) Практикалық жұмыс Көрнекі түрде көрсету және білімді практикада қолдану әдістері Оқушыларға ою-өрнектер салынған ұзын қағаз жолақтан басқұр жасауды ұсыныңыз. Өздері кесіп алған ою-өрнектерді түрлі түсті қағаз парақтарына қалай ұқыпты жабыстыруға болатынын көрсетіңіз. Осы парақтарды бір-біріне желім немесе скотчпен жабыстыруға көмектесіңіз. Сабақта уақытты үнемдеу мақсатында парақтарды алдын ала жабыстырып қоюға болады. Практикалық жұмысты орындау барысында мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға ғана қолдау көрсеткені жөн.</p>	<p>Оқушылар оқулықтағы көрнекі ақпаратпен танысады, өрнекті жасау ретін ойластырып, жұпта немесе топта талқылайды. Осыдан кейін оқушылар қайшыны қауіпсіз пайдалану ережелерін еске түсіреді. Бұл ақпарат оқушылар үшін өте маңызды.</p> <p>Практикалық жұмысты орындаған кезде оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан қолдау мен көмек сұрай алады.</p>	<p>Балалардың білімін тексеруге арналған қосымша тест сұрақтары</p> <p>Негізден киіз үйді безендіру кезінде басқұр қолданылады? <i>a) киіз үйді жоғары тарту үшін;</i> <i>b) киіз үйді қатайту үшін;</i> <i>c) киіз үйді түрлі түсті өрнектермен безендіру үшін.</i></p> <p>Басқұр қандай функцияларды орындайды? <i>a) тек киіз үйді безендіру үшін;</i> <i>b) тек керегемен түйісетін жерлерді қатайту үшін;</i> <i>c) киіз үйді безендіру және кереге түйісетін жерлерді қатайту үшін.</i></p> <p>Мұғалімнің пікірлері</p> <p>Мұғалімнің пікірлері</p>
--	--	---	--

	<p>Саралау Бұл тапсырмада саралау оқушылардың басқұрды өрнектеу үшін материалдарды өз бетінше таңдауынан көрінеді. Сондай-ақ тапсырманы орындауда қиналып жатқан оқушыларға өрнек үлгілерін пайдалануға беруге болады. Бұл үлгілерді мұғалім алдын ала дайындай алады, яғни оларды басып шығарып, оқушыларға таңдауға беруге болады.</p> <p>Бағалау Оқушылар өздері жасаған ою-өрнекті басқұрларды қарастырып, орындалған жұмыстарды келесі критерийлер бойынша бағаласын: - ою-өрнек сызықтар бойымен ұқыпты қиылған; - ою-өрнек симметриялы болып шықты; - ою-өрнек ұқыпты желімделген.</p> <p>Қорытындылау Мұғалімге сабақты оқушылар жауап бере алатын бірнеше сұрақтармен қорытындылау ұсынылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сен қандай өрнек таңдадың? • Саған не ұнады? Ою-өрнек жасау ма, әлде оларды қию ма? 	<p>Сабақта алған жаңа ақпаратты бекіту кезінде оқушылар мұғалім сұрақтарына жауап беру туралы ойлануы керек. Оқушылар жауаптарды өз бетінше де, сыныптастарымен жұпта немесе топта да құрастыра алады. Оқушылар өз жұмыстарын қарастырады және оны жасаудың кезеңдерін еске түсіреді, оны жасаудағы жетістіктер мен қиындықтарды айтады.</p>		<p>Басқұр қалай жасалады? а) <i>матадан</i> <i>фигураларды кесу арқылы;</i> b) <i>түрлі түсті жіптермен және өрнектермен</i> <i>станокта тоқу арқылы;</i> с) <i>арнайы бояумен бояу арқылы.</i></p>
<p>Сабақтың соңы 1 минут</p>	<p>(Ж) Эмоциялық рефлексия Мұғалім эмоциялық рефлексия жасайды. Ол үшін оқушыларға сабақ ұнаса, олар қол шапалақтайды. Шапалақ неғұрлым қатты болса, сабақ соғұрлым қызықты болды дегенді білдіреді.</p>	<p>Эмоциялық рефлексия сыныптағы оқушылардың эмоциялық интеллектісінің дамуына ықпал етеді.</p>	<p>Оқушылардың өз жұмысын бағалауы</p>	

6-САБАҚ


2-бөлім	Менің Отаным – Қазақстан	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Киіз үй жасаймыз	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	3.2.2.2 шығармашылық жұмысты орындау барысында ұлттық элементтерді тиімді қолдану; 3.2.3.2 мүмкіндігіне қарай өз жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау.	
Сабақтың мақсаты	- оқушыларды киіз үйді құрайтын бөлшектермен таныстыру; - алған білімді киіз үйдің макетін жасау үшін пайдалану.	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақ кезеңдері/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	(С) Ұйымдастыру кезеңі «Күн оянды» интерактивті әдісі Мұғалім оқушыларды күлімсіреп қарсы алады және оларға күннің қалай көтерілетінін, барлығы оған қалай қуанатынын елестетуді ұсынады. Біз де Жер бетіне нұрын шашқан күн сәулесіне қуанышымызды білдірейік. (С) Жағымды эмоциялық орта құру, бірлесіп әңгімелесу әдісі (С) Мақсат қою Өз бетімен ойлануды дамыту әдісі Мұғалім оқушыларға қазақ халқының киіз үйлерінің суреттерін қарап шығуды, бейнеленген тұрғын үйдің қалай	Оқушылар бір-біріне әртүрлі жағымды тілектер тілейді. Сабақтың эмоциялық тұрғыдан жақсы басталуы оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді.	Сабақтың басында оқушылардың эмоциялық қоршаған кеңістікті бағалауы Мұғалімнің бақылаулары	Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б. 
		Оқушылар киіз үйдің суреттері туралы ой жүргізіп, сабақ тақырыбын	Мұғалімнің мадақтау, эмоциялық	Тірек сөздер: • қаңқа; • макет; • шанырақ;

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

	<p>аталатынын айтып, оның ерекшеліктерін сипаттауды ұсынады.</p> <p>Мұғалім оқушыларға сабақтың тақырыбы «Киіз үй жасаймыз» екенін хабарлайды және төмендегі сұрақтар туралы ойланып, оларға жауап беруді тапсырады.</p> <p>- Қазақтың киіз үйі туралы не білесіңдер? - Сендер оны қайдан көрдіңдер? Қажет болса, оқушылардың жауаптарын толықтырыңыз. Сабақтың мақсаттарын сыныпқа айтыңыз және оларға қол жеткізу жолдарын көрсетіңіз.</p> <p>Тірек сөздермен жұмыс Қаңқа – киіз үйдің «сүйегі», ағаш бөліктері. Макет – әртүрлі материалдардан жасалған киіз үйдің кішкене көшірмесі. Шаңырақ – уықтар бекітілетін киіз үйдің жоғарғы дөңгелек бөлігі. Уық – киіз үйді ұстап тұратын ұзын, иілген таяқшалар. Кереге – киіз үйдің жартылай шеңберлі, торлы қабырғалары.</p>	<p>тұжырымдаудың мүмкін нұсқаларын талқылайды.</p> <p>Тірек сөздер туралы ақпаратпен оқушылар бұрыннан таныс болуы мүмкін. Оларды алғаш естіп отырған оқушыларға мұғалім бұл сөздердің мағынасымен сабақ барысында танысағынын айтады.</p>	<p>тұрғыдан қолдау сөздері</p> <p>Мұғалімнің оң пікірлері, оқушылардың жауаптарын жағымды тұрғыдан түзетуі</p>	<ul style="list-style-type: none"> • уық; • кереге. <p>Сынып тақтасы, түрлі көркем және қолда бар материалдар мен құралдар</p> <p>Оқулық, 25-27-бет.</p> <p>Сынып тақтасы</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>35 минут</p>	<p>(Д, Ж, С) Жаңа ақпаратты зерттеу Сыни тұрғыдан ойлау әдісі Кіріспе әңгіме</p> <p>Оқушыларға киіз үйдің құрылымы туралы оқулықта берілген жаңа көрнекі және мәтіндік ақпаратпен танысуды ұсыныңыз (Оқулық, 25-бет).</p> <p>Видеоматериалды қарауды сұраныңыз. (Ж) Оқулықпен жұмыс. Көрнекі-иллюстрациялық әдіс</p>	<p>Оқушылар киіз үй бөліктерінің суреттерімен танысады, білімдерімен алмасады, оларды қай жерде көргені, олар туралы қандай да бір ақпаратты қайдан естігені туралы әңгімелейді.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша түсініктемелері сыныптағы оқушыларға қажетті қолдау түрі болуы мүмкін.</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары</p>	<p>Оқулық, 25-бет</p> <p>Қазақтың киіз үйі</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=1jAebuZ9gdM</p>

	<p>Оқушыларға әртүрлі материалдардан, әртүрлі пішіндер мен өлшемдерден жасалған кәдесыйлық киіз үйлердің суреттерін мұқият қарап шығуды ұсыныңыз (Оқулық, 25-бет).</p> <p>(С) Сергіту сәті Саусақ гимнастикасы Киіз үй тігеміз Жоғары, жоғары! (қолдарды жоғары көтеріп, саусақтармен жоғары қарай созылу). Шаңырақты жаймен көтерейік! (саусақтарды жұдырыққа жұму, бірақ қол жоғарыда). Міне, менің көмекшілерім, Оларды қалағаныңша бұра (жұдырықты босатып, қолдарды төмен түсіріп, алақанларды жан-жаққа бұру) 1, 2, 3, 4, 5 (алақанды төмен сілкіу). Бір орында отыра алар емесің. Соғу, бұру (үстелдің бетін алақанмен соғу). Енді олар жұмыс істеуге дайын.</p> <p>(Д) Практикалық жұмыс Көрнекі түрде көрсету және білімді практикада қолдану әдістері Оқушыларға пластикалық бөтелкеден киіз үйдің макетін жасауды ұсыныңыз. Ол үшін оларға алдымен оқулықтағы иллюстрацияларды қарап шығуды және талқылауды талсырыңыз (Оқулық, 26-27-бет). Мұғалім оқулықтағы мәтіндік сипаттамаға және көрнекі суреттерге сәйкес киіз үйдің</p>	<p>Оқушылар оқулықтың осы айдарында көрсетілген бұйымдарды жасау үшін қандай материалдар қолданылғанын түсінуі керек. Бұл ақпаратты талдау оларға алған білімі мен тәжірибелерін тиімді қолдана отырып, сабақта практикалық жұмыстарды орындауға көмектеседі.</p> <p>Оқушылар мәтін мен мұғалімнің көрнекі әрекеттеріне сәйкес қарапайым физикалық жаттығуларды қолдың саусақтарымен және алақанмен орындайды.</p> <p>Оқушылар рубликаның жаңа көрнекі ақпаратын өз бетінше зерттей алады және осы мәселе бойынша өз идеяларын айта алады. Жаңа ақпаратты қабылдаудың визуалды тәсілі оларға жұпта немесе</p>	<p>Мұғалімнің ауызша оң пікірлер айтып, қолдауы</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары және ауызша қолдау көрсетуі</p> <p>Эмодзи түріндегі түрлі түсті белгілермен</p>	 <p>Эмодзи түріндегі түрлі түсті белгілермен бағалау: кызыл – көңілсіз, жасыл – көңілді, сары – ойлы.</p> <p>Пластикалық бөтелкелер, қайшы немесе кеңсе пышағы, ермексаз немесе басқа пластикалық материалдар</p> <p>Оқулық, 26-27-беттер</p> <p>Оқушылардың жұмыстары</p>
--	--	--	---	---

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ға тиесілі


	<p>макетін жасау кезеңдерін алдын ала айтады және көрнекі түрде көрсетеді. Оқушыларға бүкіл жұмыс барысын көрсету үшін мұғалім сабаққа дейін барлық қажетті материалдар мен құралдарды алдын ала дайындағаны абзал. Практикалық жұмыс басында мұғалімге жұмыс кеңістігінің ұйымдастырылуын бақылау ұсынылады, сонымен қатар оқушыларға қайшы мен практикалық бөтелкелерді пайдаланған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтауды еске салу қажет, өйткені бөтелке бөліктерінің шеттері өте өткір болуы мүмкін.</p> <p>Практикалық жұмысты орындау барысында мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға ғана қолдау көрсеткені жөн.</p> <p><i>Ескерту:</i> Кейбір балаларда практикалық жұмысты орындау кезінде қиындықтар туындаған жағдайда оларға тапсырманы жұпта немесе топта орындауды ұсынуға болады. Жұппен/топпен жұмыс істеу идеялармен алмасуға, өзара бір-біріне қолдау көрсетуге және сабаққа ынтасын арттыруға ықпал етуі мүмкін.</p> <p>Практикалық жұмысты аяқтағаннан кейін оқушыларға өз әсерлерімен бөлісуді ұсыныңыз. Оларға жұмыс ұнады ма, бұл жұмыста не ұнағанын, яғни киіз үйдің қаңқасын кесіп алу ма, әлде ермексаз жабыстыру ма деп сұраныңыз. Оқушылардан өз жауаптарын түсіндіруді сұраныңыз.</p>	<p>сыныппен бірге алынған ақпаратты нақты өмірде қолданудың шынайы өмірдегі тәжірибесімен байланыстыра отырып талқылауға көмектеседі.</p> <p>Осыдан кейін оқушылар қайшыны қауіпсіз пайдалану ережелерін еске түсіреді, кеңсе пышағын пайдаланудың қауіпсіздік ережелерімен танысады. Бұл ақпарат оқушылар үшін өте маңызды.</p> <p>Практикалық жұмысты орындау кезінде оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан қолдау мен көмек сұрай алады.</p> <p>Мұғалімнің жаңа ақпаратты көрнекі түрде көрсетуі кезінде оқушылар онымен мұқият танысып, қажет болған жағдайда оларды қызықтыратын сұрақтарды қоюы қажет.</p>	<p>бағалау: қызыл – көңілсіз, жасыл – көңілді, сары – ойлы.</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары және ауызша қолдау көрсетуі</p>	<p>Дұрыс жауапты бағалау үшін жасыл карточкалар, қате жауапты бағалау үшін қызыл карточкалар, толықтыруды немесе түзетуді қажет ететін жауапты бағалау үшін сары карточкалар қолданылады.</p> <p>Балалардың білімін тексеруге арналған қосымша тест сұрақтары</p> <p>Қазақ киіз үйінің қаңқасы неден тұрады? <i>a) жақтау және киіз жабыны;</i> <i>b) дөңгелек шаңырақ, уық және кереге;</i> <i>c) дөңгелек кереге және ұзын уықтар.</i></p> <p>Қазақ киіз үйінде уықтар қандай</p>
--	---	---	---	---

<p>4 минут</p>	<p>Саралау Бұл тапсырмадағы саралау киіз үйдің қаңқасына арналған иілгіш жабынды оқушылардың өз бетінше тандауы түрінде көрінеді.</p> <p>Бағалау Оқушыларға жұмыстарымен алмасып, баға беруді ұсыныңыз. Мұны қарама-қарсы отырған сыныптаспен жұпта орындаған дұрыс. Мұғалім бағалау критерийлерін дауыстап айтады және визуалды тұрғыдан жақсы қабылдау үшін тақтаға жазып қояды: - макет киіз үйге ұқсайды; - ермексаз біркелкі жағылған; - киіз үй орнықты тұрады.</p> <p>Қорытындылау Мұғалімге сабақты оқушылар жауап бере алатын бірнеше сұрақтармен қорытындылау ұсынылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Біздің заманымызда киіз үйлерді неге жиі қолдана бастады деп ойлайсың? 	<p>Оқушылар өз жұмыстарын қарап шығады және оны жасаудың кезеңдерін еске түсіреді, оны жасаудағы жетістіктер мен қиындықтарды айтады.</p> <p>Қорытынды жауаптарды ойлестырған кезде оқушылар сабақтың бүкіл үдерісін еске түсіруі керек.</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары және ауызша қолдау көрсетуі</p> <p>Мұғалімнің пікірлері</p>	<p>функцияларды орындайды? a) шаңырақты ұстап тұрады; b) киізбен жабады; c) торлы қабырғалар жасайды.</p> <p>Киіз үйдің қаңқасы немен қапталады? a) кілем; b) киіз; c) жібек маталар.</p>
<p>Сабақтың соңы 1 минут</p>	<p>(Ж) Эмоциялық рефлексия Мұғалім эмоциялық рефлексия жасайды. Егер оқушыларға сабақ ұнаса, олар 3 рет қол соғады. Шапалақ саны неғұрлым аз болса, соғұрлым сабақ қиындық тудырды дегенді білдіреді. <i>Ескерту:</i> Сыныптағы оқушылардың мүмкіндігін ескере отырып, осы сабақ тақырыбын 2 сабақ аясында өткізуге болады.</p>	<p>Эмоциялық рефлексия сыныптағы оқушылардың эмоциялық интеллектісінің дамуына ықпал етеді.</p>	<p>Оқушылардың өз әрекеттерін бағалауы</p>	

7-САБАҚ

2-бөлім.	Менің Отаным – Қазақстан	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Киіз үйді безендіреміз	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.3.1.1 өз жұмысының шығармашылық идеясы мен процестерін ұсыну;</p> <p>3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну;</p> <p>3.2.1.3 шығармашылық жұмысты орындау техникасын жетілдіру.</p>	
Сабақтың мақсаты	<p>- киіз үйді безендіру;</p> <p>- орындалған шығармашылық жұмысты таныстыру.</p>	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақ кезендері/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың басы</p> <p>5 минут</p>	<p>(С) Ұйымдастыру кезеңі «Сәлемдесу» интерактивті ойыны</p> <p>Мұғалім оқушыларға жұпта бір-бірімен жақсы және жылы сөздермен амандасуды ұсынады.</p> <p>(С) Мақсат қою</p> <p>Өз бетінше ойлауды дамыту тәсілі, оқулықпен жұмыс</p> <p>Оқушыларға өткен сабақта жасалған киіз үйлердің макеттерін қарап шығуды және киіз үйлерді безендіру үшін тағы не істеуге болатынын анықтауды тапсырыңыз.</p> <p>Оқушы жауап беру кезінде өзінің макетін қолына ұстап тұрғаны дұрыс, сонда оның</p>	<p>Оқушылар әртүрлі жақсы сөздерді қолданып бір-бірімен сәлемдеседі.</p> <p>Сабақтың эмоциялық тұрғыдан жақсы басталуы оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді.</p>	<p>Сабақтың басында оқушылардың эмоциялық қоршаған кеңістікті бағалауы</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары</p> <p>Мұғалімнің мадақтау, эмоциялық тұрғыдан қолдау сөздері</p> <p>Мұғалімнің оң пікірлері,</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Тірек сөздер:</p> <ul style="list-style-type: none"> • презентация. <p>Сынып тақтасы, түрлі көркем және қолда</p>

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

	<p>жауабы басқа оқушыларға түсініктірек болады.</p> <p>Кішкене кіріспе әңгімеден кейін мұғалім сабақтың тақырыбы «Киіз үйді безендіреміз» екенін жариялайды.</p> <p>Сабақтың мақсаттарын сыныпқа айтыңыз және оларға қол жеткізу жолдарын көрсетіңіз.</p> <p>Тірек сөздермен жұмыс</p> <p>Презентация – сурет, көлемді жұмыс немесе оның басқа түрлерін, пішіндері мен өлшемдерін жасау кезінде практикалық жұмысты орындау барысында шығармашылық қызмет нәтижелерін ауызша немесе жазбаша ұсыну.</p> <p>Мұғалімнің сабақ барысында немесе оның басында осы ұғымдардың мағынасын егжей-тегжейлі түсіндіргені абзал.</p>	<p>Оқушылар сабақ тақырыбын тұжырымдаудың мүмкін нұсқаларын талқылай отырып, киіз үй макеттері туралы ойланады.</p> <p>Тірек сөз туралы ақпаратпен жұмыс істеген кезде оқушылар оның мағынасын түсінуі мүмкін.</p>	<p>оқушылардың жауаптарын жағымды тұрғыдан түзетуі</p>	<p>бар материалдар мен құралдар</p> <p>Оқулық, 28-30-беттер.</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>35 минут</p>	<p>(Д, Ж, С) Жаңа ақпаратты зерттеу</p> <p>Сыни ойлау тәсілі (дербес, жұптық, командалық жұмыс)</p> <p>Кіріспе әңгіме. «Сұхбат» әдісі</p> <p>Әдемі безендірілген киіз үйлердің суреттерін қарап шықсын (Оқулық, 28-б.).</p> <p>Оқушыларға олардың қалай безендірілгенін және қандай түсті екенін сипаттауды тапсырыңыз. Киіз үйлерді безендіруде қандай түстер жиі кездеседі? Сауалнаманы «Сұхбат» әдісі арқылы жүргізуге болады. Ол үшін мұғалім оқушыларға микрофон бере алады. Бір оқушы журналист ретінде оқушыларға сұрақ қояды, ал олар қазақ киіз үйлерінің</p>	<p>Оқушылар оқулықта берілген әртүрлі әдемі безендірілген киіз үйлердің фотосуреттерімен танысады.</p> <p>Оқушылар мұндай киіз үйлерді бұрын қайда көргендерін айта алады, мүмкін оларды қала алаңында, саябақтарда, жайлауда көрген шығар.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша түсініктемелері сыныптағы оқушыларға қажетті қолдау түрі болуы мүмкін.</p>	

	<p>ерекшеліктерін сипаттайды. Жауап бергенде оқушылар «Оқы, қызық!» айдарындағы ақпаратты пайдалана алады.</p> <p>«Ою-өрнекті орналастыр» интерактивті әдісі</p> <p>Мұғалім кабинеттегі тақтаға немесе стендке қазақтың ұлттық ою-өрнегінің бірнеше түрі бейнеленген карточкаларды іледі, ал бөлек карточкаларда олардың атаулары жазылады. Сондай-ақ тақтаның ортасында киіз үй, оның нобайы бейнеленген. Оқушыларға алдымен оқулықтағы ою-өрнектерді өз бетінше қарап шығуды (Оқулық, 29-бет), содан кейін тақтада ілініп тұрған киіз үй нобайының сәйкес жерлеріне ою-өрнектері бар карточкаларды жабыстыруды тапсырыңыз.</p> <p>Мұндай интерактивті әдіс тақырып бойынша жаңа ақпаратты жақсы қабылдауға және есте сақтауға ықпал етеді.</p> <p>(С) Сергіту сәті</p> <p>Көзге арналған жағтығу</p> <p>Бұл сабақта оқушылар оқу әрекеті барысында оқулықта берілген көлемі үлкен көрнекі ақпаратпен жұмыс істейтіндіктен, осы кезеңде көзге арналған жағтығуды жасау ұсынылады.</p> <p>Оқушылар орындарынан тұрып, көздерін жоғарыға, төменге, солға және оңға</p>	<p>Кейбір оқушылар киіз үйдің ішіндегі бұйымдар, оның қалай безендірілгені туралы айта алады.</p> <p>Кейбіреулер мұндай суреттерді басқа пәндерден көргенін айтуы мүмкін.</p> <p>Мұғалімнің сұрақтарына жауап беру кезінде оқушылар шынайы өмірден мысалдар келтіре алады.</p> <p>Оқушылар мұғалімнің нұсқауына сәйкес қарапайым көз жағтығуларын жасайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары</p>	<p>Қазақтың ұлттық ою-өрнегінің бірнеше түрі бейнеленген карточкалар және олардың атаулары жазылған бөлек карточкалар.</p>
--	--	--	-------------------------------	--


	<p>қозғалтуы керек. Бұл жаттығуды бірнеше рет жасауға болады.</p> <p>(Д) Практикалық жұмыс Көрнекі түрде көрсету және білімді практикада қолдану әдістері Оқушыларға киіз үйдің макетін тандап алған әдіспен безендіруді ұсыныңыз. Ою-өрнектерді жасау сипаттамасы мен нұсқаулары оқулықта берілген (Оқулық, 29-бет). Оқушылар егжей-тегжейлі танысып шықсын. Сондай-ақ мұғалімге киіз үйдің макетін безендірудің барлық үш әдісін, яғни әр әдісті ауызша дауыстап көрсету ұсынылады.</p> <p><i>Безендірудің бірінші әдісі:</i> киіз үйдің өрнектерін ермеказдың жұқа таспа түріне келтірілген немесе үлкенірек бөліктерін қолдану арқылы жасауға болады.</p> <p><i>Безендірудің екінші әдісі:</i> киіз үйді таяқшаның үшкір ұшымен немесе кез келген басқа нәрсемен безендіруге болады.</p> <p><i>Үшінші әдісі:</i> киіз үйдің өрнектерін әртүрлі сәндік ұсақ заттарды – пайетка, моншақтарды және т.б. пайдалану арқылы жасауға болады.</p> <p>Жұмысты көрсету кезінде мұғалім оқушылардың назарын ұсақ сусымалы материалдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелеріне аударуы керек.</p> <p>Практикалық жұмысты орындау барысында мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға ғана қолдау көрсеткені жөн.</p>	<p>Оқушылар ою-өрнектерді үш жолмен жасаудың ерекшеліктерін түсінуі керек, өйткені бұл ақпаратты талдау оларға алған білімі мен тәжірибелерін тиімді қолдана отырып, сабақта практикалық жұмысты орындауға көмектеседі.</p> <p>Практикалық жұмысты орындау кезінде оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан қолдау мен көмек сұрай алады.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша оң пікірлер айтып, қолдауы</p> <p>Мұғалімнің ауызша баға беруі</p> <p>Мұғалімнің пікірлері</p>	
--	--	---	---	--

<p>4 минут</p>	<p>Саралау Бұл тапсырмадағы саралау оқушылардың киіз үйді жасау әдісін, материалды, түсі мен сәндік өрнектердің пішінін өз қалауынша тандауынан көрінеді.</p> <p>Жұмысты көрсету Мұғалім оқушыларға оқулықта берілген үлгі бойынша өз жұмыстарын көрсетуді ұсынады.</p>	<p>Оқушылар өз жұмыстарын қарастырады, оларды сыныпқа ұсынады, оны жасау кезеңдерін сипаттайды, оларды жасау барысындағы жетістіктері және қиындықтарымен бөліседі.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша баға беруі</p>	
<p>Сабактың соңы 1 минут</p>	<p>(Д) Эмоциялық рефлексия Мұғалім оқушыларға өткен сабаққа қатысты өз ойын доптың түсімен көрсетуді ұсынады. Олар қораптағы жасыл немесе сары допты тандап, оны жасыл немесе сары қорапқа салады. Жасыл қорапта доптар неғұрлым көп болса, оқушыларға сабақ соғұрлым ұнады дегенді білдіреді.</p>	<p>Эмоциялық рефлексия оқушылардың қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.</p>	<p>Оқушылардың өз әрекеттерін бағалауы</p>	

8-САБАҚ

2-бөлім	Менің Отаным – Қазақстан	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Киіз үйлі ауыл	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	3.3.2.1 орындалған жұмысты талқылау және бағалау, шығармашылық жұмысқа түсініктеме беру және оны жетілдіру бойынша ұсыныс жасау; 3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау.	
Сабақтың мақсаты	- орындаған шығармашылық жұмыстарын таныстыру; - өз жұмысына түсініктеме беру.	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақ кезендері/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	(С) Ұйымдастыру кезеңі «Бір, екі, үш» интерактивті ойын әдісі Мұғалім оқушыларға қарама-қарсы тұрған, бір немесе қарама-қарсы партада отырған сыныптасына 3 жақсы тілек айтуды ұсынады.	Оқушылар бір-біріне жағымды тілектер тілейді. Олардың тізімі тақтада беріледі. Сабақтың эмоциялық тұрғыдан жақсы басталуы оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді.	Сабақтың басында оқушылардың эмоциялық қоршаған кеңістікті бағалауы Мұғалімнің бақылаулары	Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б. 
5 минут	(С) Мақсат қою Өз бетінше ойлауды дамыту тәсілі, оқулықпен жұмыс Мұғалім «Киіз үйлі ауыл» деп сабақтың тақырыбын жариялайды, оқушыларға оқулықтағы суреттерді қарап шығуды ұсынады, содан кейін киіз үйдің макеттерін бөлек үстелге орналастыруды, өз жұмыстарын қарап шығуды тапсырады және ауылды қандай қосымша	Тірек сөз туралы ақпаратпен оқушылар бұрыннан таныс болуы және оның мағынасын түсіндіре алуы мүмкін.		Тірек сөздер: • этноауыл Сынып тақтасы, түрлі көркем және

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

	<p>заттармен безендіруге болатынын сұрайды.</p> <p>Тірек сөздермен жұмыс</p> <p>Этноауыл – қазақ халқының мәдениеті мен әдет-ғұрыптарымен таныстыру мақсатында арнайы құрылған ауыл.</p>		<p>Мұғалімнің мадақтау, эмоциялық тұрғыдан қолдау сөздері</p>	<p>қолда бар материалдар мен құралдар</p> <p>Оқулық, 31-33-беттер.</p> <p>Қағаз, желім, қайшы</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>35 минут</p>	<p>(Д) Практикалық жұмыс</p> <p>Көрнекі түрде көрсету және білімді практикада қолдану әдістері</p> <p>Оқушыларға киіз үйлі ауылды қағаздан немесе картоннан жасалған үй жануарларының мүсіншелерімен толықтыруды ұсыныңыз.</p> <p>Мұны істеу үшін алдымен оқулықтағы жаңа ақпаратпен, жұмыс үдерісінің фотосуреттерімен және жұмысты орындаудың егжей-тегжейлі сипаттамасымен танысуды ұсыныңыз (Оқулық, 32-бет).</p> <p>Оқушылардың жаңа ақпаратты көрнекі қабылдауын жетілдіру мақсатында мұғалімге әр әдіс бойынша жұмыс барысын көрсеткен жөн.</p> <p>Картоннан аттың бейнесін жасау.</p> <p>Алдымен картон, дәретхана қағазының төлкесі, жүннен ирілген жіп, желім, қайшы дайындау керек.</p> <p>1. Өлшемі 21 см × 8 см картонға суреттегідей бейнені сал.</p> <p>2. Суретті қиып ал. Бұл аттың алдыңғы бөлігі.</p>	<p>Оқушылар бұйымды жасау үшін қандай материалдарды қолдануға болатынын талқылауы керек, бұл пікірталастар мен білім оларға алған білімі мен тәжірибелерін тиімді қолдана отырып, сабақта практикалық жұмыстарды орындауға көмектеседі.</p> <p>Оқушылар осы іс-қимыл алгоритмін ескере отырып, үй жануарларының басқа да мүсіншелерін жасай алады.</p> <p>Мұғалімнің жаңа ақпаратты көрнекі түрде көрсетуі кезінде оқушылар онымен мұқият танысып, қажет болған жағдайда өздерін қызықтыратын сұрақтарды қоюы қажет.</p> <p>Оқушылар бұл айдарда берілген жаңа көрнекі ақпаратты өз бетінше зерттей алады және осы мәселе</p>	<p>Мұғалімнің ауызша түсініктемелері сыныптағы оқушыларға қажетті қолдау түрі болуы мүмкін.</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары</p>	

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі


	<p>3. Қиып алынған бөлікті 10 см × 8 см картонға қойып, оны айналдыра сыз және қиып ал. Бұл – аттың артқы бөлігі.</p> <p>4. Суретте көрсетілгендей, төлке жиегінің бойымен сызықтар жүргіз және осы сызықтар бойымен кес.</p> <p>5. Алдыңғы бөліктегі аттық басын алға қарай бүкте, көздерін жабыстырып, танауын белгіле.</p> <p>6. Алдыңғы бөліктің теріс жағын төлкеге желімде.</p> <p>7. Төлкенің екінші жағына аттың артқы бөлігін желімдеп, бұрыштарын қиып таста.</p> <p>8. Жүннен аттың жалы мен құйрығын жасап, орындарына жабыстыр. Тұяқтарын сал.</p> <p>Сондай-ақ осы жұмыстардың жасалу жолын көрсетіңіз, егер түсіндіру барысында оқушыларда сұрақтар туындаса, оларға жауап беріңіз.</p> <p>Оқушылар практикалық жұмысты орындап жатқанда мұғалім практикалық тапсырманың қауіпсіз орындалуын бақылауы қажет.</p> <p>Оқушыларға қайшының өге өткір болуы мүмкін екенін және оны пайдалануда мұқият болуды ескертіңіз.</p> <p>Практикалық жұмысты орындау кезінде мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға ғана қолдау көрсетуге кеңес беріледі.</p>	<p>бойынша өз идеяларын айта алады.</p> <p>Практикалық жұмысты орындау кезінде оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан қолдау мен көмек сұрай алады.</p> <p>Оқушылар сыныпта жаңа ақпаратты талқылап, оны сыныптастарымен бөлісе алады.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша оң пікірлер айтып, қолдауы</p> <p>Мұғалімнің оң пікірлері, оқушылардың жауаптарын жағымды тұрғыдан түзету</p> <p>Мұғалімнің пікірлері</p>
--	---	--	--

<p>4 минут</p>	<p>Саралау Бұл тапсырмадағы саралау оқушылардың материалдар мен құралдарды өз бетінше таңдауынан көрінеді.</p> <p>Бағалау Мұғалім оқушыларға өз жұмыстарын критерийлерге сәйкес бағалауды ұсынады: - қолдан жасалған бұйым орнықты тұрады; - бұйым ұқыпты орындалған. Оқушыларға оқулықтағы белгілерді қарап шығуды ұсыныңыз, олар өз жұмыстарын берілген критерийге сай бағалайды.</p>	<p>Оқушылар өз жұмыстарын қарап шығады және оларды берілген критерийлерге сәйкес бағалайды.</p>	<p>Қорытынды жауаптар туралы ойланған кезде оқушылар жұмысты құрудың барлық үдерісін талдаулары керек, сәтті жақтарын атап өтулері керек, мұғалімнен жұмыста қиындықтар туғызған нәрсені нақтылаулары қажет.</p>	<p>Әртүрлі көңіл күйді бейнелеп тұрған смайликтердің суреттері.</p>
<p>Сабақтың соңы. 1 минут</p>	<p>(Ж) Эмоциялық рефлексия Мұғалім оқушыларға өткен сабақ бойынша пікір алмасуды ұсынады. Ол үшін әр оқушы өз көңіл күйіне сәйкес келетін эмоцияны бейнелейтін смайликті таңдауы керек.</p>	<p>Рефлексияның бұл түрі оқушыларға бір-бірімен эмоциямен бөлісуге көмектеседі.</p>	<p>Оқушылардың өз әрекеттерін бағалауы.</p>	

9-САБАҚ

3-бөлім	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Біздің кішкентай «достарымыз»	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру;</p> <p>3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу;</p> <p>3.2.3.3 қалдық материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.</p>	
Сабақтың мақсаты	<p>- оқушыларды жануарлар мен құстарға арналған үйшіктер туралы жаңа ақпаратпен таныстыру;</p> <p>- құстарға арналған үйшік макетін жасау үшін әртүрлі материалдарды тандау және пайдалану.</p>	


САБАҚ БАРЫСЫ


Сабақ кезеңдері/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>(С) Ұйымдастыру кезеңі «Мен саған ... тілеймін» интерактивті әдісі Мұғалім сыныпты жақсы тілектермен қарсы алады және оларға бір-біріне жылы сөздер айтуды ұсынады.</p> <p>(С) Мақсат қою Тәуелсіз ойлауды дамытуға бағытталған «Шатаспақ» әдісі Мұғалім сабақ тақырыбының әріптерін тақтаның әртүрлі жерлерінде шашыраңқы орналастырып, оқушыларға шатасқан әріптерді ретімен қойып, сабақ тақырыбын табуды ұсынады. «Біздің кішкентай «достарымыз» деген сөз</p>	<p>Оқушылар бір-біріне күлімсіреп, жақсы көңіл күймен бөліседі. Сабақтың эмоциялық тұрғыдан жақсы басталуы оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді.</p> <p>Оқушылар әріптер немесе буындарды орналастырудың барлық ықтимал нұсқаларын талқылай отырып, сабақ тақырыбын дұрыс тұжырымдауға тырысады.</p>	<p>Сабақ басында оқушылардың эмоциялық қоршаған кеңістікті бағалауы</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары</p> <p>Мұғалімнің мадақтау, эмоциялық тұрғыдан қолдау сөздері</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>
5 минут				 <p>Тірек сөздер:</p> <ul style="list-style-type: none"> макет.

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>тіркесі шығуы керек. Мұғалім сабақтың тақырыбын жариялайды, сабақтың мақсаттарын сыныпқа жеткізеді және оларға қол жеткізу жолдарын ұсынады.</p> <p>Тірек сөздермен жұмыс</p> <p>Макет – кез келген заттың кішірейтілген моделі. Оқушылардан бұл ұғымдардың мағынасын білетінін немесе білмейтінін сұраңыз. Сабақта олар бұл сөздердің нені білдіретінін анықтайтынын және олардың мағынасын қарастыратынын айтыңыз.</p>			<p>Сынып тақтасы, түрлі көркем және қоласты материалдар мен құралдар</p> <p>Оқулық, 36-38-беттер.</p>
<p>35 минут</p>	<p>(Д, Ж, С) Жана ақпаратты зерттеу Кіріспе әңгіме</p> <p>Оқушылар оқулықтағы мәтінді оқып, иттің үйшігі, құстың ұясы дегеннің не екенін айтсын (Оқулық, 36-бет).</p> <p>Олардан жануарлардың адам қолымен жасалған үйшіктерін қалада немесе ауылда қай жерлерден кездестіргенін сұраңыз. Ін немесе ағаштың діні деген не, онда кім тіршілік ететінін айтсын.</p> <p>(Ж) Эксперименттік зерттеу тәсілі (кестемен жұмыс)</p> <p>Мұғалім оқушыларға оқулықтағы суреттерде бейнеленген жануарлар мен құстардың үйшіктерін мұқият қарап, олардың қандай материалдардан жасалғанын, қалай құралғанын анықтауды тапсырады (Оқулық, 37-бет). Бұл үйшіктер ыңғайлы ма? Неліктен жануарлар мен құстар үшін мұндай</p>	<p>Оқушылар жабайы және үй жануарлары мен құстардың ұяларының, үйшіктерінің фотосуреттерін қарайды, олардың қайсысын бұрын кездестіргенін талқылайды, өз үйінен немесе достарының үйінен қандай үйшіктерді көргенін айтады, мысалы, мысыққа, итке арналған үйшіктер немесе саябақта кездесетін ағаштан жасалған құстардың жемсалғыштары және т.б.</p> <p>Әртүрлі үйшіктер бейнеленген суреттерді қарастырған кезде оқушылар олардың қандай материалдардан жасалғанын немесе жасауға болатынын айтуы мүмкін. Мұндай мысалдар шығармашылық</p>	<p>Мұғалімнің ауызша түсініктемелері сыныптағы оқушыларға қажетті қолдау түрі болуы мүмкін.</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары.</p> <p>Мұғалімнің оң пікірлері, оқушылардың жауаптарын жағымды тұрғыдан түзету.</p>	<p>Бұл сабақты «Жаратылыстану» пәнімен кіріктіріп оқыту ұсынылады. Оқушылар шығармашылық жұмысты орындар кезінде жаратылыстану сабақтарында алған білімдеріне сүйенеді.</p> <p>Құстардың ұялары https://www.youtube.com/watch?v=YJ90SFT1Po</p>

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

	<p>Үйшіктер жасау керектігін ойлансын. Неліктен адамдар жабайы және иесіз жануарлар мен құстарға қамқорлық жасауы керек? Неліктен оларды қыста тамақтандыру қажет?</p> <p>Шығармашылық идеяларды дамыту (С) Бірлескен әңгіме әдісі Оқушыларға «Оқы, қызық!» айдарындағы ақпаратпен танысып, берілген мәселе бойынша өз пікірлерін айтуды тапсырыңыз (Оқулық, 37-бет).</p> <p>(С) Сергіту сәті Көзге арналған жағтығу Оқушыларға көздерін жоғары, солға, оңға және төмен қаратуды тапсырыңыз. Осы жағтығуды бірнеше рет қайталаңыз.</p> <p>(Д) Практикалық жұмыс Көрнекі түрде көрсету және білімді практикада қолдану әдістері Оқушыларға қалың түсті қағаздан немесе картоннан құстың ұясы немесе үйшік түрінде бір-екі бұйым жасауды тапсырыңыз. Ол үшін әр қадамды дауыстап айтып, сұрақтарына жауап бере отырып, оқушыларға жұмысты орындау кезеңдерін көрнекі түрде көрсету қажет. Практикалық жұмыс барысында көмек қажет ететін оқушыларға ғана қолдау көрсеткен жөн.</p>	<p>және сыни ойлау дағдыларын дамытуға тиімді ықпал етеді, өйткені оқушылар бұрын не көргенін еске түсіріп қана қоймай, оны өз қолдарымен қалай жасауға болатынын пайымдайды. Жаңа ақпаратты қабылдаудың көрнекі тәсілі, суретті талқылау мүмкіндігі сыныптастар арасында жаңа біліммен алмасуға ықпал етеді. Оқушылар мұғалімнің нұсқауына сәйкес қарапайым көз қимылдарын жасайды. Оқушылар оқулықтағы көрнекі ақпаратпен танысады, оны жұпта немесе топта талқылайды, үйшік немесе құс ұясының макетін жасау ретін ойластырады. Содан кейін оқушылар қайшыны, желімді қауіпсіз пайдалану ережелерін еске түсіріп, сыныптастарымен бірге талқылайды. Бұл ақпарат оқушылар мен олардың қауіпсіздігі үшін өте маңызды.</p>	<p>Бағалау – жауаптары дұрыс болған оқушыларға көңілді смайликтер салынған жетондар беру. Мұғалімнің бақылаулары мен пікірлері Мұғалімнің пікірлері</p>	 <p>Мектеп мұрағатынан алынған оқушылардың жұмыстары. Түрлі түсті қағаз, қайшы, шаблондар, желім, түрлі түсті қалың қағаз. Оқулық, 38-бет.</p>
--	---	--	---	---

	<p>Саралау Бұл тапсырмада саралау оқушылардың материалдарды, жұмыс түрі мен техникасын өз бетінше таңдауынан көрінеді. Мұғалім үлгілерді алдын ала дайындап, басып шығарып, оқушыларға жасағысы келетін үлгі түрін тандап алу құқығын береді.</p> <p>Бағалау Оқушыларға өздері жасаған жұмыстарын қарап шығуды және сұрақтарға жауап беруді ұсыныңыз: - Ұя жасағанда неден қиналдың? - Ұяны тағы қалай жақсартуға болады?</p> <p>Қорытындылау Мұғалімге сабақты оқушылар жауап бере алатын бірнеше сұрақтармен қорытындылау ұсынылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сен қандай макет түрін жасадың? • Өз таңдауыңды түсіндір. <p>Оқушыларға үйде ата-аналарымен бірге панасыз жануарларға арналған нағыз үйшік жасауды тапсырыңыз.</p>	<p>Практикалық жұмысты орындаған кезде оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан қолдау мен көмек сұрай алады.</p> <p>Оқушылар жұмысты орындау үшін қағаз немесе картон секілді материалды, оның түсін тандайды.</p> <p>Өз жұмысының нәтижелерін бағалаған кезде оқушылар мұғалімнің қойған сұрақтарына жауап беруді ойлануы керек. Оқушылар жауаптарды өз бетінше де, сыныптастарымен жұпта немесе топта да тұжырымдай алады.</p> <p>Оқушылар өз жұмыстарын қарастырады және оны жасаудың кезеңдерін еске түсіреді, оны жасаудағы жетістіктер мен қиындықтарды айтады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары</p> <p>Мұғалімнің пікірлері</p>	<p>Құстарға арналған жемсалғыштарды қолдан жасау https://www.youtube.com/watch?v=5XpZnb-g1bQ</p> 
<p>Сабақтың соңы 1 минут</p>	<p>(Ж) Эмоциялық рефлексия Мұғалім эмоциялық рефлексия жасайды. Ол үшін оқушыларға сабақ ұнаса, олар қол шапалақтайды. Шапалақ неғұрлым қатты болса, сабақ соғұрлым қызықты болды.</p>	<p>Эмоциялық рефлексия сыныптағы оқушылардың эмоциялық интеллектісінің дамуына ықпал етеді.</p>	<p>Оқушылардың өз жұмысын бағалауы.</p>	

10-САБАҚ

3-бөлім	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Тазалықты сақта	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдарды жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау;</p> <p>3.2.3.2 мүмкіндігіне қарай өз жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау;</p> <p>3.1.3.3 әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамыту.</p>	
Сабақтың мақсаты	<p>- оқушыларды қалдық материалдың не екенімен таныстыру;</p> <p>- алған білімдерін шығармашылық жұмыс жасау үшін пайдалану.</p>	



73


САБАҚ БАРЫСЫ				
Сабақ кезеңдері/Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>(С) Ұйымдастыру кезеңі</p> <p>«Күлімсіреу» интерактивті тәсілі</p> <p>Мұғалім оқушыларды күлімсіреп қарсы алады және оларға бір-біріне күлімсіреуді ұсынады.</p>	<p>Оқушылар бір-біріне әртүрлі жағымды тілектер айтады.</p> <p>Сабақтың эмоциялық тұрғыдан жақсы басталуы оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді.</p>	<p>Сабақтың басында оқушылардың эмоциялық қоршаған кеңістікті бағалауы</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>
5 минут	<p>(С) Жағымды эмоциялық орта құру, бірлесіп әңгімелесу әдісі.</p> <p>(С) Мақсат қою</p> <p>Өз бетімен ойлануды дамыту әдісі</p> <p>Мұғалім оқушыларға оқулықтағы «Оқы, қызық!» айдарындағы суреттерге қарап, не бейнеленгенін түсіндіруді тапсырады.</p>	<p>Оқушылар оқулықтағы суреттер туралы ойланып, сабақ тақырыбын тұжырымдаудың мүмкін нұсқаларын талқылайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары</p>	<p>Тірек сөздер:</p>

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

	<p>Қажет болса, оқушылардың жауаптарын толықтырыңыз. Сабақтың мақсаттарын сыныпқа айтыңыз және оларға қол жеткізу жолдарын көрсетіңіз.</p> <p>Тірек сөздермен жұмыс Қалдық материал – адам тұрмыста қолданып тастаған әртүрлі заттар, пластикалық бөтелкелер, картон қаптамалар, қораптар және т.б. Мұндай материалдарды әртүрлі шығармашылық жұмыста қайта пайдалануға болады. Инсталляция – әртүрлі заттардан жасалған кеңістіктік композиция. Оқушылар жаңа ақпаратты жақсы қабылдауы үшін мұғалім қалдық материалдардың үлгілерін алдын ала әкеліп, оқушыларға көрсетеді.</p>	<p>Тірек сөздер туралы ақпаратты оқушылар бұрын естіген болуы мүмкін. Оларды алғаш естіп отырған оқушыларға мұғалім сабақ барысында бұл сөздердің мағынасымен танысатынын айтады.</p>	<p>Мұғалімнің мадақтау, эмоциялық тұрғыдан қолдау сөздері</p> <p>Мұғалімнің оң пікірлері, оқушылардың жауаптарын жағымды тұрғыдан түзетуі</p>	<ul style="list-style-type: none"> • қалдық материал; • инсталляция. <p>Сынып тақтасы, түрлі көркем және қоласты материалдары мен құралдары</p> <p>Сынып тақтасы</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>35 минут</p>	<p>(Д, Ж, С) Жаңа ақпаратты зерттеу Сыни тұрғыдан ойлау әдісі Кіріспе әңгіме Оқулықта берілген жағажайдағы қоқыс, саябақтағы немесе ормандағы қоқыс жинау үдерісі бейнеленген суреттерге қарап, мәтіндік ақпаратты оқуды тапсырыңыз (Оқулық, 39-бет). Біраз уақыттан кейін сыныптан сұраңыз: - Қалдық материал деген не? - Инсталляция деген не? - Суретшілер ғаламшардың ластануымен қалай күрес алады? - Ғаламшарымыздың тазалығы үшін не ұсына аласындар?</p> <p>(Ж, С) Көрнекі-иллюстрациялық әдіс</p>	<p>Оқушылар оқулықтағы фотосуреттермен танысады, білім алмасады, мұндайды қайдан көргендерін және қалалық алаңдарда, жағажайларда, таулы жерлерде және т.б. қоқыс жинайтын еріктілер туралы не білетіндерін әңгімелейді.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша түсініктемелері сыныптағы оқушыларға қажетті қолдау түрі болуы мүмкін.</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары.</p>	<p>Бұл сабақты «Жаратылыстану» пәнімен кіріктіріп оқыту ұсынылады.</p> <p>Оқушылар шығармашылық жұмысты орындар кезінде жаратылыстану сабақтарында алған білімдеріне сүйенеді.</p>

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ға тиесілі

	<p>Қарапайым заттардан, мысалы, кітаптар, пеналдар, қарындаштар, бояулардан кеңістіктік композиция жасап, оларға инсталляцияның не екенін көрсетіңіз. Инсталляцияңызға атау ойлап табыңыз. Оның ерекшеліктерін түсіндіріп өтіңіз. Сыныпқа оқулықтағы суреттерді қарап, «Суреттерді зерделе» айдарындағы мәтінмен танысуды тапсырыңыз (Оқулық, 39-бет).</p> <p>Шығармашылық ойлау тәсілі (<i>жұпта немесе шағын топтарда жұмыс істеу</i>)</p> <p>Эксперимент жүргізу</p> <p>Оқушыларға қысқа уақыт ішінде рюкзактағы заттардан, оқу құралдарынан немесе жақын маңдағы заттардан инсталляция жасауды тапсырыңыз. Жұптар немесе топтар инсталляцияларын көрсетіп, олардың нені білдіретінін түсіндірсін. Оқушылардың кез келген инсталляция автордың қандай да бір идеясын жеткізетінін түсінуі маңызды. Автор әртүрлі материалдарды, жұмыс өлшемдерін, композиция түрлері мен т.б. қолданып, көрермендерге өз идеясын ашады.</p> <p>(С) Сергіту сәті</p> <p>Саусақ гимнастикасы</p> <p>Барлық саусақтарды жұдырыққа қатты қысып жинау, содан кейін жылдам ашу, осыны бірнеше рет қайталау, содан кейін алақанды сілкіу.</p>	<p>Оқушылар оқулықтың осы айдарында көрсетілген инсталляцияларды жасау үшін қандай материалдар қолданылғанын түсінуі керек. Бұл ақпаратты талдау оларға алған білімі мен тәжірибелерін тиімді қолдана отырып, сабақта практикалық жұмыстарды орындауға көмектеседі.</p> <p>Оқушылар инсталляциялар жасау үшін, эксперимент ретінде, жақын жерде немесе мектеп рюкзактарындағы кішкентай заттарды пайдаланады, мысалы, пенал, кітаптар, жемістер, су құйылған пластикалық бөтелке және т.б.</p> <p>Оқушылар мәтін мен мұғалімнің көрсеткен қимылдарына сәйкес физикалық жағтығулар орындайды.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша он пікірлер айтып, қолдауы</p> <p>Мұғалімнің ауызша баға беруі</p> <p>Эмодзи түріндегі түрлі түсті белгілермен бағалау: қызыл – көңілісіз, жасыл – көңілді, сары – ойлы.</p>	<p>Жаһандық ластану мәселесі, қоқыстың ыдырауы</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=d11WVnZkK2I</p>  <p>Экология</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=E1OCd78QEjk</p>  <p>Оқулық,</p>
--	---	--	---	--

	<p>(С) Бірлескен әңгіме Жаңа ақпаратты қабылдау тәсілі Оқушыларға оқулықта түрік суретшісі Дениз Сагдың туралы қызықты жаңа ақпарат бар екенін айтыңыз. Мәтінмен және суреттермен танысып, сондай-ақ сыныптастарына қалаларында немесе ауылдарында қандай қызықты нәрселер бар екенін, қандай инсталляцияларды көргендерін айтсын.</p> <p>(Д) Практикалық жұмыс Көрнекі түрде көрсету және білімді практикада қолдану әдістері Оқушыларға қалдық материалдардан тасбақа жасауды тапсырыңыз, олар әрдайым оңай табылады: жұмыртқаның науасы, қызғылт сары және жасыл түсті бояу, қайшы, маркер. Жұмыс үдерісінің иллюстрацияларын оқулықтан қарауға болады (Оқулық, 41-бет).</p> <p>Мұғалімге оқулықтағы мәтіндік сипаттамаға және көрнекі бейнелер бойынша тасбақа жасаудың барлық кезеңдерін көрнекі түрде көрсетуге кеңес беріледі. Оқушыларға бүкіл жұмыс барысын көрсету үшін мұғалім сабаққа дейін барлық материалдар мен құралдарды алдын ала дайындауы керек. Практикалық жұмыс басында мұғалімге жұмыс кеңістігінің ұйымдастырылуын бақылау ұсынылады, сонымен қатар</p>	<p>Оқушылар өз қалаларында немесе ауылдарында көрген инсталляция мысалдарын келтіре алады.</p> <p>Сондай-ақ алдымен жаңа көрнекі ақпаратты өз бетінше зерттеп, тақырып бойынша өз идеяларын айтуына болады.</p> <p>Мұғалімнің жұмыс барысын көрнекі түрде көрсетуі, яғни жаңа ақпаратты көрнекі тәсіл арқылы қабылдау оқушыларға жұпта немесе сыныпта алынған ақпаратты бірге талқылауға көмектеседі, содан кейін оқушылар қайшыны қауіпсіз пайдалану ережелерін еске түсіреді. Бұл ақпарат оқушылар үшін өте маңызды.</p> <p>Практикалық жұмысты орындау барысында оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан қолдау мен көмек сұрай алады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары және ауызша қолдау көрсетуі.</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары.</p>	<p>39-41-беттер.</p> <p>Керемет кокыс мүсіндері https://www.youtube.com/watch?v=bpK4TB1-B10</p>  <p>Эмодзи түріндегі түрлі түсті белгілер: қызыл – көңілсіз, жасыл – көңілді, сары – ойлы.</p> <p>Жақын жерде немесе мектеп рюкзактарында жатқан шағын зағтар, мысалы, пеналдар, кітаптар, жемістер, су құйылған пластикалық бөтелке және т. б.</p>
--	--	--	---	---

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі


	<p>оқушыларға қайшыны пайдаланған кезде қауіпсіздік ережелерін сақтауды еске салу қажет, өйткені қайшы өте өткір болуы мүмкін.</p> <p><i>Ескерту:</i> Кейбір балаларға практикалық жұмысты жеке орындау қиындық туғыза, оларға тапсырманы жұпта немесе топта орындауды ұсынуға болады. Жүппен/топпен жұмыс істеу идеялармен алмасуға, өзара қолдау көрсетуге және мотивацияны арттыруға ықпал етуі мүмкін.</p> <p>Оқушыларға «Сабақтағы қауіпсіздік техникасы» туралы ақпаратты еске түсіруді тапсырыңыз, содан кейін мына сұрақтарды қойыңыз.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Неліктен қайшыны үстелге ашық күйінде қалдыруға болмайды? - Не үшін қайшыны сабы жағымен алға тартып берген жөн? <p>Практикалық жұмысты орындаған кезде мұғалімнің көмегін қажет ететін оқушыларға ғана қолдау көрсеткен жөн.</p> <p>Практикалық жұмысты аяқтағаннан кейін оқушыларға өз әсерлерімен бөлісуді ұсыныңыз. Оларға жұмыс ұнаған-ұнамағанын, әсіресе, не ұнағанын сұраңыз. Оқушыларға өз жауаптарын түсіндіруді ұсыныңыз.</p>	<p>Мұғалім жаңа ақпаратты көрнекі түрде көрсеткен кезде оқушылар мұқият тыңдап, қажет болған жағдайда өздерін қызықтыратын сұрақтарын қоюы керек.</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары мен пікірлері</p> <p>Мұғалімнің пікірлері</p>	<p>Жұмыртқа науасы, қайшы немесе кеңсе пышағы, басқа пластикалық материалдар</p> <p>Балалардың білімін тексеруге арналған қосымша тест сұрақтары:</p> <p>Тазартылмаған қоқыс қоршаған ортаға қалай зиян тигізеді?</p> <p><i>a) шыны заттар өрт тудыруы мүмкін;</i></p> <p><i>b) металл заттар жануарларды жарарақаттауы мүмкін;</i></p> <p><i>c) шіріген қоқыс улы заттарды бөліп шығарады.</i></p> <p>Қалдық материал дегеніміз не?</p> <p><i>a) бірнеше рет қолдануға болатын материал;</i></p> <p><i>b) пайдаланылған және қажет емес материал, мысалы,</i></p>
--	--	---	---	---

	<p>Саралау Бұл тапсырмада саралау тасбақа жасау үшін оқушылардың әртүрлі материалдарды өз бетінше тәуелсіз таңдауынан көрінеді.</p> <p>Бағалау Оқушыларға жұмыстарымен алмасып, баға беруді ұсыныңыз. Мұны қарама-қарсы отырған сыныптаспен жұпта орындаған дұрыс. Мұғалім бағалау критерийлерін тақтаға жазып қоя алады: - тасбақа ұқыпты боялған; - сауытының өрнектері анық көрінеді; - көздері мен танауы дұрыс салынған.</p> <p>Қорытындылау Мұғалім сабақты оқушылар жауап бере алатын бірнеше сұрақтармен қорытады: • Осы сабақта не білдің, не үйрендің? Оқушыларға үйде қалдық материалдан бұйым жасауды ұсыныңыз.</p>	<p>Оқушылар өз жұмыстарын қарастырады және оны жасаудың кезеңдерін еске түсіреді, оны жасаудағы жетістіктері мен қиындықтарын айтады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары</p>	<p>пластикалық бөтелкелер мен картон қораптар; с) қоршаған ортаға зиян келтірмейтін материал.</p> <p>Қоқыстың әртүрлі түрлерінен қандай қауіптер туындауы мүмкін? а) дымқыл қоқыс өрт тудыруы мүмкін, пластикалық бөтелкелер жануарларды жарақаттауы мүмкін; б) жануарлардың металл заттардан жаралануы, пластикалық материалдар өрт тудыруы мүмкін; с) шыны заттар өрт тудыруы, ылғалды қоқыстардан улы заттар бөлінуі мүмкін.</p>
<p>Сабақтың соңы 1 минут</p>	<p>(Ж) Эмоциялық рефлексия Мұғалім эмоциялық рефлексия жасайды. Егер оқушыларға сабақ ұнаса, олар 3 рет қол шапалақтайды. Шапалақ саны неғұрлым аз болса, соғұрлым сабақ қиындық тудырды деген сөз. <i>Ескерту:</i> Сыныптағы оқушылардың мүмкіндігін ескере отырып, осы сабақ тақырыбын 2 сабақ аясында өткізуге болады.</p>	<p>Эмоциялық рефлексия сыныптағы оқушылардың эмоциялық интеллектісінің дамуына ықпал етеді.</p>	<p>Оқушылардың өз жұмысын бағалауы</p>	

11-САБАҚ

3-бөлім	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні		
3-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Менің органиайзерім	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, кию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру);</p> <p>3.2.3.1 материал және құралдармен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын сақтау.</p>	
Сабақтың мақсаты	<p>- органиайзердің не екенін түсіндіретін ақпаратпен танысу;</p> <p>- материалдардың түрлерін ажырату;</p> <p>- қолда бар материалдардан органиайзер жасау.</p>	

САБАҚ БАРЫСЫ


Сабақ кезендері/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>(С) Ұйымдастыру кезеңі «Сәлемдесу» интерактивті ойын әдісі Мұғалім оқушыларға бір-бірімен жылы сөздермен амандасуды ұсынады.</p> <p>(С) Мақсат қою Өз бетінше ойлауды дамыту тәсілі, оқулықпен жұмыс Оқушыларға айналасына қарап, оқу құралдары мен оқулықтардың ұйымдастырылуы және сақталу тәртбіне көңіл бөледі тапсырыңыз. Кішкентай заттар қалай ұйымдастырылған? Оларды қандай да бір бөлімдерге немесе файлдарға жинау ыңғайлы ма?</p>	<p>Оқушылар әртүрлі жақсы сөздерді қолданып бір-бірімен сәлемдеседі. Сабақтың эмоциялық тұрғыдан жақсы басталуы оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді. Оқушылар жұмыс орнындағы құралдарының қалай ұйымдастырылғандығын, оқу құралдарын пайдалану ыңғайлылығын ойластырады.</p>	<p>Сабақтың басында оқушылардың эмоциялық қоршаған кеңістікті бағалауы Мұғалімнің бақылаулары</p> <p>Мұғалімнің мадақтауы, эмоциялық тұрғыдан қолдау сөздері</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Тірек сөздер: • органиайзер;</p>
5 минут				

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

	<p>Кіріспе әңгімеден кейін мұғалім сабақ тақырыбын жариялайды. Сабақтың мақсаттарын сыныпқа айтып, оларға қол жеткізу жолдарын көрсетеді.</p> <p>Тірек сөздермен жұмыс</p> <p>Органайзер – ұсақ заттарды сақтайтын арнайы бөлімшелерге бөлінген қораптар. Олар заттарды өлшеміне, түсіне, пішініне қарай жинақтауға көмектеседі.</p> <p>Қолда бар материал – қандай да бір бұйым жасау үшін қолдануға болатын қолда бар қалдық материалдар.</p> <p>Мұғалім сабақ барысында немесе басында осы ұғымдардың мағынасын егжей-тегжейлі түсіндіргені абзал. Бірақ алдымен олардың мағынасын біле ме деп сұрап, сыныпты қызықтырып қойған дұрыс.</p>	<p>Тірек сөздермен жұмыс істеген кезде оқушылар олардың мағынасын білуі мүмкін.</p> <p>Егер оқушылар бұл сөздерді бірінші рет естісе, мұғалім оларға жаңа сөздердің мағынасымен сабақ барысында танысатындарын айтады.</p>	<p>Мұғалімнің оң пікірлері, оқушылардың жауаптарын жағымды тұрғыдан түзетуі</p>	<ul style="list-style-type: none"> қолда бар материал. <p>Сынып тақтасы, түрлі көркем және қоласты материалдар мен құралдар</p> <p>Оқулық, 42-44-беттер.</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>35 минут</p>	<p>(Д, Ж, С) Жаңа ақпаратты зерттеу Сыни тұрғыдан ойлау әдісі Кіріспе әңгіме. «Сұхбат» әдісі</p> <p>Оқулықта әдемі безендірілген органиал-зерлердің суреттерін қарастырыңыз (Оқулық, 42-бет). Оқушылардан олардың қалай безендірілгенін және қандай түсті екенін сипаттауды сұраңыз. Безендіру үшін қандай түстер жиі кездеседі?</p> <p>Сауалнаманы «Сұхбат» әдісі арқылы жүргізуге болады. Жауап беруші оқушыға микрофон ұсынуға болады және оқушыларға органиалзерлердің ерекшеліктерін журналиске сұхбат беріп отырғандай жауап беруді ұсынады.</p>	<p>Оқушылар оқулықта көрсетілген түрлі органиалзерлердің фотосуреттерімен танысады.</p> <p>Мұғалімнің сұрақтарына жауап берген кезде оқушылар шынайы өмірден мысалдар келтіре алады.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша түсініктемелері сыныптағы оқушыларға қажетті қолдау түрі болуы мүмкін.</p>	

	<p>(Д, Ж, С) Жана ақпаратты зерттеу Сыни тұрғыдан ойлау әдісі Әр оқушыға сабаққа дейін әкелген әртүрлі ыдыстарын жеке немесе жұпта қарастыруды тапсырыңыз. Бұл әртүрлі көлемдегі және пішіндегі банкалар, қораптар, пластик және картон жұмыртқа қаптамалары болуы мүмкін. Эксперимент жүргізу үшін өздерінде бар ұсақ заттарды дайын ыдыстар мен қораптарға салуды тапсырыңыз. Ұсақ заттарды осылай сақтау қаншалықты ыңғайлы екенін сұраңыз. Бірлескен әңгімеде оқушыларға «Анықта» айдарындағы мәтінмен және көрнекі суреттермен танысуды ұсыныңыз (Оқулық, 42-бет). Олардан суреттердегі органиайзерлерді сипаттауды, оларды үйден әкелген ыдыстарымен салыстыруды тапсырыңыз. Қайсысын пайдалану ыңғайлы және неге олай екенін сұраңыз.</p> <p>(С) Сергіту сәті Көзге арналған жаттығу Бұл сабақта оқушылар оқулықта берілген көлемі үлкен көрнекі ақпаратпен жұмыс істейтіндіктен, көзге арналған жаттығуды жасау ұсынылады. Оқушыларға көздерін жоғарыға, төменге, солға және оңға қарату тапсырыңыз. Осы жаттығуды бірнеше рет жасауға болады.</p> <p>(Д) Практикалық жұмыс Көрнекі түрде көрсету және білімді практикада қолдану әдістері</p>	<p>Оқушылар әртүрлі көлемдегі және дизайндағы органиайзерлердің ерекшеліктерін түсінуі керек, бұл үшін олар үйден әкелген әртүрлі ыдыстарын қарастырады, оларды оқулықта көрсетілгендермен салыстыра отырып, айрықша ерекшеліктері туралы ойланады.</p> <p>Оқушылар мұғалімнің нұсқауларына сәйкес қарапайым көз жаттығуларын жасайды.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша оң пікірлер айтып, қолдауы.</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары</p>	<p>Қалдық материалдан жасалған әртүрлі ыдыстар, әртүрлі көлемдегі және пішіндегі банкалар, қораптар, пластикалық және картоннан жасалған жұмыртқа қаптамалары.</p> <p>Шырын қораптары, картон, түрлі түсті қағаз, қайшы, қарындаш тәріздес желім.</p>
--	---	--	--	---


Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ға тиесілі

	<p>Оқушыларға жасағысы келетін органайзер нобайын жасауды тапсырыңыз. Ол үшін оның қасиеттерін талқылау қажет:</p> <ul style="list-style-type: none"> - органайзер құрылымының беріктігі; - онда әртүрлі ұсақ заттарды сақтау мүмкіндігі; - сәнділігі. <p>Сондай-ақ қандай материалдарды қолдануға болатынын ойлансын.</p> <p>Оқушылар органайзер жасаудың оқулықта көрсетілген екі әдісін мұқият оқып шықсын (Оқулық, 43-44-беттер).</p> <p>1. Арыстан түріндегі органайзер жасау</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Картон қораптың жоғарғы бөлігін қиып алу. 2. Жан-жағын қоңыр түсті қағазбен қаптау. 3. Картоннан аяқтарын қиып алу. 4. Аяқтарды түрлі түсті қағазға желімдеп, қиып алу. 5. Тұмсығын, құйрығын, жалын түрлі түсті қағаздан қиып алу. 6. Органайзердің барлық бөліктерін құрастыру. <p>2. Картон қытырлақтарынан қалған құтыдан органайзер жасау</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Материалдарды дайындау. 2. Құтылардың жоғарғы бөлігін әртүрлі биіктікте кесу. 3. Құтыларды безендіру. 4. Картоннан негіз дайындау, оған өрнекті ақ майлықты желімдеу. 5. Дайын құтыны негізгі желімдеу. <p>Сондай-ақ мұғалім олардың әрқайсысын</p>	<p>Практикалық жұмысты орындау кезінде оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан қолдау мен көмек сұрай алады.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша оң пікірлер айтып, қолдауы</p>	<p>Қолдан жасалған органайзерлер https://ru.pinterest.com/pin/1477812371863172/</p> 
--	---	---	---	---


	<p>ауызша айта отырып, барлық екі әдісті көрнекі түрде көрсетуі керек. Практикалық жұмысты орындаған кезде мұғалім көмек қажет ететін оқушыларға ғана көмектескені дұрыс.</p> <p>Саралау Саралау оқушылардың органиайзер жасау әдісін, материалын, түсі мен дизайнын өз бетінше таңдауынан көрінеді.</p> <p>Бағалау Оқушыларға жасалған органиайзерлерді үстелге қойып, ең жақсы үш жұмысты таңдауды ұсыныңыз. Жұмыстар ұқыпты, берік және функционалды болуы керек (әртүрлі ұсақ заттарды сыйдыруы тиіс).</p> <p>Қорытындылау Сабақ аяқталғаннан кейін оқушылар мына сұрақтарға жауап берсін: - Сен жасаған органиайзер қандай заттарды сақтауға арналған? - Органиайзер жасау үшін қандай материалдарды қолдандың? - Бәрін ойдағыдай жасай алдың ба?</p>	<p>Оқушылар өз жұмыстарын қарастырады, оларды сыныпқа көрсетеді, оны жасау кезеңдерін сипаттайды, оны жасау барысында кездестірген сәттіліктері мен қиындықтарымен бөліседі.</p> <p>Сабақ аяқталғаннан кейін оқушылар мұғалімнің сұрақтарына ой жүгіртіп, жауаптарын тұжырымдайды.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша баға беруі</p>	
<p>4 минут</p>	<p>(Ж) Эмоциялық рефлексия Мұғалім оқушыларға өткен сабаққа қатысты өз ойын доптың түсімен көрсетуді ұсынады. Олар қораптағы жасыл немесе сары допты таңдап, оны жасыл немесе сары қорапқа салады. Жасыл қорапта доптар неғұрлым көп болса, оқушыларға сабақ соғұрлым ұнады дегенді білдіреді.</p>	<p>Эмоциялық рефлексия оқушылардың қарым-қатынас жасау дағдыларын дамытуға ықпал етеді.</p>	<p>Оқушылардың өз жұмысын бағалауы.</p>	
<p>1 минут</p>				

12-САБАҚ

3-бөлім	Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Пайдалы және зиянды өнімдер	
Білім беру бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, кию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру);</p> <p>3.2.3.1 материал және құралдармен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын сақтау.</p>	
Сабақтың мақсаты	<p>- зиянды және пайдалы өнімдерді ажырата білуге үйрету;</p> <p>- өртүрлі аппликация әдістерімен таныстыру;</p> <p>- аппликация техникасы көмегімен «Дұрыс тамақтану» тақырыбында плакат жасау.</p>	

САБАҚ БАРЫСЫ			
Сабақ кезендері/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау
Сабақтың басы	<p>(С) Ұйымдастыру кезеңі</p> <p>«Бір, екі, үш» интерактивті ойын әдісі</p> <p>Мұғалім оқушыларға қарама-қарсы тұрған немесе қарама-қарсы партада отырған сыныптасына 3 тілек айтуды ұсынады.</p> <p>(С) Мақсат қою</p> <p>Өз бетінше ойлауды дамыту тәсілі, оқулықпен жұмыс</p> <p>Мұғалім сабақтың тақырыбын «Пайдалы және зиянды өнімдер» деп жариялайды, оқушыларға оқулықтағы «Анықта» айдарындағы суреттерге қарауды ұсынады, содан кейін қандай өнімдер пайдалы, ал</p>	<p>Оқушылар бір-біріне үш жағымды тілек айтады.</p> <p>Сабақтың эмоциялық тұрғыдан жақсы басталуы оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді.</p>	<p>Оқушылардың сабақтың басталуының эмоциялық қоршаған кеңістігін бағалауы</p> <p>Мұғалімнің бақылаулары</p>
5 минут			<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Тірек сөздер:</p>

	<p>қайсысы зиянды екенін ойлануды тапсырады (Оқулық, 45-бет).</p> <p>Тірек сөздермен жұмыс Көлемді аппликация – бейнелер жұмыс бетінен дүмшіп көрінетін аппликация. Қабыстыру техникасы – шаршы қағаз қиықтарын бұрап, негізге жабыстыру. Квиллинг – түрлі түсті ұзын қағаз жолақтарын шиыршықтап, негізге жабыстыру.</p>	<p>Тірек сөздер туралы жаңа ақпаратпен жұмыс істеу кезінде оқушылар жұпта жұмыс істей отырып, алдыңғы білімдерімен бөліседі.</p>		<ul style="list-style-type: none"> • көлемді аппликация; • қабыстыру техникасы; • квиллинг. <p>Сынып тақтасы, түрлі көркем және қолда бар материалдар мен құралдар Оқулық, 45-47-беттер.</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>35 минут</p>	<p>(Д) Эксперимент жасау Көрнекі түрде көрсету және білімді практикада қолдану әдістері Оқушылар оқулықтағы пайдалы және зиянды өнімдердің суреттерін қарап шығып, қайсысын «Пайдалы өнімдер», қайсысын «Зиянды өнімдер» деген тәрелкеге салуға болатынын ойлансын (Оқулық, 45-бет). Оқушылар жаңа ақпаратты жақсырақ қабылдауы үшін мұғалімге сабаққа дейін алдын ала сыныпқа екі табак пен оқулықтағы суреттегідей тағамдар әкелуге болады, оларды карточкалармен алмастырып, тақтаға бекітуге болады.</p> <p>(Д, Н) Шығармашылық жұмыс Көрнекі түрде көрсету және білімді практикада қолдану әдістері Мұғалім оқушыларға қағазбен жұмыс істеудің түрлі әдістері туралы жаңа ақпаратпен танысуды ұсынады (Оқулық, 46-47-беттер). Ол үшін мұғалім қандай да</p>	<p>Оқушылар қай тағамның пайдалы, қайсысы зиянды екенін талқылауы керек.</p> <p>Оқушылар үйде қандай тағамдарды тұтынатынын еске түсіріп, қайсысы пайдалы, қайсысы пайдалы болмайтынын айтуы мүмкін.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша түсініктемелері сыныптағы оқушыларға қажетті қолдау түрі болуы мүмкін.</p>	<p>Әртүрлі өнімдердің суреттері бейнеленген карточкалар немесе өнімнің өздері.</p> <p>Әртүрлі көңіл күйді бейнелеп тұрған смайликтердің суреттері:</p>

	<p>бір техникада бейне жасау кезеңдерін айтып, көрнекі түрде жасап көрсетуі керек.</p> <p>Көлемді аппликация</p> <ol style="list-style-type: none"> 1 – жұмыс бөлшектерін дайындау; 2 – бөлшектерді фонға, яғни қағаздан жасалған дөңгелек тәрелкеге бекіту; 3 – сәндік бөлшектермен толықтыру. <p>Мұғалім көгеністердің түсі оқулықтағы суреттерден сәл өзгеше болуы мүмкіндігін айтады, мысалы, қызанақ сары болуы мүмкін. Көгеністермен де осылай жасауға болады, тек басқа пішін мен түр таңдауға болады, мысалы, қиярды күлгін баялдымен немесе қызғылт сары сәбізмен және т. б. алмастыруға болады.</p> <p>Қабыстыру</p> <p>Қабыстыру техникасының көмегімен гүл жасау. Бұл техниканы көрсеткен кезде мұғалім сынып арасында жүріп, оқушыларға жұмысты жақын қашықтықтан көрсеткені дұрыс, өйткені ол өте ұсақ бөлшектер көмегімен орындалған.</p> <p>Квиллинг</p> <p>Квиллинг техникасы арқылы шие бейнесін жасау:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1 – орамдарды бұрау сызбасы; 2 – квиллинг элементтерінің түрлері; 3 – квиллинг техникасындағы шие. <p>Квиллинг әдісімен бейне жасау жұмысы да ұсақ бөлшектермен байланысты, сондықтан оның кезеңдерін оқушыларға жақыннан көрсету ұсынылады.</p>	<p>Оқушылар айдардың жаңа көрнекі ақпаратын өз бетінше зерттей алады және осы мәселе бойынша өз идеяларын айта алады.</p> <p>Практикалық жұмысты орындау кезінде оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан қолдау мен көмек сұрай алады.</p> <p>Оқушылар сыныптастарымен жаңа ақпаратты талқылай алады.</p>	<p>Смайликтермен бағалау</p> <p>Мұғалімнің мадақтау, эмоциялық тұрғыдан қолдау сөздері.</p>	<p>Пайдалы және зиянды тағамдар Балаларға арналған әндер</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=NiRpmA8jX7U</p> 
--	--	--	---	--


	<p>Кауіпсіздік ережелері Өртүрлі техниканың әр кезеңін көрсеткен сайын мұғалім сыныпқа қағаз жолақтарын, желімді, қайшыны қолданғанда қауіпсіздік техникасын сақтауды еске салуы тиіс, өйткені қағаздың шеттері өткір болуы мүмкін, желім киімге және жақын маңдағы заттарға дақ түсіруі мүмкін. Қайшыны қолдануға ерекше назар аудару керек, оларды біреуге бергенде сабын алға тарту, ішкі жақтағы өткір жүздерін қолмен ұстамау керектігін ескеріңіз, қайшының ұштары да өте өткір болуы мүмкін.</p> <p>(Т, С) Практикалық жұмыс Білімді іс жүзінде қолдану әдісі Мұғалім оқушыларға топтасып немесе барлығы бірігіп, «Дұрыс тамақтану» тақырыбында аппликация жасауды ұсынады. Бірақ алдын ала шағын эскиз жасап алу қажеттігін ескеріңіз. Оқушыларға қажетті материалдар мен құралдарды дайындауды, өздеріне ұнаған техниканы таңдауды тапсырыңыз. Жұмыстың басында қайшыны, желімді, қағазды қолданған кезде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігін сұраңыз. Олардың жауаптарына түсініктеме беріңіз, қажет болған жағдайда оқушылардың жауаптарын толықтырыңыз. Оқушылар практикалық жұмысты орындап жатқанда, мұғалім практикалық тапсырманың қауіпсіз орындалуын бақылау қажет. Практикалық жұмысты</p>	<p>Оқушылар техниканы таңдап, практикалық жұмысты өз бетінше немесе жұппен орындайды. Білімді тиімді пайдалану үшін олар мұғалімнің сәндік-қолданбалы шығармашылықтың жаңа әдістеріндегі жұмысты көрнекі түрде көрсету кезінде алған білімдерін еске түсіреді.</p>		<p>Қағаз, қайшы, желім-қарындаш</p> <p>Балалардың білімін тексеруге арналған қосымша тест сұрақтары:</p> <p>Дені сау және мықты болу үшін не істеу керек? <i>a) дұрыс тамақтану;</i> <i>b) фастфудты көп жеу;</i> <i>c) газдалған сусындарды көп ішу.</i></p> <p>Қандай тағамдар ең пайдалы тағамдар? <i>a) фастфуд және газдалған сусындар;</i> <i>b) көгөністер, жеміс-жидектер;</i> <i>c) қуырылған пицца мен газдалған сусын.</i></p> <p>Ең зиянды тағам қандай тағам? <i>a) көгөністер мен жемістер;</i> <i>b) фастфуд және газдалған сусын;</i> <i>c) жеміс-жидектер.</i></p>
--	---	--	--	---

	<p>орындау кезінде көмек қажет ететін оқушыларға ғана көмектесумен жөн.</p> <p>Саралау Бұл тапсырмадағы саралау оқушылардың материалдар мен құралдарды өз бетінше таңдауынан көрінеді. Әр оқушыға таңдалған күрделілік деңгейіндегі жалпы жұмыстың бір немесе бірнеше бөлігін таңдап, орындауына болады.</p> <p>Бағалау Мұғалім оқушыларға орындаған жұмыстарын бүкіл сыныпқа көрсетуді, оның жасалуы туралы айтуды ұсынады. Оқушыларға бір-бірінің жұмысын бағалауды ұсыныңыз.</p> <p>Қорытындылау Мұғалімге сабақты оқушылар жауап бере алатын бірнеше сұрақтармен қорытындылау ұсынылады: - Өзіңнің шығармашылық идеяңды жеткізе алдың ба? - Жұмысыңда бір нәрсені өзгертің немесе толықтырғың келе ме?</p>	<p>Оқушылар өз жұмыстарын қарастырады және оларды берілген критерийлер бойынша бағалайды.</p> <p>Қорытынды жауаптар туралы ойланған кезде оқушылар жұмысты құрудың барлық үдерісін талдап, сәтті жақтарын атап өтуі керек, мұғалімнен жұмыста қиындықтар туғызған нәрсені нақтылауы қажет.</p>	<p>Мұғалімнің бақылаулары</p> <p>Мұғалімнің ауызша оң пікірлер айтып, қолдауы</p> <p>Мұғалімнің оң пікірлері, оқушылардың жауаптарын жағымды тұрғыдан түзету</p>	
<p>4 минут</p>	<p>(Ж) Эмоциялық рефлексия Мұғалім оқушыларға өткен сабақ бойынша пікір алмасуды ұсынады. Ол үшін оқушылар бір-біріне қол соға алады. Шапалақ неғұрлым қатты болса, соғұрлым оларға жұмыс үдерісі ұнады деген сөз.</p>	<p>Рефлексияның бұл түрі оқушыларға бір-бірімен эмоция бөлісуге көмектеседі</p>	<p>Оқушылардың өз әрекеттерін бағалауы</p>	
<p>Сабақтың соңы</p> <p>1 минут</p>				


13-САБАҚ

Бөлім	Өнер әлемінде	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Оригами. Қағаздан жасалған пішіндер	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын ажырату;</p> <p>3.1.2.3 қасиеттерінің сипатына қарай түрлі материалдардың қолдану аясын ажырату;</p> <p>3.2.1.3 шығармашылық жұмысты орындау техникасын жетілдіру.</p>	
Сабақтың мақсаттары	<p>- оқушыларды оригамидің негізгі әдістерімен таныстыру;</p> <p>- оригами техникасында қарапайым мүсіндер жасауды үйрету.</p>	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың басы</p> <p>5 минут</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сабаққа келмегендерді тексеру. Сыныпта бірлескен орта құру.</p> <p>Өткен сабақтың тақырыбы бойынша сауалнама. Білімді өзектендіру (С) Сыныпқа арналған сұрақтар: - Қандай зиянды және пайдалы тағамдарды білесің? - Өткен сабақтан қандай аппликация түрлерін есте сақтадың? - Квиллинг техникасында қандай негізгі элементтер қолданылады?</p> <p>Жаңа ақпаратты меңгерту. Қызықтыру Ынталандыру кезеңінде оқушыларға оқулықта берілген оригами техникасында</p>	<p>Бір-бірімен амандасады. Сабаққа дайындалады.</p> <p>Оқушылар сұрақтарға белсенді жауап береді. Зиянды тағамды пайдалы тағамнан ажыратады. Аппликация түрлерінің негізгі ерекшеліктерін түсіндіреді.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p> <p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p> 

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ға тиесілі


	<p>орындалған бірнеше жұмысты көрсетіңіз (Оқулық, 50-бет). Оқушылардан олардың қалай жасалғанын сұраңыз. Бұл сұрақ оқушылардың кеңістіктік және сыни ойлауының қай деңгейде дамығанын анықтауға көмектеседі.</p> <p>Түсіну кезеңі (К) Оқушыларға оригамидің қағазды бүктеу арқылы мүсіндер жасайтын жапондық өнер екенін айтыңыз (Оқулық, 50-бет). Оригамидің классикалық және модульдік түрі бар. Бірінші түрінде бір ғана қағаз қолданылады. Модульдік оригамиде бірдей бөліктерден (модульдерден) жиналады.</p> <p>Эксперимент жүргізу (Д) Практикалық жұмысты орындамас бұрын оқушыларды оригамидің негізгі әдістерімен таныстырып, шарты белгілердің мағынасын түсіндіру қажет. Өрі қарай оларға дайындап қойған зағтарды таратып, бірнеше негізгі тапсырмаларды орынданыңдар. Барлық тапсырманы оқушылармен бірге орындаңыз. Демонстрация кезінде әр оқушының тапсырмаларды дұрыс орындауын қадағалау үшін сынып арасында жүріңіз.</p>	<p>Оқушылар оригами мүсіндерін мұқият зерттейді. Бұл мүсіндер қатты қағазды бірнеше рет бүктеу арқылы жасалғанын анықтайды.</p> <p>Оригами туралы ақпаратты мұқият тыңдайды. Оригами түрлерінің арасындағы айырмашылықты түсінеді және оларды суреттерге қарап, ажыратады.</p> <p>Оқушылар мұғаліммен бірге барлық тапсырмаларды орындайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>Мұғалім үшін: Интерактивті такта, сабақ таныстырылымы, көрнекі материал.</p> <p>Оқушы үшін: Қарындаш, сызғыш, түрлі түсті қағаз, қайшы, желім.</p> <p>Оқулық, 50-53-беттер</p> <p>Оригами. https://www.youtube.com/watch?v=JvmXVee m2II</p> 
<p>Сабақтың ортасы 30 минут</p>	<p>Сергіту сәті Дөңгеленген киіз үй (бір орында жүру). Қош келіспіз бұл үйге! (қолды 2 жаққа созу). Қонақтар келе сала (денені солға-оңға бұру). Пешке отын салынар (бір орында секіру).</p>	<p>Оқушылар мұғалімнің сөзіне және қимылына сәйкес қарапайым жаттығулар жасайды.</p>		<p>Балалардың білімін тексеруге арналған</p>

	<p>Пеш қызып (қол шапалақтау) Қонақтарға ас беруге асық (отыру). Алақай, алақай, (қол шапалақтау) Дөңгеленген құймақтар (бір орында жүру).</p> <p>Практикалық тапсырма (Д) Бұл тапсырмада оқушылар оригами техникасында әртүрлі мүсіндер жасау керек. Оларға әр қадамы сипатталған, алдын ала басып шығарылған сызбаларды беріңіз немесе оларды оқулықта оқуды сұраныңыз (Оқулық, 51-бет). Жұмысты бастамас бұрын шартты белгілерді бірге талдаңыз. Барлық бала түсінгеніне көз жеткізіңіз. Тапсырманы орындаған кезде артта қалып жатқан оқушыларға көмек көрсетіңіз.</p> <p>Жұмыстың таныстырылымы Қорытынды (Т, Ж) Оригами көрмесін ұйымдастырыңыз. Таныстырылым кезінде жұмыстың 3 күшті жағын, 3 әлсіз жағын атауды тапсырыңыз. Бұл әдіс олардың шығармашылығын әділ бағалауға мүмкіндік береді.</p> <p>Бағалау <i>Бағалау критерийлері:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> • жануар пішіні дұрыс жиналған; • барлық бүктемелері түзу; • қандай жануар екені түсінікті. 	<p>Оқушылар берілген сызбалар бойынша мүсіндер жасайды. Қажет болса, мұғалімнен көмек сұрайды. Практикалық жұмысты мұқият орындауға тырысады. Қайшыны және басқа құралдарды пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертіңіз.</p> <p>Қолөнер көрмесін ұйымдастырады. Шығармашылық жұмыстарын сынып алдында таныстырады.</p> <p>Қорытынды жауаптарды ойластырған кезде оқушылар сабақтың бүкіл процесін еске түсіруі керек.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p> <p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>қосымша тест сұрақтары:</p> <p>Оригами дегеніміз не? <i>a) жапондық сурет өнері;</i> <i>b) жапондық қағаз фигураларын бүктеу өнері;</i> <i>c) жапон биі.</i></p> <p>Оригами жасаудың қанша негізгі әдісі бар? <i>a) бір. Классикалық;</i> <i>b) екі. Классикалық, модульдік;</i> <i>c) үш. Классикалық, модульдік, дөңселек.</i></p> <p>«Кусудама» дегеніміз не? <i>a) жапондық сурет өнері;</i> <i>b) жапон ойыншығы;</i> <i>c) «дәрілік шар» дегенді білдіретін жапондық оригами түрі.</i></p>
<p>4 минут</p> <p>Сабақтың соңы</p> <p>1 минут</p>	<p>Рефлексия Сабақ соңында рефлексия жүргізіңіз: - Мен оригами өнері туралы не білдім? - Не түсініксіз болып қалды? - Сабақтан есімде не көп қалды?</p>	<p>Оқушылар мұғаліммен бірлесіп бүгінгі сабақтың нәтижелерін талқылайды.</p>		


14-САБАҚ

Бөлім	Өнер әлемінде	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Жіппен бейнелеу. Жіп өрнектері	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.1.1.1 материал түрлерінің қолдану аясын анықтау;</p> <p>3.2.1.1. әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдар жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау;</p> <p>3.2.2.2 шығармашылық жұмыс жасау барысында ұлттық элементтерді тиімді қолдану.</p>	
Сабақтың мақсаттары	<p>- жіп өнері ұғымымен және оның негізгі әдістерімен таныстыру;</p> <p>- жіп өнері техникасында шығармашылық жұмысты орындау.</p>	


САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақтың кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<p>Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сабаққа келмегендерді тексеру. Сыныпта бірлескен орта құру.</p> <p>Өткен сабақтың тақырыбы бойынша сауалнама. Білімді өзектендіру Сұрақтар: - Оригами өнері қай елде пайда болды? - Оригами дегеніміз не? - Оригамидің қандай түрлері болады?</p> <p>Жаңа ақпаратты меңгеру Қызықтыру кезеңі (К) Оқушыларға оқулықта берілген жіп өнері техникасында жасалған бірнеше</p>	<p>Бір-бірімен амандасады. Сабаққа дайындалады.</p> <p>Өткен сабақ тақырыбы бойынша сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Жіп өнері техникасында жасалған жұмыстарды</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Мұғалім үшін: Интерактивті тақта, сабақ</p>

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ға тиесілі

<p>5 минут</p>	<p>жұмысты көрсетіңіз (Оқулық, 53-55-беттер). Олардың басты ерекшелігі неде екенін сұраңыз. Шебер мұндай ерекше эффектілерге қалай қол жеткізе алды? Олар сәндік-қолданбалы өнерде бұл техниканы күрделі деп санай ма?</p> <p>Түсіну кезеңі</p> <p>Оқушылар ұсынылған шығармашылық жұмыстар жіп өнері техникасында жасалғанын анықтағаннан кейін, оларға аталған техника Англияда пайда болғанын қысқаша айтып өтіңіз. Жіп өнері техникасы кесте тігуге ұқсайтынын түсіндіріңіз, мұнда графикалық өрнек қатты негізде белгілі бір ретпен тартылған жіптерден жасалады. Әрі қарай оқушыларды оқулықта берілген жіппен бейнелеудің негізгі әдістерімен таныстырыңыз (Оқулық, 53-55-бб.). Жіп өнері техникасының негізгі әдістері – бұрыш, шеңбер және доға екенін айтыңыз. Олардың көмегімен әдемі өрнектер мен суреттер жасауға болады. Оқушыларға барлық үш негізгі әдісті шағын форматта орындап көруді ұсыныңыз.</p> <p>Эксперимент жүргізу</p> <p>(Д) Бұл экспериментте оқушылар шеңберді әртүрлі жолдармен толтыруы керек. Оларға бұл әдістер қармастырғы ұзындығына байланысты екенін түсіндіріңіз. Қармастырғы неғұрлым</p>	<p>мұқият зерттейді. Жіп өнеріне тән белгілерді анықтайды.</p> <p>Оқушылар мұғалімді мұқият тыңдайды. Жіп өнеріндегі негізгі әдістердің ерекшеліктерін</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p> <p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>таныстырылымы, көрнекі материал.</p> <p>Оқушы үшін: картон қағазы, транспортир, түрлі түсті мулине жіптер, ине, ПВА желімі, қарапайым қарындаш, скотч.</p> <p>Оқулық, 53-55-беттер</p> <p>Жіп өрнектері https://www.youtube.com/watch?v=5IsJDKW3gP4</p> 
-----------------------	---	--	--	--

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі


	<p>ұзын болса, сәулелер соғұрлым өткір және сәйкесінше шеңбер кішірек болады. Оқушыларға жіптен бейнелеудің бірнеше сызбаларын ұсыныңыз (Оқулық, 54-бет). Жұмысты бастамас бұрын оларға инемен жұмыс істеу қауіпсіздік ережелерін еске түсіріңіз. Қажет болған жағдайда оқушыларға қолдау көрсетіңіз.</p>	<p>анықтап, оларды іс жүзінде орындап көреді.</p> <p>Ұсынылған тапсырмаларды орындайды. Қауіпсіздік ережелерін сақтайды.</p>		<p>https://www.youtube.com/watch?v=IU7Rxlkw3mk</p> 
<p>Сабактың оргасы</p> <p>30 минут</p>	<p>Сергіту сәті «Жел» (Бастапқы позиция – бір орында тік тұру). Жел бетімізге соғып (бетіміздің алдында алақандарымызды бұлғау), ағаш тербелді (қолды жоғары көтеріп, денені шайқау). Жел тыныштала бастады (қолды төмен түсіріп, отыру). Ағаш көкке самғады (қолды баяу жоғары көтеріп, тік тұру).</p> <p>Практикалық тапсырма (Д) Оқушыларға шығармашылық жұмыс ретінде жіптен бейнелеу ұсыныңыз. Күн бейнесін жасауды ұсыныңыз. Жұмысты бастамас бұрын орындау реттілігімен таныстырыңыз (Оқулық, 55-бет). Көбірек тәжірибені керек ететін техниканың күрделілігін ескере отырып, оны оқушымен бірге жасау ұсынылады. Қажетті материалдарды дайындаңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> - картон парағы; - біз; - кең көзді ине мен жіптер; - қарапайым қарындаш. <p>Жұмыс кезінде балалардың қауіпсіздік ережелерін сақтауын қадағалаңыз.</p>	<p>Оқушылар мұғалімнің сөзіне және қимылына сәйкес қарапайым жаттығулар жасайды.</p> <p>Өзіндік жұмыс.</p> <p>Оқушылар оқулықтағы көрнекі ақпаратпен танысады, оны жұпта немесе топта талқылайды, жұмыстың реттілігі туралы ойланады.</p> <p>Практикалық жұмысты орындау кезінде оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p> <p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	

<p>4 минут</p>	<p>Практикалық жұмыстың басында мұғалімге жұмыс орнының ұйымдастырылуын және қауіпсіздік ережелерінің сақталуын бақылау ұсынылады.</p> <p>Бағалау Оқушыларға жұмыстарымен алмасып, баға беруді ұсыныңыз. Мұны қарама-қарсы отырған сыныптаспен жұпта орындаған дұрыс.</p> <p>Бағалау критерийлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • тігістердің арасында бірдей қашықтықты сақтайды; • инешаншымды дұрыс орындайды; • Күннің суреті анық көрінеді. <p>Қорытынды Оқушылардан сыныпта шағын көрме ұйымдастыруды сұраңыз. Әр оқушы өз жұмысы туралы айта алады.</p>	<p>қолдау мен көмек сұрай алады.</p> <p>Оқушылар өз жұмыстарын көрсетіп, пікірлерін айтады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	
<p>Сабақтың соңы 1 минут</p>	<p>Рефлексия Сабақтың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жүргізеді: - Жіп өнері техникасы туралы не білдік? - Бұл білім бізге практикалық жұмыста қалай пайдалы болды? - Жұмысымызды жақсарту үшін не істеуіміз керек?</p>	<p>Өткен сабақ бойынша рефлексия жасайды.</p>		

15-САБАҚ

Бөлім	Өнер әлемінде	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Декупаж. Бөтелкені безендіру	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістерді қолдану;</p> <p>3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау.</p>	
Сабақтың мақсаттары	<p>- декупаж техникасының ерекшеліктерімен және оның түрлерімен таныстыру;</p> <p>- декупаж техникасында бөтелкені безендіру.</p>	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақтың кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың басы</p> <p>5 минут</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сыныпта бірлескен орта құру.</p> <p>Өткен сабақтың тақырыбы бойынша сауалнама. Білімді өзектендіру Жіп өнері техникасында қандай материалдар мен құралдар қолданылады: - Жіп өнері техникасының негізгі әдістері қандай? - Шеңбер элементін толтырудың қандай жолдары бар?</p> <p>Жана ақпаратты меңгеру. Қызықтыру кезеңі (К) Қызықтыру кезеңінде оқулықта берілген сәндік интерьер заттарын</p>	<p>Бір-бірімен амандасады. Сабаққа дайындалады.</p> <p>Нақты мысалдар келтіре отырып, өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Мұғалім үшін:</p>

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

<p>5 минут</p>	<p>көрсетіңіз (Оқулық, 56-бет). Содан кейін мына сұрақтарға жауап беруін сұраңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Олар өзіне ұқсас заттардан несімен ерекшеленеді? - Олар қалай және немен безендірілген деп ойлайсың? <p>Бұл мәселелер сыни ойлауды дамытуға көмектеседі.</p> <p>Түсіну кезеңі</p> <p>(С) Оқушыларға декупаж техникасы туралы айтыңыз (Оқулық, 56-бет). Әдеттегідей, қысқаша оның пайда болу тарихынан бастап, сөздің өзі нені білдіретінін түсіндіріңіз. Әрі қарай техниканың негізгі аспектілеріне өтіңіз. Декупаждың негізін өнімнің бетіне жабыстырылатын кесілген сызбалар құрайтынын түсіндіріңіз. Көбінесе сәндік майлықтармен безендіретінін айтыңыз, өйткені олар өте жұқа және тез кебеді. Әрі қарай оқушыларға декупаждың екі түрі болатынын айтыңыз: тікелей және көлемді (Оқулық, 57-бет). Тікелей декупажда суреттер, фотосуреттер, сәндік майлықтар қолданылады. Көлемді декупажда көлемді материалдар қолданылады: маталар, моншақтар, қиыршық тастар, ұлу қабықтары, жұмыртқа қабығы.</p> <p>Оқушылар декупаж техникасының ерекшеліктерін жақсы меңгергендігіне көз жеткізу үшін оларға әртүрлі тәсілдермен безендірілген бұйымдардың бірнеше</p>	<p>Оқушылар мұғалімді мұқият тыңдайды. Сұрақтар қояды. Декупаж техникасының ерекшеліктерін анықтайды. Декупаж түрлерін ажыратады.</p> <p>Оқушылар декупаж техникасының ерекшеліктерін анықтайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p> <p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>Интерактивті тақта, сабақ таныстырылымы, көрнекі материал.</p> <p>Оқушы үшін: бөтелке, акрил бояуы, ысқыш, сәндік майлықтар, лак, ПВА желімі, кылқалам.</p> <p>Оқулық, 56-58-беттер.</p>
-----------------------	---	--	---	---

<p>Сабақтың ортасы</p>	<p>фотосуреттерін көрсетіңіз. Олардың қайсысы декупаж техникасында жасалғанын анықтасын.</p>			
<p>Сергіту сәлі Біз қазір бәріміз бірге тұрамыз Қолдарымызды сілкіміз! Содан кейін төмен қарай иіліп Қалағанымызды жасаймыз: Бірден аспанға зулап, Бұлттарда ұшамыз, Төмендегі жерге қарап, Көңілді ән айтамыз.</p> <p>Практикалық тапсырма (Д) Оқушыларға осы сабақта кәдімгі шыны бөтелкені сәндік майлықтармен безендіретінін айтыңыз. Оқулықтағы жұмыс ретімен танысуды ұсыныңыз (Оқулық, 57-бет). Оқушыларға алдымен композицияны ойластыру керектігін ескеріңіз. Ол үшін оқушылар майлықтарды жайып, олардың қай элементтері негізгі және қайсысы қосымша болатынын шешсін. <i>Ескерте:</i> Кейбір балаларға жеке жұмыс қиындық туғызған жағдайда оларға тапсырманы жұпта немесе топта орындауды ұсынуға болады. Жүппен/топпен жұмыс істеу идеялармен алмасуға, өзара бір-біріне қолдау көрсетуге және мотивацияны арттыруға ықпал етуі мүмкін.</p>	<p>Оқушылар мұғалімнің сөзіне және қимылына сәйкес қарапайым жағтыулар жасайды.</p> <p>Өзіндік жұмыс. Әр қадамы сипатталған нұсқаулар бойынша жұмысты ретімен орындайды: 1. Бөтелкені алып, оны ақ акрилмен боя. 2. Бояуды бірнеше қабат қылып жақ. 3. Сәндік майлықтардан қажетті суретті киіп ал. 3. Кесіп алынған суреттің жоғарғы қабатын мұқият бөліп ал. 5. Элементтерді бөтелкеге қойып, желімде. 6. Бөтелке әбден құрғап болған соң лак жақ.</p>		<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>Балалардың білімін тексеруге арналған қосымша тест сұрақтары Декупаж дегеніміз не? а) балииқытан мүсіндеу техникасы; б) кесілген сызбалардың көмегімен затты безендіру техникасы; с) кесте тігу техникасы.</p>


30 минут

<p>4 минут</p>	<p>Бағалау Оқушыларға жұмыстарымен алмасып, баға беруді ұсыныңыз. Мұны карама-қарсы отырған сыныптаспен жұпта орындаған дұрыс.</p> <p>Бағалау критерийлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • бөтелкені акрилмен толық бояған; • майлықтар ұқыпты жабыстырылған; • жұмыс толық аяқталған. <p>Қорытынды Оқушылардан сыныпта шағын көрме ұйымдастыруды сұраңыз. Әр оқушы өз жұмысы туралы айта алады.</p>	<p>Оқушылар бір-бірінің жұмысын бағалайды.</p> <p>Қорытынды жауаптарды ойлестырған кезде оқушылар сабақтың бүкіл процесін еске түсіруі керек.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>Декупажда ең танымал материал қандай? а) сәндік майлықтар; b) керамикалық плиткалар; c) металл элементтер.</p> <p>Декупаждың бірнеше түрі бар? Оларды белгілеңіз а) тәзу (классикалық), көлемді; b) тәзу (классикалық), қисық; c) көлемді, қисық, классикалық.</p>
<p>Сабақтың соңы</p> <p>1 минут</p>	<p>Рефлексия</p> <p>Сабақтың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жүргізеді: - Мен ... білдім. - Енді мен ... білемін. - Маған ... қызықты болды. - Мен ... көбірек білгім келеді.</p> <p><i>Ескертпе:</i> Сыныптағы оқушылардың мүмкіндігін ескере отырып, осы сабақ тақырыбын 2 сабақ аясында өткізуге болады.</p>	<p>Өткен сабақ бойынша рефлексия жасайды.</p>		

16-САБАҚ

Бөлім	Өнер әлемінде	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы:	Шығармашылық жұмыстар көрмесі	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	3.3.1.1 өз жұмысының идеясы мен процесін шығармашылықпен ұсыну; 3.3.2.1 орындалған жұмысты талқылау және бағалау, шығармашылық жұмысқа түсініктеме беру және оны жетілдіру бойынша ұсыныс жасау.	
Сабақтың мақсаттары	- шығармашылық жұмыстар көрмесіне қойылатын негізгі талаптармен таныстыру.	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақтың кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сабаққа келмегендерді тексеру. Сыныпта бірлескен орта құру. Өткен сабақтың тақырыбы бойынша сауалнама. Білімді өзектендіру - Декупаж дегеніміз не? - Декупаждың қандай түрлері бар? - Көлемді декупажда қандай материалдар қолданылады?	Бір-бірімен амандасады. Сабаққа дайындалады. Өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді.	Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.	Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.
5 минут	Жаңа ақпаратты меңгерту. Қызықтыру кезеңі (К, С) Сабақтың басында қызықтыру кезеңінде оқушыларға мына сұрақтарды қойыңыз:	Оқушылар бейнелеу өнері мұражайлары туралы сұрақтарға жауап береді.	Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.	 Мұғалім үшін: интерактивті тақта, сабақ таныстырылымы, көрнекі материал.

	<p>- Бейнелеу өнері мұражайларындағы көрмелерге кім барып көрді? - Қандай өнер туындылары көбірек ұнады? - Неліктен бейнелеу өнерінің әр түріне бөлек зал бөлінеді? - Өнер пәндері туралы ақпарат қайда жазылады? Бұл сұрақтар оқушылардың мұражайлар туралы бастапқы білімдерін білуге көмектеседі.</p> <p>Түсіну кезеңі (К, С) Оқушылар сұрақтарға жауап бергеннен кейін жаңа материалды түсіндіруге көшіңіз (Оқулық, 59-60-беттер). Оқушыларға көрме дегеніміз шығармашылық жұмыстарды көпшілік алдына ұсыну екенін айтыңыз. Көрмені ұйымдастыру және өткізу үшін белгілі бір талаптар бар екенін түсіндіріңіз. Ең алдымен, әдемі безендірілген жұмыс керек. Одан кейін әр өнер туындысында көрермендерге арналған ақпарат жазылатын затбелгі болуы керек. Мұнда автордың аты-жөні, қолданылған материал жайлы ақпарат жазылады. Оқушыларға дайын, қол қойылған сурет жапсырмаларын көрсетіңіз. Осыдан кейін оқушыларға көлемді туындылар картиналардан бөлек қойылатынын түсіндіріңіз. Оларды орналастыру үшін подиум деп аталатын арнайы тұғырлар жасалады, ал өнер туындыларын экспонаттар деп атайтынын айтыңыз.</p>	<p>Жаңа ақпаратты қабылдаудың көрнекі тәсілі оқушыларға сурет затбелгісінің ерекшеліктерін жақсы түсінуге көмектеседі және оларды талқылау мүмкіндігі жаңа білім алмасуға ықпал етеді.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>Оқушы үшін: картон, желім, қайшы, қарындаш, сызғыш, фломастер.</p> <p>Оқулық, 59-61-беттер.</p>
--	--	--	---	--

5 минут


<p>Сабақтың ортасы</p> <p>30 минут</p>	<p>Сергіту сәті «Көбелек» Таңертен көбелек оянды, Күліміреді, керілді! Бір – шықпен жуынды. Екі – әдемі болып айналды. Үш – отырды. Төрт – ұшып кетті.</p> <p>Практикалық тапсырма (Д) Оқушыларға өздерінің шығармашылық жұмыстары үшін затбелгі мен подиумдар жасау керектігін айтыңыз. Оларға оқулықтағы ұсынылған материалдармен танысуды ұсыныңыз (Оқулық, 60-бет). Затбелгіге қызықты дизайн ойлап табу керек екенін жеткізіңіз. Әдемі қаріп пен түс таңдау қажет. Тұғыр жасаудың екі нұсқасы бар екенін айтыңыз: дөңгелек және тікбұрышты. Оларды жасау үшін қажетгі бүктемелі қорап үлгілерін басып шығарыңыз. Оқушыларға картоннан жасалған подиумдар тек жеңіл заттарды көтере алатынын түсіндіріңіз, ал ауыр бұйымдар үшін әртүрлі тұрмыстық техникалардан қалған қораптар дұрыс екенін айтыңыз, оларды тек түрлі түсті қағаздармен жабыстырып безендіру керек.</p>	<p>Оқушылар мұғалімнің сөзіне және қимылына сәйкес қарапайым жаттығулар жасайды.</p> <p>Өзіндік жұмыс. Оқушылар оқулықтағы көрнекі ақпаратпен танысады, оны жұпта немесе топта талқылайды, жұмыстың реттілігі туралы ойлайды. Подиум жасау үшін дайын бүктемелі қораптарды қолданады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	
<p>4 минут</p>	<p>Бағалау Оқушыларға өзара жұмыстарымен алмасып, баға беруді ұсыныңыз. Мұны қарама-қарсы отырған сыныптаспен жұпта орындаған дұрыс.</p>	<p>Оқушылардың өзара өзін-өзі бағалауы.</p>		

	<p>Бағалау критерийлері: - затбелгілердің дизайны қызықты жасалған; - подиумдар ұқыпты біркелкі етіп, жиналған; - көрменің жалпы композициясы жақсы ойластырылған.</p> <p>Қорытынды Оқушылардан сыныпта шағын көрме ұйымдастыруды сұраңыз. Әр оқушы өз жұмысы туралы айта алады.</p>			
<p>Сабақтың соңы 1 минут</p>	<p>Рефлексия Сабақтың соңғы кезеңінде оқушылар кестені толтырады: «плюс-минус-қызықты». «П» – «плюс» бағанында сабақта ұнағанның бәрін жазды, яғни жақсы эмоция берген ақпарат пен жұмыс формаларын көрсетеді. «М» – «минус» бағанында сабақта ұнамағанның бәрін, іш пыстырған және жақтырмаған, түсінбеген дүниесін жазды. «Қ» – «қызықты» бағанында оқушылар сабақтан білген барлық қызықты фактілерді, сабақ тақырыбы бойынша тағы не білгісі келетінін, мұғалімге қойғысы келетін сұрақтарын жазды. Бұл тапсырма мұғалімге сабаққа оқушылардың көзімен қарауға, әр оқушы үшін қаншалықты құнды болғанын талдауға мүмкіндік береді.</p>	<p>Өткен сабақ бойынша рефлексия жасайды.</p>		


17-САБАҚ



Бөлім	Атадан қалған асыл мұра	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы:	Ертегі кейіпкерлері	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	<p>3.1.1.1 материалдар түрлерін қолданылу аймақтарын анықта;</p> <p>3.2.3.1 материалдар және құралдармен жұмыс жасауда қауіпсіздік техникасын сақтау;</p> <p>3.1.3.3 әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты (АКТ колдану) пайдалана отырып, шығармашылық идеяларды дамыту.</p>	
Сабақтың мақсаттары	<p>- мүсіндеу әдістерімен танысу;</p> <p>- ермексаздан көлемді мүсіндер жасау.</p>	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сыныпта бірлескен орта құру. Жұмыс орнын ұйымдастыру, қажетті материалдар мен құралдарды дайындау.</p> <p>Қызықтыру кезеңі (К) Қызықтыру кезеңінде оқулықтағы иллюстрацияларды қарастыруды ұсыныңыз (Оқулық, 64-бет). Сұрақ: - Бұл иллюстрацияларда қандай ертегі кейіпкерлері бейнеленген?</p>	<p>Бір-бірімен амандасады. Жұмыс орны мен қажетті материалдарды дайындайды.</p> <p>Оқушылар ұсынылған дизайнерлік бұйымдардың үлгілерін мұқият қарап шығады және мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>
5 минут				<p></p> <p>Мұғалім үшін: интерактивті тақта, сабақ</p>

Сабак кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
5 минут	<p>Осы сұрақтар мен ұсынылған суреттерді талқылап, сол арқылы олардың жұмысқа деген оң көзқарасын ояту қажет.</p> <p>Білімді өзектендіру (С) Оқушыларға кітаптардағы ертегі кейіпкерлерін «суретші-иллюстраторлар» салатынын түсіндіріңіз. Суретші-иллюстраторлар ертегі кейіпкерлерінің бейнелері мен сипатын қалай жеткізетінін айтып беріңіз.</p> <p>Анықта (К) Оқушыларға оқулықта берілген «Қарашаш сұлу», «Айлакер бай», «Қамбар ата», «Қобыланды батыр» бейнелерін көрсетіңіз (Оқулық, 64-бет).</p> <p>Оларды зерттеп шығуды тапсырыңыз. Сұрақтар: - Қазақ ертегілері мен аңыздарының кейіпкерлері туралы не білесің? - Суретші оларды қалай бейнелеген? Ертегі кейіпкерлерінің иллюстрацияларын талқылаңыз.</p> <p>Оқушыларға оқулықта берілген «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» ертегісін оқып шығуды ұсыныңыз.</p>	<p>Мұғалімнің айтып жатқан әңгімесін мұқият тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, талқылауға қатысады және өз пікірлерін айтады.</p> <p>Ертегі кейіпкерлерінің әртүрлі бейнелерін қарастырады (зерттейді), оларды бір-бірімен салыстырады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді, мұғалімнің түсініктемесін мұқият тыңдайды және қажет болған жағдайда нақтылайтын сұрақтар қояды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>таныстырылымы, көрнекі материал (ертегі кейіпкерлерінің бейнесі). Оқушы үшін: ермексаз, ермексазға арналған тақтайша, стектер (жинақ). Бұл сабақты «Әдебиет» пәнімен кіріктіріп оқыту ұсынылады. Оқушылар шығармашылық жұмысты орындар кезінде әдебиет сабақтарында оқыған ертегілеріндегі кейіпкерлерді бейнелейді. Оқулық, 64-67-беттер</p>

Сабак кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>Мүмкіндік болған жағдайда, режиссер Әмен Қайдаровтың «Қарлығаштың құйрығы неге айыр?» мультфильмін көріңіздер.</p> <p>Қарлығаштың құйрығы неге айыр?</p> <p>Бұл үлкен айдаһарға қарсы шыққан батыл құс туралы ертегі. Атақты режиссер Әмен Қайдаров осымен аттас мультфильмді жасады.</p> <p>Ертегінің басты кейіпкерлері — үш басты айдаһар, маса, қарлығаш.</p>			<p>Интернет-ресурстар: Ертегі кейіпкерлері</p> <p>https://ru.pinterest.com/pin/9148005518428744/</p>
<p>Сабактың ортасы</p> <p>30 минут</p>	<p>Жаңа ақпаратты зерттеу</p> <p>Мүсіндеу әдістері</p> <p>Суретшілер көбінесе ертегі кейіпкерлерін бояулармен, қарындаштармен бейнелейді.</p> <p>Бірақ оларды илгіш материалдардан жасауға болады.</p> <p>Мүсіндеу – бұл илгіш материалдан көлемді пішінді жасау. Оны кейде «мүсін өнері» деп те атайды.</p> <p>Эксперимент жүргізу</p> <p>Оқушыларға оқулықта берілген мүсіндеудің әртүрлі тәсілдерін үйренуді ұсыныңыз (Оқулық, 66-бет). Ермексазбен эксперимент жасап көрсін.</p> <p>Оқушыларға ермексазбен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігі туралы ескертіңіз.</p> <p>Практикалық жұмыс</p> <p>Ертегі кейіпкерін ермексаздан жасау және мүсіндеу.</p>	<p>Жеке немесе топта/жұпта белсенді жұмыс істейді.</p> <p>Оқулықта ұсынылған мүсіндеудің әртүрлі әдістерін зерттегеннен кейін оқушылар ермексазбен эксперимент жасайды.</p> <p>Идеяны (ертегі кейіпкері) ойластырады, материалдарды (ермексаз, тақта, стектер) және жұмыс орнын дайындайды.</p> <p>Алдымен бөлшектерді мүсіндейді. Өз кейіпкерлерінің мүсіншесін жинайды. Безендіреді (қажет болған жағдайда).</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	 <p>Ермексаздан жасалған көлемді фигуралар</p> <p>https://ru.pinterest.com/pin/914793743036806503/</p>


Сабак кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>Оқушыларға мүсіндеу кезінде жасалатын жұмыстың негізгі кезеңдерін айтыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> - идеяларды дамыту; - материалдарды, құралдарды және жұмыс орнын дайындау; - негізгі бөлшектерді дайындау (дене, бас, қанаттар және т. б.); - бөлшектерді жинау; - безендіру (қажет болған жағдайда). <p>Оқушыларға қауіпсіздік техникасы ережелерін естеріне салыңыз және оқушылардың ҚТ ережелерін қатаң сақтауын қадағалаңыз.</p> <p>Мұғалімнің бақылауымен оқушылар ертегі кейіпкерін ермексаздан мүсіндеп, жұмыстың ретін сақтайды.</p> <p>Сергіту сәгі Киіз үй, киіз үй, дөңгелек үй, (бір орында жүру). Сол үйге кіріп көріңіз! (Қолдарды екі жаққа созу). Қонақтар келе сала (денені солға-оңға бұру). Отын пештің ішінде секіреді (бір орында тұрып секіру). Пеш қатты жанып жатыр (қол соғу). Қонақтарға ас беруге асық (отыру). Алақай, алақай (қол соғу). Дөңгелек пішінді құймақ (бір орында тұрып жүру).</p>	<p><i>Мұғалімге арналған ұсыныстар:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - оқушылар өз идеяларын дамыту керек; - оқушылар жеке, жұпта немесе топта жұмыс істей алады; - жеке оқушыларға дайын мысалдарды беруге болады. <p>Шаршауды басуға арналған физикалық жаттығу жасайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы</p>	 <p>Қарлығаштың құйрығы неге айыр?</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=ZkBFtE7v34mo</p>  <p>Қосымша сұрақтар Мүсіндеу дегеніміз не? а) жалпақ кескіндер жасау; б) пластикалық материалдан көлемді пішін жасау;</p>
	Қорытындылау			

Сабак кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
4 минут	<p>(С) Оқушыларға сыныпта шағын көрме ұйымдастыруды тапсырыңыз. Әр оқушы мына сұрақтарға жауап бере отырып өз жұмысы туралы айта алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Саған ермеқсазбен жұмыс істеу ұнады ма? - Қандай ертегі кейіпкерін тандап алдың? Неліктен? <p>Рефлексия</p> <p>Сабақтың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сен не білдің? - Қандай қиындықтар болды? - Сабақта не ерекше есінде қалды? 	<p>Барлық жұмыстарды бір жерге жинау арқылы шағын көрме ұйымдастырады. Сынып алдында сөз сөйлеп, өздерінің шығармашылық жұмыстары туралы айтады.</p> <p>Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>с) қағазға сызбалар жасау.</p> <p>Мүсіндеу техникасында домалату дегеніміз не?</p> <ul style="list-style-type: none"> а) домалақ пішінін алу; б) цилиндр пішінін алу; с) ойық жасау.
Сабактың соңы 1 минут	<p>Қосымша тапсырма</p> <p>Оқушыларға оқулықтағы «Оқы, қызық!» айдарын оқып шығуды тапсырыңыз (Оқулық, 66-бет).</p> <p>Ағымсалы Дүзелханов – белгілі қазақстандық суретші, кескіндемеші, графиканың танымал өкілі және кітап иллюстраторы. Ол өз еңбектерінде қазақ ертегілерінің көптеген кейіпкерлерін «жандандырды». Ақварельмен және гуашьпен қағазға түсірілген «Қазақ ертегілері» сериясындағы суретшінің жұмыстарымен танысып шық.</p>		<p>Мұғалімнің пікірлері</p>	<p>Шұңқыр жасау үшін қандай модельдеу әдісі қолданылады?</p> <ul style="list-style-type: none"> а) домалау; б) жаймалау; с) басу.


18-САБАҚ

Бөлім	Атадан қалған асыл мұра	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы:	Ұлттық ыдыс-аяқ	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	<p>3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау;</p> <p>3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу;</p> <p>3.1.2.3 түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай қолданылу саласын ажырату.</p>	
Сабақтың мақсаттары	<p>- папье-маше техникасымен танысу;</p> <p>- жұмыс ретін сақтай отырып, папье-маше техникасында кесе жасау.</p>	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<p>Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сыныпта бірлескен орта құру. Жұмыс орнын ұйымдастыру, қажетті материалдар мен құралдарды дайындау.</p> <p>Қызықтыру кезеңі (К) Ынталандыру кезеңінде ою-өрнектермен безендірілген ұлттық ыдыстардың суреттерін көрсетуге болады (Оқулық, 68-бет). Сұрақ: - Суреттерде не бейнеленген? - Олар туралы не білесің? - Олар немен безендірілген?</p>	<p>Бір-бірімен амандасады. Жұмыс орны мен қажетті материалдарды дайындайды.</p> <p>Оқушылар ұсынылған ұлттық бұйымдардың үлгілерін мұқият қарап шығады және мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Мұғалім үшін: интерактивті тақта, сабақ</p>

Сабак кезені/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
5 минут	<p>Осы сұрақтар мен ұсынылған суреттерді талқылап, сол арқылы олардың жұмысқа деген оң көзқарасын ояту қажет.</p> <p>Сабақтың жаңа тақырыбына қатысты сұрақтар. Білімді өзектендіру.</p> <p>(С) Оқушыларға ұлттық ыдыс-аяқтың ерекшеліктерін түсіндіріңіз (Оқулық, 68-бет).</p> <p><i>Ұлттық ыдыс-аяқ</i> халықтың бай мәдени мұрасын бейнелейді. Қазақтың ұлттық ыдыстары көшпелі өмір салтымен байланысты болды және ұлттық ерекшелік – қонақжайлылықты көрсетті. Қымыз ыдыстарына көп көңіл бөлінді. Ол әртүрлі пішінде болды, бірақ міндетті түрде ою-өрнектермен безендірілді.</p> <p>Тірек сөздермен жұмыс</p> <p>Шара – қымыз сапыруға арналған үлкен тостаған.</p> <p>Тостаған – сусындарға арналған кішкене кесе.</p> <p>Омсау – қымыз және басқа да сусындарды құюға арналған ыдыс.</p> <p>Астау – ет тағамдарын беруге арналған ыдыс.</p> <p>Сергіту сәті</p> <p>(С) Киіз үй, киіз үй, дөңгелек үй (бір орында тұрып жүру).</p> <p>Сол үйге кіріп көріңіз! (қолдарды екі жаққа созу).</p> <p>Қонақтар келе сала (денені солға-оңға бұру).</p> <p>Отын пештің ішінде секіреді (бір орында тұрып секіру).</p>	<p>Мұғалімнің айтып жатқан әңгімесін мұқият тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, талқылауға қатысады және өз пікірлерін айтады.</p> <p>Әртүрлі ұлттық ыдыстарды қарап шығады (зерттейді), оларды бір-бірімен салыстырады.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді, мұғалімнің түсініктемесін мұқият тыңдайды және қажет болған жағдайда нақтылайтын сұрақтар қояды.</p> <p>Шаршауды басуға арналған жаттығу жасайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>таныстырылымды, көрнекі материал.</p> <p>Оқушы үшін: ескі газеттер; ақ қағаз парақтары; ПВА желімі; суға арналған ыдыс; қылқалам; пішінін жасағың келетін ыдыс.</p> <p>Оқулық, 68-70-беттер.</p>

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>Пеш қатты жанып жатыр (қол соғу). Қонақтарға ас беруге асық (отыру). Алақай, алақай (қол соғу). Дөңгелек пішінді күймақ (бір орнында тұрып жүру).</p>			<p>Интернет-ресурстар: Папье – маше идеялары: https://ru.pinterest.com/pin/473229873357558269/ https://ru.pinterest.com/pin/356699233001590830/ https://ru.pinterest.com/pin/26317979061966552/</p> 
<p>Сабақтың ортасы 30 минут</p>	<p>Папье-маше техникасы Оқушыларға оқулықтағы материалдар бойынша папье-маше техникасын үйренуді ұсыныңыз (Оқулық, 69-бет). Оларға осы техниканы қолдану арқылы практикалық жұмыс орындайтынын, «кесе» ұлттық ыдысын жасайтындарын түсіндіріңіз.</p> <p><i>Папье-маше</i> – бұл қағаз бен желімнен тұратын масса. Ол көркем және тұрмыстық бұйымдар жасалатын материал. Француз тілінен папье-маше «шайналған» немесе «жыртылған» қағаз дегенді білдіреді. Папье-маше техникасында тек бетперделер мен қобдишалар ғана емес, сонымен қатар ыдыс-аяқ та жасауға болады.</p> <p><i>Қажетті материалдар:</i> - ескі газеттер; - ақ қағаз парақтары; - ПВА желімі; - су құюға арналған ыдыс; - қылқаламдар; - пішінін жасағың келетін ыдыс.</p> <p><i>Жұмысты орындау реті:</i></p>	<p>Жеке немесе топта/жұпта белсенді жұмыс істейді. Папье-маше үшін материалдар дайындайды және жұмыс ретімен осы техникада кесенің макетін жасайды. <i>Мұғалімге арналған ұсыныстар:</i> - оқушылар жұмыстың дәйектілігін сақтауы және жұмысты ұқыпты орындауы керек; - оқушылар жеке, жұпта немесе топта жұмыс істей алады; - жеке оқушыларға мұғалімнің көмегі қажет болады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	


Сабак кезені/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>- Газеттерді ұсақтап жырт немесе кішкене жолақтарға қиып ал.</p> <p>- Ыдысқа аздап су құй.</p> <p>- Газет жолақтарын суға батырып, ыдысқа мұқият жабыстыр. Осылайша ыдысты біркелкі қағаз қабатымен тұтастай жауып шық. Келесі қабатты желіммен жабыстыр.</p> <p>- Қажетті пішін мен қалыңдықты алғанша бірнеше қабат жаса. Содан соң оны кептір. - Желім кепкен кезде, шығып тұрған жерлерін, шеттерін қиып таста. Ыдысты босатып ал.</p> <p>- Енді ПВА желімін жақ және ақ қағаз жолақтарын желімде (6-сурет).</p> <p>- Дайын бұйым жақсылап кебуі керек. Бұл бірнеше сағатқа немесе тіпті бір күнге созылуы мүмкін.</p> <p>Практикалық жұмыс</p> <p>Папье-маше техникасымен кесе жасау.</p> <p>Оқушыларға жұмыс ретін сақтай отырып, папье-маше техникасымен кесе жасауды ұсыныңыз. Негіз ретінде кәдімгі кесені алыңыз.</p> <p>Оқушылардың естеріне қауіпсіздік техникасы ережелерін салыңыз және оқушылардың ҚТ ережелерін қатаң сақтауын қадағалаңыз.</p> <p>Желіммен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік техникасы</p> <p>Желіммен жұмыс істеуде қауіпсіздік ережелерін сақта. Бұйымның бетіне желімді тек қылқаламмен жақ. Жұмыс аяқталғаннан</p>			<p>Балалардың білімін тексеруге арналған қосымша тест сұрақтары</p> <p>Шара ыдысы не үшін қолданылды? <i>a) ет тағамдарын ұсыну үшін;</i> <i>b) қымыз сапыру үшін;</i> <i>c) сусындарды құю үшін.</i></p> <p>Тостаған деген не? <i>A) қымыз сапыруға арналған үлкен ыдыс;</i> <i>b) сусындарға арналған кішкене кесе;</i></p>

Сабак кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>кейін міндетті түрде қолыңды, қылқаламды жуып ал. Мұғалімнің бақылауымен оқушылар жұмыстың орындалу ретін сақтай отырып, папье-маше техникасында кесені жасайды.</p>			<p>с) қымыз және басқа да сусындарды құюға арналған шөміш.</p>
<p>3 минут</p>	<p>Қорытындылау (С) Жұмысты аяқтағаннан кейін барлық жұмыстарды келтіру үшін бір жерге жинаңыз. Дайын өнім жақсылап кебуі керек. Бұл бірнеше сағатқа немесе тіпті бір күнге созылуы мүмкін. Оқушыларға кесені келесі сабақта безендіретіндерін айтыңыз.</p>	<p>Барлық жұмыстарды бір жерге жинап, келтіруге дайындайды.</p>	<p>Мұғалімнің пікірлері.</p>	<p>Астау деп аталатын ыдыстың қызметі қандай? а) сусындарды құю; b) ет тағамдарын ұсыну; с) қымыз сапыру.</p>
<p>Сабактың соңы</p>				
<p>2 минут</p>	<p>Рефлексия Сабақтың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жасайды: - Саған жұмыстың қай кезеңі көбірек ұнады? - Сен үшін ең қиын нәрсе не болды? Неліктен? Қосымша тапсырма: Оқушыларға оқулықтағы «Оқы, қызық!» айдарын оқып шығуды тапсырыңыз. «Тайқазан – биіктігі 158, 3 см және диаметрі 243,3 см болатын үлкен қазан. Қазанның салмағы – екі тонна, сыйымдылығы – 3000 литр. Тайқазан — Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің басты жәдігері.»</p>	<p>Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.</p>		

19-САБАҚ

Бөлім	Атадан қалған асыл мұра	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
Сынып: 3	Қатыспағандар саны	Қатыспағандар саны
Сабақтың тақырыбы:	Өрнекті кесе	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	<p>3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді пайдаланып, материалдар жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау;</p> <p>3.2.1.2 ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарының жасалу техникаларын талдау, іріктеу.</p>	
Сабақтың мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> - ұлттық ою-өрнектің әртүрлі түрлерімен танысу; - кесені ұлттық ою-өрнектермен безендіру. 	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Жұмыс орнын ұйымдастыру, қажетті материалдар мен құралдарды дайындау.</p> <p>Қызықтыру кезеңі (К) Қызықтыру кезеңінде сіз иллюстрациялар ұсына аласыз және оқушылар алдағы сабақтың тақырыбы аясында қандай жұмыс жасайтынын анықтау үшін бағдар беретін сұрақтар қоя аласыз (Оқулық, 71-бет). Сұрақтар:</p>	<p>Бір-бірімен амандасады. Жұмыс орны мен қажетті материалдарды дайындайды.</p> <p>Оқушылар мұғалімнің сұрақтарына жауап береді және талқылауға қатысады.</p> <p>Мұғалімнің айтып жатқан әңгімесін мұқият</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Мұғалім үшін:</p>
5 минут				

Сабак кезені/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>- Ұлттық ыдыс-аяқтар қалай безендірілген? - Безендіру үшін қандай ою-өрнектер қолданылған? - Бұл ою-өрнектер қалай орналасқан? Осы мәселелерді талқылаңыз, балаларға ұлттық ою-өрнектер туралы не білетіндерін, жұмысқа (оқу іс-әрекетіне) деген оң көзқарасын айтсын.</p> <p>Ою-өрнектер қандай болады? Оқушыларды қазақ ою-өрнегінің түрлері мен ерекшеліктерін сипаттайтын оқулықтағы материалдармен танысуға шақырыңыз (Оқулық, 72-бет).</p> <p><i>Ою-өрнектер</i> – бұл қайталанатын элементтерден құралған өрнек. Қазақтың ұлттық ою-өрнегі төрт түрге бөлінеді: зооморфтық, өсімдік тектес, геометриялық және космогониялық. Әрбір бедер қоршаған ортамен байланысты. Мысалы, «қошқар мүйіз», «табан» ою-өрнектері жануарлар бейнелеріне, «гүл», «ағаш» ою-өрнектері өсімдіктерге, «жұлдыз» ою-өрнегі аспан шырағына, «тұмар» ою-өрнегі геометриялық фигураға ұқсайды.</p>	<p>тындайды, сұрақтарға жауап береді, талқылауға қатысады және өз пікірлерін айтады.</p> <p>Мұғалімнің айтып жатқан әңгімесін мұқият тындайды, қажет болған жағдайда оған нақтылайтын сұрақтар қояды.</p> <p>Ұсынылған ою-өрнектерді қарастырады (зерттейді), оларды бір-бірімен салыстырады, олардың қалай жасалғанын зерттейді.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>интерактивті тақта, сабақ таныстырылымы, әртүрлі маскалар.</p> <p>Оқушы үшін: күнгірт/түрлі түсті қағаз, тоналды картон, ою-өрнектері бар майлықтар, желім, өшіргіш, жай қарындаштар, маркерлер, бояулар, щеткалар.</p> <p>Бұл сабақты «Дүниетану» пәнімен кіріктіріп оқыту ұсынылады. Оқушылар шығармашылық жұмысты орындау барысында дүниетану</p>

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
5 минут	<p>Сабақтың жана тақырыбына қатысты сұрақтар. Білімді өзектендіру</p> <p>Оқушыларға қағаздан «қошқармүйіз» (зооморфтық) ою-өрнегін қиып көруді ұсыныңыз. Мұны істеу үшін алдымен оны жасау сызбаларымен танысуды сұраңыз: сурет, қағаз парағын бүктеу және сурет контуры бойынша қайшымен кесу (Оқулық, 72-бет).</p> <p>Оларға қайшыны пайдалану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертіңіз.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді, мұғалімнің түсініктемесін мұқият тыңдайды және қажет болған жағдайда нақтылайтын сұрақтар қояды.</p> <p>Оқулық материалдары бойынша «қошқар мүйіз» ою-өрнегін қалай қиюға болатынын өз бетінше зерттейді.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>сабақтарында алған білімдеріне сүйенеді.</p> <p>Оқулық, 71-73-беттер</p> <p>Интернет-ресурстар: «Қазақ ою-өрнегі» тақырыбындағы идеялар: https://ru.pinterest.com/pin/629589222891840763/ https://pl.pinterest.com/pin/520447300672300405/ https://ru.pinterest.com/pin/131026670394257703/</p>
30 минут	<p>Практикалық жұмыс</p> <p>Жұмысты аяқтайды – өткен сабақта «папье-маше» техникасында жасалған кесені безендіреді. Кесені ою-өрнектермен безендіру үшін оқушылар қандай техникада жұмыс істейтінін анықтауы керек.</p> <p>Оқушыларға екі тәсіл ұсынылады.</p> <p><i>1-тәсіл. Апликация</i></p> <p>Алдымен кесенің түсін, безендіру үшін қандай ою-өрнекті қолданатынын ойланады, содан кейін безендіруге кіріседі.</p> <p>1. Кесені таңдап алған түсті гуашьпен боя.</p>	<p>Жеке немесе топта/жұпта белсенді жұмыс істейді.</p> <p>1) Жұмыс техникасын таңдайды (апликация/декупаж). 2) Қажетті материалдар мен құралдарды дайындайды. 3) Кесені таңдап алған түстегі гуашьпен бояйды. 4) Таңдап алған техникада ою-өрнекті қияды. 5) Ою-өрнек негізге (кесеге) жабыстырылады. 6) Қажет болған жағдайда қосымша безендіріледі</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	


Сабақ кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>2. Ою-өрнекті өткен тәсілмен қиып ал.</p> <p>3. Алдымен ою-өрнекті кесеге қойып, оның орнын белгіле.</p> <p>4. Сосын мұқият жабыстыр. Ою-өрнектердің арасында бірдей қашықтықты сақта.</p> <p><i>2-тәсіл. Декупаж</i></p> <p>Сен декупаждың не екенін және бұл техниканы қалай қолдану керектігін білесің. Кесені декупаж техникасымен безендіріп көр.</p> <p>1. Ұлттық ою-өрнектер бейнеленген майлықты ал.</p> <p>2. Ою-өрнек бейнеленген жолақты қиып алып, суреті бар үстіңгі қабатын ажыратып ал.</p> <p>3. Кесенің шетіне ою-өрнек бейнеленген жолақты мұқият қой.</p> <p>4. Қылқаламмен суретке декупаж желімін мұқият жақ. Ою-өрнектің астында жиналған ауаны шығару үшін суреттің ортасынан шетіне қарай қылқаламмен тегісте.</p> <p>Сабақтағы қауіпсіздік ережелері</p>	<p>(маркермен және бояулармен).</p> <p>Жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелері қатаң сақталады.</p> <p>Шаршауды басуға арналған жаттығу жасайды.</p> <p>Оқушылар өз жұмыстарын қарастырады және оны орындау кезеңдерін еске түсіреді, оны орындаудағы жетістіктер мен қиындықтарды айтады.</p>		<p>Қосымша сұрақтар Ою-өрнек дегеніміз не? a) түрлі түсті шеңберлері бар үлгі; b) қайталанатын және кезектесетін элементтерден құралған сәндік бедер; c) жануарлардың үлгісі.</p> <p>Қазақтың ұлттық ою-өрнегінің неше түрі бар? a) үш; b) төрт; c) бес.</p> <p>Ою-өрнектің қай түрі жануарлардың бейнелерімен байланысты? a) геометриялық; b) зооморфтық; c) өсімдік тектес.</p>

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
4 минут	<p>Қайшы мен желіммен жұмыс істеудегі қауіпсіздік ережелерін сақта.</p> <p>Бағалау</p> <p>Оқушыларға өздері жасаған ою-өрнекпен безендірілген кеселерін қарастыруды ұсыныңыз және орындалған жұмысты критерийлер бойынша бағалауға шақырыңыз:</p> <p>Бағалау критерийлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Кесе дөңгелек пішінді және ұқыпты жасалған. - Ою-өрнектер ұқыпты қиылған және дұрыс желімделген. - Кесе нағыз кесеге ұқсайды. 			<p>Қандай ою-өрнек аспан шамына ұқсайды?</p> <p>a) Жұлдыз (жұлдыз);</p> <p>b) Гүл (гүл);</p> <p>c) Түйетабан (түйе ізі).</p>
Сабақтың соңы 1 минут	<p>(С) Қорытындылау</p> <p>Жұмысты ұйымдастыру үшін оқушылардан өз жұмыстарын бір жерге жинауды сұраңыз (еркін импровизация).</p> <p>Рефлексия</p> <p>Сабақтың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Саған папье-маше техникасын қолданған ұнады ма? - Бұл техника несімен қызық және күрделі? - Папье-машеден қандай бұйым жасайтын едің? 	<p>Оқушылар өз жұмыстарын қарастырады және оны орындау кезеңдерін еске түсіреді, оны орындау барысындағы жетістіктер мен қиындықтарды айтады.</p> <p>Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	

20-САБАҚ

Бөлім	Атадан қалған асыл мұра	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
Сынып: 3	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Оюлы көрпе	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	<p>3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау;</p> <p>3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, кию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру).</p>	
Сабақтың мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> - оюлы көрпе мен құрақ көрпенің ерекшеліктерімен таныстыру; - фетрден (жұқа киізден) оюлы көрпе жасау. 	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың басы</p> <p>5 минут</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Жұмыс орнын ұйымдастыру, қажетті материалдар мен құралдарды дайындау.</p> <p>Қызықтыру кезеңі (К) Оқулықтағы оюлы көрпе мен құрақ көрпенің суреттерін көрсетіңіз (Оқулық, 75-бет). Мүмкіндік болса, сабаққа көрпені алып келіп, оқушыларға көрсете аласыз. Сұрақ: - Қандай бұйымдарды көріп тұрсың? - Олардың ерекшелігі неде? - Олар қалай безендірілген?</p>	<p>Бір-бірімен амандасады. Жұмыс орны мен қажетті материалдарды дайындайды.</p> <p>Оқушылар құрақ көрпе мен оюлы көрпе үлгілерін мұқият қарап шығады, мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Мұғалім үшін:</p>

Сабақ кезені/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>Осы сұрақтар мен ұсынылған суреттерді талқылаңыз, жұмысқа (оқуға) оң көзқарас қалыптастырыңыз.</p> <p>Сабақтың жаңа тақырыбына қатысты сұрақтар. Білімді өзектендіру (С) Оқушыларға көрпе туралы айтыңыз. Оқушыларды оқулықтағы көрпе туралы мәтінді оқуға шақырыңыз (Оқулық, 75-бет).</p> <p>Көрпе – жерге төселетін қазақтың ұлттық төсеніші. Көрпе дәстүрлі түрде әртүрлі маталардан тігіледі және екі техникада орындалады: <i>құрақ көрпе</i> (құрақтардан тігілген) және <i>оюлы көрпе</i> (ою-өрнекпен). Құрақ көрпе жасау үшін геометриялық пішінді матаның бөліктері қолданылады. Әсіресе оюлы көрпелер көп кездеседі. Оларды жасау кезінде ою-өрнектерді таңдауға ерекше назар аударылады, өйткені олардың әрқайсысы өзіндік ерекше символизмге ие.</p> <p>Көрпелер мақсаты бойынша әртүрлі болады: жамылғы көрпе, жер көрпе (еденде отыруға арналған көрпе), қыздың жасауы (жасау), төре көрпе (құрметті қонақтар арналған көрпе).</p> <p>Зертте/Анықта</p> <p>Оқушыларға оқулық материалдары бойынша ою-өрнекті қалай дайындау керектігін зерттеуді ұсыныңыз (Оқулық, 76-бет). Жұмысты орындау реті: - Қағазды тура ортасынан екіге бүкте.</p>	<p>Мұғалімнің айтып жатқан әңгімесін мұқият тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, талқылауға қатысады және өз пікірлерін айтады.</p> <p>Оқушылар оқулықтағы көрнекі ақпаратпен танысады, оны жұпта немесе топта талқылайды,</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>интерактивті тақта, сабақ таныстырылымы, көрнекі материал.</p> <p>Оқушы үшін: А4 форматы, контрастты күңгірт қағаз, карама-қарсы түсті фетр, қарындаш түріндегі желім, тапанша түріндегі желім, өшіргіш, жай қарындаштар, сызғыш, қайшы, маркерлер.</p> <p>Оқулық, 75-77-беттер</p> <p>Бұл сабақты «Дүниетану» пәнімен кіріктіріп оқыту ұсынылады. Оқушылар шығармашылық жұмысты орындар кезінде дүниетану сабақтарында алған</p>


Сабак кезені/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
5 минут	<ul style="list-style-type: none"> - Бұл парақты тағы бір рет ортасынан бүкте. - Енді парақты диагональ бойынша бүкте. - Бүктелген жердің бір жағына ою-өрнектің жартысының суретін сал. - Ою-өрнекті мұқият қиып ал. <p>Ою-өрнек суретін ортасына орналастыру маңызды. Сонда қағаздың екі бөлігін де қолдануға болады.</p> <p>Оқушыларға қайшыны пайдалану кезіндегі қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертіңіз. Қайшыны сабы жағымен беру керек.</p>	<p>ою-өрнек жасау реті туралы ойланады.</p> <p>Осыдан кейін оқушылар қайшыны қауіпсіз пайдалану ережелерін есіне алады. Бұл ақпарат оқушылар үшін өте маңызды.</p>		білімдеріне сүйенеді.
Сабактың ортасы 30 минут	<p>Практикалық жұмыс</p> <p>Оқушыларға жұмыс ретін сақтай отырып, оюлы көрпе жасауды ұсыныңыз. Жұмыс барысында олар күңгірт қағазды немесе фетрді қолдана алады (Оқулық, 76-бет).</p> <p><i>Фетр</i> – ойыншықтар, зергерлік бұйымдар және басқа да қолөнер бұйымдарын жасауға арналған икемді материал.</p> <p><i>Фетр қасиеттері:</i> желімдеуге, тігуге, өңдеуге оңай және қиғанда жұмсақ; оң және теріс жағы жоқ, яғни шығармашылық үшін әмбебап материал болып табылады.</p> <p>Жұмысты орындау реті:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Оюлы көрпе жасау үшін төртбұрышты қағаз немесе екі түсті фетр дайында. Біріншісі негіз үшін, екіншісі ою-өрнек үшін (Түстердің қарама-қарсы реңктерін пайдаланған жөн). 2. Суретте көрсетілген тәсілмен қағазды бүктеу арқылы ою-өрнектер жасауға тырыс. 	<p>Оқулық материалдары бойынша жұмыстың ретін зерттейді.</p> <p>Сұрақтарға жауап береді, мұғалімнің түсініктемесін мұқият тыңдайды және қажет болған жағдайда нақтылайтын сұрақтар қояды.</p> <p>Жеке немесе топта/жұпта белсенді жұмыс істейді.</p> <p>Олар оюлы көрпеге қажетті материалдарды дайындайды және жұмыс ретін сақтап ою-өрнектер жасайды. Ою-өрнек көрпенің негізі болып</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p> <p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>Интернет-ресурстар: Көрпе https://ru.pinterest.com/pin/48976714688992456/ https://ru.pinterest.com/pin/18718154693274212/</p>

Сабақ кезені/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>3 минут</p> <p>Сабақтың соңы</p> <p>2 минут</p>	<p>3. Алынған ою-өрнекті негізге мұқият жабыстыр. PVA желімін қолдануға болады.</p> <p>Оқушыларға қауіпсіздік ережелерін естеріне салыңыз және оқушылардың ҚТ ережелерін қатаң сақтауын қадағалаңыз.</p> <p>Бағалау</p> <p>Оқушыларды жұмыс алмасуға және бағалауға шақырыңыз.</p> <p><i>Бағалау критерийлері:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - Ою-өрнектерде симметрия сақталған. - Оюлы көрпе ұқыпты жасалған. - Ою-өрнек анық көрінеді. <p>Қорытындылау</p> <p>(С) Оқушыларға сыныпта шағын көрме ұйымдастыруды тапсырыңыз. Әр оқушы өз жұмысы туралы айтып бере алады.</p> <p>Рефлексия</p> <p>Сабақтың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Саған не істеген көбірек ұнады? - Сен үшін ең қиын нәрсе не болды? Неліктен? <p>Қосымша тапсырма:</p> <p>Оқушыларға оқулықтағы «Оқы, қызық!» айдарын оқып шығуды тапсырыңыз.</p> <p>Құрақ көрпе – берік отбасының нышаны.</p> <p>Отбасы атадан, әжеден, әкеден, анадан, бауырлардан тұратын болса, құрақ көрпе де үлкен және кішкентай қиындылардан тұрады.</p>	<p>табылатын фонға жабыстырылады.</p> <p>Оюлы көрпені безендіреді (қажет болған жағдайда).</p> <p><i>Мұғалімге арналған ұсыныстар:</i></p> <ul style="list-style-type: none"> - оқушыларға көрпеге арналған ою-өрнекті, материалдар мен реңктерді өз бетінше тандауға мүмкіндік беру керек (бірақ мұғалімнің келісімімен); - кейбір оқушыларға мұғалімнің көмегі қажет болуы мүмкін, оларға үлгілерді дайындап қоюға болады. <p>Барлық жұмыстарды бір жерге жинау арқылы шағын көрме ұйымдастырады.</p> <p>Сынып алдында сөз сөйлеп, өздерінің шығармашылық жұмыстары туралы айтады.</p> <p>Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.</p>	<p>Мұғалімнің Мұғалімнің пікірлері.</p>	<p>https://ru.pinterest.com/pin/70157706675615353/</p> <p>https://ru.pinterest.com/pin/653866439636790784/</p>

21-САБАҚ

Бөлім	Атадан қалған асыл мұра	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
3-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Естелік сыйлық	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаттары	3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделі) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, кию, пішінің, түсін келтіру, жинақтау, модельдеу және құрастыру); 3.2.3.2 жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау.	
Сабақтың мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> - кәдесый түрлерімен танысу; - ұлттық элементтері бар магниттер жасау. 	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<p>Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сыныпта жайлы орта қалыптастыру. Жұмыс орнын, қажетті материалдар мен құралдарды дайындау.</p> <p>Қызықтыру кезеңі (К) Оқушыларға оқулықтағы әртүрлі материалдардан жасалған, пішіні мен өлшемі әртүрлі кәдесыйлар суретін қарауды тапсырыңыз (Оқулық, 77-бет). Сұрақтар: - Кәдесыйларға зер сала қарап, онда бейнеленген заттар туралы айтып бер. - Олар қандай материалдардан жасалған? - Бұйымдар қалай безендірілген? Қандай ұлттық элементтер қолданылған?</p>	<p>Бір-бірімен амандасады. Жұмыс орны мен қажет материалдарды дайындайды.</p> <p>Оқушылар берілген ұлттық бұйымдардың үлгілеріне мұқият қарап, мұғалімнің сұрақтарына жауап береді. Оқушылар оқулықта суреттері берілген бұйымдарды жасау үшін қандай материалдар пайдаланылғанын түсінуі керек.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Мұғалімге: интерактивті тақта, сабақ презентациясы,</p>

Сабақ кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>5 минут</p>	<p>- Олардың қандай ерекшеліктері бар? Осы сұрақтар мен ұсынылған суреттерді талқылап, оқушылардың жұмысқа ынтасын ояту қажет.</p> <p>Сабақтың жаңа тақырыбымен байланысты сұрақтар. Білімді өзектендіру</p> <p>(С) Оқушыларға кәдесыйлар жөнінде айтып беріңіз немесе оқулықта берілген материалдармен танысуды тапсырыңыз (Оқулық, 78-бет).</p> <p>Кәдесыйлар туралы <i>Кәдесый</i> – әдемі безендірілген кішкентай зат. Олар өзіміз барған орындарды, ондағы маңызды сәттерді еске түсіруге көмектеседі. Адамдар кәдесыйларды саяхат кезінде ескерткіш немесе сыйлық ретінде алады.</p> <p>Кәдесыйлар әртүрлі болады: магниттер, ашықхағаттар, мүсіншелер, зергерлік бұйымдар, тоқыма бұйымдар! Мұндай заттар елдер мен аймақтар мәдениеті жөнінде көп нәрседен хабар береді.</p> <p>Мысалы, Ресейден келген матрешка немесе Жапониядан келген кокеси.</p> <p>(К) Оқушыларға тоңазытқыш сыртына жабыстыруға арналған магниттерді көрсетіңіз (Оқулық, 78-бет). Оқушыларға осы магниттерді зерттеп көруді тапсырыңыз. Сұрақтар:</p>	<p>Мұғалімнің айтып жатқан әңгімесін мұқият тыңдайды, сұрақтарға жауап береді, талқылауға қатысады және пікірлерін білдіреді.</p> <p>Әртүрлі кәдесыйлар мен тоңазытқыш сыртына жабыстыруға арналған магниттерді қарап шығады (зергтейді), бірімен салыстырады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>көрнекі материал (тоңазытқыш сыртына жабыстыруға арналған магниттер, кәдесыйлар және т.б.).</p> <p>Оқушыға: күңгіртілген/түрлі түсті қағаз, күңгірт картон, мата бөліктері, магнит, магнит таспасы, желім, өшіргіш, жай қарындаштар, маркерлер, бояулар, қылқаламдар.</p> <p>Бұл сабақты «Дүниетану» пәнімен кіріктіріп оқыту ұсынылады.</p> <p>Оқушылар шығармашылық жұмысты орындар кезінде дүниетану сабақтарында меңгерген білімдеріне сүйенеді.</p>


Сабак кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>- Олардың пішіні қандай? - Олар қандай материалдардан және қалай жасалған? Оқушыларға осы кәдесыйлардың қандай материалдардан және қандай техникамен жасалғанын анықтауды тапсырыңыз.</p>	<p>Сұрақтарға жауап береді, мұғалімнің түсініктемесін мұқият тыңдайды және қажет жағдайда нақтылау сұрақтарын қояды.</p>		<p>Оқулық, 77-79 беттер.</p>
<p>Сабактың ортасы 30 минут</p>	<p>Практикалық жұмыс Оқушыларға жапсырма магнит жасап көруді ұсыныңыз. Магнит жасау кезінде қазақ ұлттық мәдениетінің элементтерін, мысалы, ұлттық ою-өрнектерді, сәулет ескерткіштерін, еліміздің нысандарын пайдалану қажет. Оқушыларға магнит жасау жұмысының негізгі кезеңдерін айтыңыз (Оқулық, 78-бет). <i>Магнит жасау барысы</i> 1. Материалдар дайындау: Негіз ретінде қолданылатын қалың картон немесе пластик карталар, мата бөліктері, түрлі түсті қағаздар, бояулар, желім, кішкентай магниттер мен қайшылар сияқты қажет материалдарды жина. 2. Дизайнын жасау: Магниттің бетінде не бейнеленетінін, негіздің (фон) қандай болатынын ойластыр. 3. Негіз дайындау: Өзірленген дизайнға сәйкес негізді қажет түспен боя немесе сондай түсті зат жабыстыр. Бұл ретте бояу, түрлі түсті қағаз немесе мата бөліктерін пайдалана аласың.</p>	<p>Жеке немесе топта/жұпта белсенді жұмыс істейді. Идея ойластырады, материалдар мен бөлшектерді дайындайды. Ұлттық элементтері бар магниттерді тоңазытқыш сыртына жинайды. Безендіреді. <i>Мұғалімге арналған ұсыныстар:</i> - оқушылар өз идеяларын дамытуы керек; - оқушылар жеке, жұппен немесе топпен жұмыс істей алады; - кейбір оқушыларға магнит жасаудың дайын мысалдары мен үлгілерін ұсынуға болады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>Интернет-ресурстар: Ұлттық кәдесыйлар https://ru.pinterest.com/pin/416090453080468694/ https://ru.pinterest.com/pin/947726315306073008/ https://ru.pinterest.com/pin/38210296832605117/ https://ru.pinterest.com/pin/927389748241418813/ Магниттер https://ru.pinterest.com/pin/478014947960761333/</p>

Сабак кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
	<p>4. Безендіру: Таңдап алынған суретті алдын ала дайындалған негізге жабыстыр немесе сыз. Бөлшектер, ою-өрнектер немесе сәндік элементтер қос. Олар сенің магнитінді тартымды етеді.</p> <p>5. Магнит жабыстыру: Магнитті негіздің артқы жағына жабыстыр. Магнитті құрғауы керек. Оқушыларға қауіпсіздік техникасы ережелері жөнінде ескертіңіз және ҚТ ережелерін қатаң сақтауын қадағалаңыз. Оқушылар мұғалімнің бақылауымен магнит жасау кезеңдерін сақтап орындайды.</p>			<p>https://ru.pinterest.com/pin/380343131098455088/</p> <p>Қосымша тапсырма: Оқушыларға оқулықтағы «Оқы, қызық» айдарын оқып оқуды тапсырыңыз.</p> <p>1979 жылы америкалық 3M компаниясы Scotch магнит таспасын ойлап тапты. Бұл таспа магнит жапсырмаларын жасау үшін қолданылған. Осыдан кейін әлемде тоңазытқыштарды безендіретін жарқын және тартымды магниттер шыға бастады.</p>
<p>4 минут</p>	<p>Қорытындылау (С) Оқушыларға сыныпта шағын көрме ұйымдастыруды тапсырыңыз. Әр оқушы өз жұмысы туралы айтып, критерийлерге сәйкес бағалай алады: - Магниттің бөлшектері мықтап бекітілген. - Сәндік элементтер ұқыпты жасалған. - Қолданылған түстер бір-бірімен жақсы үйлеседі.</p> <p>Рефлексия Сабактың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жасайды: - Саған нені істеу қатты ұнады? - Саған не қиын болды деп ойлайсың? Неліктен?</p>	<p>Барлық жұмысты бір жерге жинақтап, шағын көрме ұйымдастырады. Сынып оқушылары алдында сөз сөйлеп, шығармашылық жұмыстары туралы айтып береді.</p> <p>Мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.</p>	<p>Мұғалімнің пікірі</p>	
<p>1 минут</p>				

22-САБАҚ

Бөлім	Атақты тұлғалар	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
3-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Біздің заманымыздың қаһармандары	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдар түрін сипаттау, айтып беру; 3.2.3.3 қалдық материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.	
Сабақтың мақсаттары	- оқушыларды ғарыш әлемімен таныстыру; - ғарыш тақырыбында шығармашылық жұмыс істеу.	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақтың кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сабаққа келмегендерді белгілеу. Сыныпта жайлы орта қалыптастыру. Жаңа ақпарат меңгерту. Ынталандыру кезеңі (Ж, С) Ынталандыру кезеңінде оқулықтағы суреттерді көрсетіңіз (Оқулық, 82-бет). Сұрақтар: - Иллюстрациялардағы ортақ нәрсе не? - Олар қандай тақырыпқа арналған? - Оларды жасау кезінде қандай материалдар мен әдістер қолданылған?	Бір-бірімен амандасады. Сабаққа дайындалады. Оқушылар ғарыш кемелері бейнеленген қолөнер бұйымдары мен суретке қарап, мұғалімнің сұрақтарына жауап береді.	Пікірлер мен мадақтау	Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.  Мұғалімге: интерактивті тақта, сабақ презентациясы, көрнекі материал.
Түсіну кезеңі (Д, С) Біздің Жер планетасы Күн жүйесінің бөлігі екенін, бұдан өзге		Оқушылар ғарыш туралы ақпаратты тыңдап болып,		


<p>5 минут</p>	<p>тағы 7 планета бар екенін айтыңыз. Ғарышқа ұшқан алғашқы адам Ю.Г.агарин екенінен хабарлар етіңіз. Оның сонынан басқа да ғарышкерлер кеппеп ұшқанын айтыңыз. Оқушылардың назарын еліміздің ғарышкер ұлдарына: <i>Тоқтар</i> <i>Дубәкіров, Талғат Мұсабаев, Айдын</i> <i>Айымбетовке</i> аударып, олардың жетістіктері туралы айтып беріңіз.</p>	<p>кейін ғарыш пен ғарышкерлер туралы өздері білетіндері туралы айтады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>Оқушыға: түрлі түсті картон, қағаз, қолда бар материалдар, желім, қайшы, қарындаш, сызғыш. Оқулық, 82-84 беттер</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>30 минут</p>	<p>Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз, бойды тік ұстаймыз. Оңға-солға еңкейіп Тағы бір рет қайталаймыз. Санай келіп, отырамыз Бір, екі, үш, төрт, бес. Ал енді қос қолды жүлкі көтеру Бірге орындаймыз. Бір – қолды жүлкі көтеру, Екі – қолды жүлкі көтеру. Сабағымызды жалғастырамыз. (Ж) Практикалық тапсырма Оқушыларға ғарыш тақырыбындағы шығармашылық жұмыстарды көрсетіңіз. Оларға оқулықтағы пластик тәрепкелерден жасалған ғарышкер бейнесін көрсетіп, енді өздері жасап көрүін ұсыныңыз. Жұмыс алдында оқулықта берілген ғарышкер бейнесін жасау жолын зерттеуді тапсырыңыз (Оқулық, 82-бет).</p>	<p>Оқушылар мұғалімнің сөзіне ілесе қимылдап, қарапайым физикалық жаттығулар орындайды.</p> <p>Өзіндік жұмыс. Оқушылар шығармашылық жұмыста қандай материалдар мен әдістерді қолданатынын анықтайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	

<p>4 минут</p>	<p>Оқушыларға аралас қолдануға болатын әртүрлі әдістер жөнінде ескертіңіз. Жұмыстың алдында нобай салып алу керегін айтыңыз. Оқушыларға қауіпсіздік ережелерін ескертіңіз.</p> <p>Бағалау</p> <p>Оқушыларға жұмыстарын алмасып, бір-біріне баға беруін тапсырыңыз. Бағалау жұмысы қарама-қарсы отырған сыныптасымен, жүлпен орындалған дұрыс.</p> <p>Бағалау критерийлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • нобайдың дұрыс орналасуы; • қолданылатын техникалар мен материалдарды анықтайды; • композицияның экспрессив құралдарын қолданады (түсі, пішіні, контраст) • композицияның барлық бөлшегін мұқият өңдейді. <p>Қорытынды</p> <p>Оқушылардан сыныпта шағын көрме ұйымдастыруды сұраныңыз. Әр оқушының өз жұмысы туралы айтуын қадағалаңыз.</p>	<p>Оқушылар өз жұмыстарын тағы бір тексеріп болған соң, бағалауға сыныптасына көрсетеді. Жұмысының кезеңдерін сипаттайды, жасау барысындағы жетістіктері мен қиындықтарын айтады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	
<p>Сабақтың соңы</p> <p>1 минут</p>	<p>Рефлексия</p> <p>Сабақтың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Саған нені істеу қатты ұнады? - Не істегенде қатты қиналдың? Неліктен? 	<p>Сабақ аяқталғаннан кейін оқушылар мұғалімнің сұрақтары жөнінде ойланып, жауаптарын тұжырымдайды.</p>	<p>Өткен сабаққа рефлексия жасайды.</p>	


23-САБАҚ

Бөлім	Атақты тұлғалар	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
3-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Өз ісінің шеберлері	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнер элементтерін қолдану жолдарын ұсыну;</p> <p>3.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау, шығармашылық жұмысқа түсініктеме беру, жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу.</p>	
Сабақтың мақсаттары	<ul style="list-style-type: none"> • белгілі қазақ әртістерінің шығармашылығымен таныстыру; • матадан жасалған коллаж техникасымен ұлттық нақышта театр костюмін жасау. 	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақтың кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	<p>Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сабаққа келмегендерді белгілеу. Сыныпта жайлы орта қалыптастыру.</p> <p>Өткен сабақ бойынша сауалнама. Білімді өзектендіру - Қазақстандық ғарышкерлерден кімді білесің? - Алғаш рет ғарышқа кім ұшты? - Шығармашылық жұмыста қандай әдістер мен материалдарды қолдандың? Неліктен дәл осы материалдарды таңдадың?</p>	<p>Бір-бірімен амандасады. Сабаққа дайындалады.</p> <p>Өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Мұғалімге:</p>

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

<p>5 минут</p>	<p>Жаңа ақпаратты менгерту Ынталандыру кезеңі (К, С) Оқушыларға атақты қазақ актері Асанәлі Әшімов басты рөлде ойнаған «Қыз Жібек» кинофильмінің үзіндісін көрсетіңіз. Оларға бұл актердің еліміздің мақтанышы екенін айтыңыз. Оқушылардың назарын кейіпкердің бейнесін ашуға көмектесетін басты кейіпкердің костюміне аударыңыз (Оқулық, 86-бет). Кейін Бибігүл Төлегенованың концертінен үзінді көрсетіңіз. Оқушыларға белгілі опера әншісі Б. Төлегенова туралы қысқаша ақпарат беріңіз. Оны халқымыз дауысының диапазоны, жанға жағымдылығы үшін «Қазақтың бұлбұлы» деп атайтынын айтыңыз. Сондай-ақ оқушылардың назарын театр костюміне аударыңыз (Оқулық, 86-бет). Осыдан соң оқушылардың кейінгі жұмыстарының немен байланысты боларын болжап білгенін не білмегенін анықтаңыз.</p> <p>Түсіну кезеңі (К, Т) Оқушыларға әртiс киген театр/сахна костюмінің маңызды рөл атқаратынын түсіндіріңіз. Әртістердің, актерлердің, әншілердің, музыканттардың, бишілердің сахнада өнер көрсеткенде киетін киімі театр/сахна костюмі деп аталатынын айтыңыз. Оқушыларға оқулықта берілген костюмдерге мұқият зер сала қарап, ондағы киімдердің қандай сахна өнерінде</p>	<p>Оқушылар мұғалімді мұқият тыңдайды. Қажет жағдайда сұрақтар қояды.</p> <p>Оқушылар мұғалімді мұқият тыңдайды. Костюмнің түрін анықтайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы</p> <p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>интерактивті тақта, сабақ презентациясы, көрнекі материал.</p> <p>Оқушыға: сурет салу альбомы, өшіргіш, жай қарындаштар, қылқаламдар, акварель бояулар, палитра, тегілмейтін сауыт.</p> <p>Оқулық, 85-87 беттер</p> <p>Бибігүл Төлегенова, «Вальс о весне», 1957 ж. https://www.youtube.com/watch?v=yNIEHEcBwIU</p> 
-----------------------	---	--	--	---


	<p>килетінін анықтауды тапсырыңыз (Оқулық, 86-бет).</p>			
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>30 минут</p>	<p>Сергіту сәлі Қос қолымызды бәріміз де көтереміз – бір. Мойнымызды айналаға бұрамыз – екі. Қолымызды түсіреміз, алға тура қараймыз – үш. Бір орында құлаш керіп, оң мен солға бұрыламыз – төрт. Қолды бүгіп, саусақ ұшын тигіземіз иыққа – бес. Барлығымыз тапжылмастан отырамыз – бұл алты.</p> <p>(Т) Практикалық тапсырма Оқушылардың есіне өткен сабақтарда меңгерген коллаж техникасын түсіріңіз. Кейін бұл техниканың әркандай түрі болатынын, ал техника түрі материалға байланысты таңдалатынын ескертіңіз. Оқушыларға коллаж техникасымен матадан ұлттық нақышта сахна костюмі дизайнын жасайтындарын айтыңыз. Костюм түрін өздерінің таңдауына қалдырыңыз. Содан кейін бірнеше мысал келтіріңіз. Оқушыларға матадан коллаж жасау процесін көрсеткен оқулықтағы иллюстрацияларды қарап шығуды тапсырыңыз (Оқулық, 87-бет). Оқушылар практикалық жұмыс орындап жатқанда, мұғалім тапсырманың қауіпсіз орындалуын бақылау қажет.</p>	<p>Оқушылар мұғалімнің сөзіне ілесіп, қарапайым жаттығулар жасайды.</p> <p>Оқушылар жұмысын нақты нұсқаулар бойынша өз бетінше орындайды.</p> <p>Жұмысты орындау реті: - таңдалған костюм нобайын салу; - костюм үлгісін пішу; - пішінді матаның бетіне қойып, жиектерін белгілеп, сызық бойымен қиып алу; - дайын элементтерді картонға жабыстыру; - киймді фломастермен безендіру.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	

<p>4 минут</p>	<p>Практикалық жұмыс барысында мұғалім көмек қажет ететін оқушыларға ғана қолдау көрсете алады.</p> <p>Бағалау Оқушыларға жұмыстарын алмасуды, бір-бірін бағалауды тапсырыңыз. Бұл тапсырманы қарама-қарсы отырған сыныптасымен бірге, жүзбен орындаған дұрыс.</p> <p>Бағалау критерийлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • костюмнің ерекше дизайнын жасайды; • костюмге үлгілер пішеді; • костюм элементтерін мұқият киіп алып, жазық нәрсеге жабыстырады; • костюмді ұсақ бөлшектермен безендіреді. 	<p>Оқушылар жұмысты бағалайды.</p>	
<p>Сабақтың соңы 1 минут</p>	<p>Қорытындылау Оқушыларға сыныпта шағын көрме ұйымдастыруды ұсыныңыз. Көрмеде әр оқушы өз жұмысы туралы айта алады.</p> <p>Рефлексия Сабақтың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жасайды: - Сізге нені істеген ұнады? - Нені істегенде қатты қиналдыңыз? Неліктен?</p>	<p>Қорытынды жауаптар туралы ойланған кезде оқушылар бүкіл сабақ процесін еске түсіруге тиіс.</p> <p>Өткен сабаққа рефлексия жасайды.</p>	

24-САБАҚ

Бөлім	Атақты тұлғалар	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
3-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Ұлы өнертапқыштар	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.2.1.1 Әдіс-тәсілдер арқылы материалдар жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, жұмысты орындау техникасын анықтау;</p> <p>3.2.1.3 шығармашылық жұмыс барысында техникасын жетілдіру.</p>	
Сабақтың мақсаттары	<p>- әлемнің ұлы өнертапқыштарының жаңалықтарын зерделеу;</p> <p>- қолда бар материалдардан қолөнер бұйымын жасау.</p>	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақтың кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сабаққа келмегендерді белгілеу. Сыныпта жайлы орта қалыптастыру.</p> <p>Жаңа ақпарат менгерту Ғынталандыру кезеңі (К, С) Оқушыларға әртүрлі уақыт кезеңдерінде адамзат ойлап тапқан оқулықта берілген өнертабыс түрлерін көрсетіңіз (Оқулық, 88-бет). Оқушылар суреттерді көріп болған соң, сұрақтарға жауап беруін сұраңыз: - Бұл өнертабыстарды қай кезеңде ойлап тапты деп ойлайсың?</p>	<p>Бір-бірімен амандасады. Сабаққа дайындалады.</p> <p>Оқушылар өз пікірлерін айтады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Мұғалімге: Интерактивті тақта, сабақ</p>
5 минут				

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі


<p>5 минут</p>	<p>- Оларды бір адам ойлап тапқан ба әлде топпен бірігіп ойлап шығарған ба?</p> <p>Түсіну кезеңі (К, Т) Оқушыларға Архимед, Леонардо да Винчи және Томас Альва Эдисонның өнертабыстарын көрсетіңіз (Оқулық, 89-бет). Бұл өнертапқыштардың ғылыми-техникалық прогреске зор үлес қосқанын айтыңыз. Аталған тұлғалардың бүкіл әлемге белгілі, ең маңызды өнертабыстарын таңдап алыңыз. Бұранданы Архимед ойлап тапқанын, бұл құрылғы су, сусымалы материалдарды көтеруге арналғанын; Леонардо да Винчи заманауи автомобиль, парашют, ұшақ және басқа заттардың прототиптерін жасағанын; 3000-ға жуық патенттің авторы Томас Эдисонның қазіргі кезде дүниежүзі пайдаланып отырған ең танымал өнертабысы – қыздыру шамы туралы толығырақ баяндап беріңіз.</p>	<p>Оқушылар мұғалімдерді мұқият тыңдап, тақырыппен байланысты сұрақтар қояды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>презентациясы, көрнекі материал.</p> <p>Оқушыға: дәретхана қағазының төлкесі, қайшы, кеңсе пышағы, фломастер, қарындаш, сызғыш.</p> <p>Оқулық, 88-90 беттер.</p> <p>Леонардо да Винчи https://www.youtube.com/watch?v=SYy3B4LzAY</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>30 минут</p>	<p>Сергіту сәгі Орнымыздан тұрамыз, бойды тік ұстап, Оңға-солға бұрыламыз, Қайталаймыз тағы да. Санап тұрып отырамыз, Бір, екі, үш, төрт, бес. Енді қолды көтереміз, Бірге шұғыл орындап. 1 – қолды серпи көтеру, 2 – қолды жылдам түсіру.</p> <p>Практикалық тапсырма (Ж) Оқушыларға суретшілер мен</p>	<p>Оқушылар мұғалімнің сөзіне ілесіп, қарапайым жаттығулар жасайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>QR code</p>
Өзіндік жұмыс.				

	<p>дизайнерлерді де өнертапқыш деп атауға болатынын айтыңыз. Өйткені олар да, әсіресе өмірді жайлы етуге тырысатын дизайнерлер, жаңа және ерекше нәрсе жасап шығарады.</p> <p>Оқушыларға жасалу реті көрсетілген бірнеше жұмыс үлгісін көрсетіп (Оқулық, 89-90 беттер), дәретхана қағазының төлкесінен ерекше колөнер бұйымдарын жасап көруді тапсырыңыз. Сіз дәл оқулықтағы секілді немесе өзгеше бір бұйым жасап көруді ұсына аласыз.</p> <p>Бағалау</p> <p>Оқушыларға жұмыстарын алмасуды, бір-бірін бағалауды тапсырыңыз. Оны қарама-қарсы отырған сыныптасымен бірге, жұппен орындаған дұрыс.</p> <p>Бағалау критерийлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • элементтер мұқият қиып алынған; • пропорция сақталған; • ұсақ бөлшектермен безендірген. <p>Қорытындылау</p> <p>Оқушылардан сыныпта шағын көрме ұйымдастыруды сұраңыз. Көрмеде әр оқушы өз жұмысы туралы айта алады.</p>	<p>Оқушылар оқулықта берілген көрнекі ақпаратпен танысады, оны жұппен немесе топта талқылайды. Жұмыстың орындалу ретін ойластырып, іске кіріседі.</p> <p>Мұғалім практикалық жұмысқа кіріспес бұрын жұмыс орнының алдын ала дайындалуын, ҚТ ережелерінің сақталуын қамтамасыз етуге тиіс.</p> <p>Оқушылар өз жұмыстарын мұқият тексеріп алған соң, сынып алдына шығарып көрсетеді, бұйымының жасалу ретін сипаттайды, жетістіктері мен қиындықтарын айтады.</p> <p>Сабақ соңында оқушылар мұғалімнің сұрақтары туралы ойланып, жауаптарын тұжырымдайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p> <p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	
<p>4 минут</p> <p>Сабақтың соңы</p> <p>1 минут</p>	<p>Рефлексия</p> <p>Сабақтың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сізге нені істеу ұнады? - Нені істегенде қатты қиналдығыңыз? Неліктен? 	<p>Өткен сабаққа рефлексия жасайды.</p>		


25-САБАҚ

Бөлім	Атақты тұлғалар	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
3-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Таңғажайып мүсіндер	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.2.2.2 шығармашылық жұмысты орындау барысында ұлттық элементтерді тиімді қолдану; 3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістер қолдану.</p>	
Сабақтың мақсаттары	<p>- Қазақстанның және әлемнің әйгілі мүсіншілерінің шығармашылығымен таныстыру; - мүсіндеудің әртүрлі әдісін қолданып, фантастикалық жануарлардың мүсінін жасау.</p>	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақтың кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сабаққа келгендерді белгілеу. Сыныпта жайлы орта қалыптастыру.</p> <p>Жаңа ақпарат менгеру Ынталандыру сәпі (К, С) Ынталандыру кезеңінде оқушыларға әртүрлі мүсіндерді көрсетіп, сұрақтар қойыңыз (Оқулық, 91-бет): - Бұл адамдарға неліктен ескерткіш орнатылды деп ойлайсың? - Ескерткіштерді бір сөзбен қалай атауға болады?</p>	<p>Бір-бірімен амандасады. Сабаққа дайындалады.</p> <p>Оқушылар әңгімеге белсенді қатысады. Болжамдарын айтады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Мұғалімге: интерактивті тақта, сабақ презентациясы, көрнекі материал.</p>
5 минут	<p>Түсіну кезеңі (К, Т) Оқушыларға мүсін туралы түсінік беріңіз (Оқулық, 91-бет). Мүсіндердің қалаға</p>			
5 минут				

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

	<p>сән беретін нысан екенін, әдетте алаңдарда, орталық саябақтарда немесе әкімшілік ғимараттары алдына орнатылатынын айтыңыз. Кейбір ескерткіштер үздік өнер туындысы ретінде танылып, авторларының атын шығарып, даңқа бөлейтін, сондай-ақ өзіңіз алдын ала ойлап дайындаған ең танымал мүсіншілер және олардың шығармашылығы туралы, мысалы, профессор, Қазақстанның Халық суретшісі (1969 ж.), қазақ мүсін мектебінің негізін қалаушы, алғашқы кәсіби мүсінші Хәкімжан Есмаханұлы Наурызбаев жайлы айтып беріңіз. Шетелдік З. Церетели мен О.Роден туралы айтып өтуге болады. Оқушыларға олардың шығармашылық жұмысын көрсетіңіз және туындыларындағы ерекшеліктер мен автор ойы қалай көрініс тапқанын әңгімелеңіз. Бұдан кейін оқушыларға мүсін жасауда қандай материалдар қолданылатынын, тас, металл, ағаш, гипс, сүйек, ермексаз, құм және т.б. материалдар да іске жаратылуы мүмкін екенін айтыңыз.</p>	<p>Оқушылар мұғалімді мұқият тыңдайды.</p> <p>Оқушылар мүсін өнерімен, қазақстандық және шетелдік мүсіншілердің шығармашылығымен танысады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>Оқушыға: түрлі түсті ермексаз, қырғыштар, шүберек, сурет салу альбомы, қарындаш, фломастерлер.</p> <p>Оқулық, 91-94 беттер</p> <p>Хәкімжан Есмаханұлы Наурызбай http://surl.li/tgiok</p> <p>Ермексаздан жануарлардың мүсінін жасап үйрену</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=Sg8zSnRNvb0</p> 
<p>Сабақтың оргасы</p> <p>30 минут</p>	<p>Сергіту сәті Таңертең көбелек оянды, Қүлімсіреп керілді! Бір – шық суына жуынды, Екі – шыркөбелек айналды, Үш – отырып, Төрт – ұшып кетті далаға.</p> <p>Практикалық тапсырма (Ж) Оқушыларға фантастикалық жануарларды мүсіндеуді ұсынып көріңіз.</p>	<p>Оқушылар мұғалімнің сөзін тыңдап, қимылына ілесіп, қарапайым жаттығулар жасайды.</p>		


Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі

	<p>Оқушыларға оқулықта берілген ермексаздан мүсін жасау процесінің иллюстрацияларын қарап шығуды тапсырыңыз (Оқулық, 92-бет). Үш негізгі әдісті естеріне түсіріңіз: а) мүсіндік; ә) құрылымдық; б) аралас. Практикалық жұмыс басында мұғалім жұмыс орнының дайын болуын және қауіпсіздік ережелерінің сақталуын бақылауы қажет. Жұмыс барысында мұғалім көмекті қажет ететін оқушыларға ғана көмектесе алады.</p> <p>Бағалау Оқушыларға жұмыстарын алмасуды, бір-бірін бағалауды тапсырыңыз. Бұл тапсырманы қарама-қарсы отырған сыныптасымен, жұппен орындаған дұрыс. Бағалау критерийлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • түсі бар нобай жасау; • мүсіндеудің әртүрлі әдісін қолдану; • құралдарды қолдану; • бөлшектерді өңдеу. <p>Қорытындылау Оқушылардан сыныпта шағын көрме ұйымдастыруды сұраныңыз. Көрмеде әр оқушы өз жұмысы туралы айта алады.</p>	<p>Өзіндік жұмыс. Оқушылар ойымен мүсін нобайын жасайды. Жұмыста мүсіндеудің қандай әдісі қолданылатынын анықтайды.</p> <p>Оқушылар өз жұмыстарын мұқият тексеріп алған соң, сынып алдына шығарып көрсетеді, бұйымның жасалу ретін сипаттайды, жұмыс барысындағы жетістіктері мен қиындықтарын айтады.</p> <p>Сабақ соңында оқушылар мұғалімнің сұрақтары туралы ойланып, жауаптарын тұжырымдайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p> <p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>Балалардың білімін тексеруге арналған қосымша тест сұрақтары</p> <p>Мүсін дегеніміз не? а) көлемді өнер туындысын жасау өнері; б) сурет өнері; с) музыкалық аспаптарда ойнау өнері.</p> <p>Ермексаздан кішкентай мүсіндер жасаудың қай әдісі жеке бөліктерді пайдалануды білдіреді? а) құрылымдық; б) мүсіндік; с) аралас.</p> <p>Қазақстандағы ұлттық кәсіби мүсін өнерінің негізін қалаушы? а) Әбілхан Қастеев; б) Хакімжан Есімханұлы Наурызбай; в) Анатолий Билык.</p>
<p>Сабақтың соңы 1 минут</p>	<p>Рефлексия Сабақтың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жасайды: - Сізге нені істеу ұнады? - Нені істегенде қиналдығыңыз? Неліктен?</p>	<p>Өткен сабаққа рефлексия жасайды.</p>		

26-САБАҚ

Бөлім	Атақты тұлғалар	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
3-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Атақты теңіз саяхатшылары	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану саласын ажырату; 3.3.1.1 өз жұмысының шығармашылық идеясы мен процестерін ұсыну.	
Сабақтың мақсаттары	- атақты теңізшілердің ұлы жаңалықтарымен таныстыру; - қолда бар материалдардан кеме үлгісін жасауды үйрету.	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақтың кезені/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сабаққа келмегендерді белгілеу. Сыныпта жайлы орта қалыптастыру. Өткен сабақтың тақырыбы бойынша сауалнама. Білімді өзектендіру - Әйгілі мүсіншілерден кімдерді білесің? - Мүсін жасауда қандай материалдар қолданылады? - Мүсіндеудің қандай әдістері бар?	Бір-бірімен амандасады. Сабаққа дайындалады. Өткен тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді.	Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.	Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б. 
5 минут	Жаңа ақпарат менгерту Ынталандыру кезеңі (К, С) Оқушыларға оқулықтағы желкенді кеме түрлерін мұқият қарауды	Оқушылар талдау үшін ұсынылған кеме түрлерін мұқият зерделейді.	Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.	Мұғалімге: интерактивті тақта, сабақ презентациясы, көрнекі материал.


	<p>тапсырыңыз. Мынадай сұрақтар қойыңыз (Оқулық, 96-бет):</p> <ul style="list-style-type: none"> - Желкенді кемелердің айырмашылықтар мен ұқсастықтары неде? - Мұндай кемелер қандай мақсатта қолданылған? - Қайсысы жылдам жүреді деп ойлайсың? <p>Түсіну кезеңі (К, Т) Оқушылар кемелердің айрықша ерекшеліктерін анықтағаннан кейін сабақтың тақырыбын ағаңыз. Оқушыларға Кристофер Колумб, Фернан Магеллан, Васко да Гама және Марко Поло сияқты ұлы теңізшілер ашқан географиялық жаңалықтар туралы айтып беріңіз (Оқулық, 96-бет).</p>	<p>Зерттеу сұрақтарына жауап береді.</p> <p>Оқушылар мұғалімді мұқият тыңдайды.</p>	<p>Оқушыға: әртүрлі импровизацияланған материалдар, қарындаш, қайшы, желім, кеңсе пышағы, түрлі түсті қағаз, қармақ жіпсімы.</p> <p>Оқулық, 95-97 беттер</p> <p>Бұл сабақты «Дүниетану» пәнімен кіріктіріп оқыту ұсынылады. Оқушылар шығармашылық жұмыс істегенде «Дүниетану» пәнінде меңгерген білімдеріне сүйенеді.</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>30 минут</p>	<p>Сергіту сәті Оңға-солға бұрыламыз, Тағы бір рет қайталаймыз. Санағанда отырамыз Бір, екі, үш, төрт, бес. Ал енді қолымызды серпи көтереміз. Бірге орындаймыз. Бір – қолды серпи көтеру, екі – қолды жылдам түсіру.</p> <p>Практикалық тапсырма (Ж) Оқушыларға қолда бар материалдардан жасалған кеме үлгісін орындау керек екенін хабарлаңыз. Оқушыларға кеме қандай материалдардан жасалатынын көрсететін нобайды мұқият салу керек екенін түсіндіріңіз. Мысал ретінде оларды оқулықта берілген кеме</p>	<p>Оқушылар мұғалімнің сөзін тыңдап, қимылына ілесіп, қарапайым жаттығулар жасайды.</p> <p>Өзіндік жұмыс.</p>	

<p>4 минут</p>	<p>жасаудың екі әдісін қарап шығуды ұсыныңыз (Оқулық, 97-бет):</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жұмыртқа қаптамасынан жасалған кеме; 2. Пластикалық бөтелкеден жасалған кеме. <p>Практикалық жұмыс алдында мұғалім жұмыс орнының дайындығын және қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау керек. Практикалық жұмыс кезінде мұғалім қажет ететін оқушыларға ғана көмек көрсете алады.</p> <p>Бағалау</p> <p>Оқушыларға жұмыстарын алмасуды, бір-бірін бағалауды тапсырыңыз. Бұл тапсырманы қарама-қарсы отырған сыныптасымен бірге, жұппен орындаған дұрыс.</p> <p>Бағалау критерийлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - негізгі бөлшектерді көрсете отырып, түске боялған нобайды жасайды; - кеме элементтерін мұқият қиып алып, мұқият жабыстырады; - кеменің моделін безендіреді. <p>Қорытындылау</p> <p>Оқушылардан сыныпта шағын көрме ұйымдастыруды сұраңыз. Көрмеде әр оқушы өз жұмысы туралы айта алады.</p>	<p>Оқушылар оқулықтағы көрнекі ақпаратпен танысады, оны жұппен немесе топпен талқылайды, жұмыстың реті туралы ойланады. Кейін қайшыны қауіпсіз пайдалану ережелерін еске түсіреді. Мұның оқушылар үшін маңызы зор.</p> <p>Оқушылар өз жұмыстарын мұқият тексеріп алған соң, сынып алдына шығарып көрсетеді, бұйымының жасалу ретін сипаттайды, жұмыс барысындағы жетістіктері мен қиындықтарын айтады.</p> <p>Сабак соңында оқушылар мұғалімнің сұрақтары туралы ойланып, жауаптарын тұжырымдайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	
<p>Сабактың соңы</p> <p>1 минут</p>	<p>Рефлексия</p> <p>Сабактың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жасайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Сізге нені істеу ұнады? - Нені істегенде қиналдыңыз? Неліктен? 	<p>Өткен сабаққа рефлексия жасайды.</p>		

27-САБАҚ

Бөлімше	Бәрін білгім келеді	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
3-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Жұмбақ қабықтар	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.1.2.1 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдарды қолдану салаларын білу;</p> <p>3.2.3.1 материал және құралдармен жұмыс істегенде қауіпсіздік техникасын сақтау;</p> <p>3.1.3.1 шығармашылық идеяларды салыстыру, жұмыс эскизін анықтауда қорытынды жасау.</p>	
Сабақтың мақсаттары	<p>- дәстүрлі емес материалдармен жұмыс істеудің әртүрлі әдісін зерттеу;</p> <p>- қабықты шығармашылық жұмысқа пайдалануды үйрету.</p>	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақтың кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы	<p>Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сабаққа келмегендерді белгілеу. Сыныпта жайлы орта қалыптастыру.</p> <p>Жаңа ақпарат менгерту Ынталандыру кезеңі (К, С) Оқушыларға шығармашылық жұмыстарды көрсетіңіз (Оқулық, 100-бет). Олардың қандай материалдан жасалғанын анықтауды сұраңыз.</p> <p>Түсіну кезеңі (К, Т) Оқушылар оқулықта берілген қолөнер туындыларының қабықтардан</p>	<p>Бір-бірімен амандасады. Сабаққа дайындалады.</p> <p>Оқушылар жұмысты мұқият зерделеп, өз нұсқаларын ұсынады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Мұғалімге: интерактивті тақта, сабақ презентациясы, көрнекі материал.</p>
5 минут				


<p>5 минут</p>	<p>жасалғанын білгеннен кейін осы техника туралы толығырақ айтып беріңіз.</p> <p>Эксперимент жасау Оқушыларға эксперимент жасап көруді ұсыныңыз. Оларға 4 түрлі қабық (жұмыртқа, пісте, жержаңғақ және грек жаңғағы қабықтары) беріп, ағаш балғамен ұсақтап көруді тапсырыңыз. Олар зерттеу нәтижелерін тұжырымдап, қай қабық түрінің қатты, қайсысының жұмсақ екенін айтуы керек. Бұл тәжірибе оқушыларға бұйым жасауға қажет материалды таңдауға көмектеседі.</p>	<p>Оқушылар мұғалімдерді мұқият тыңдайды, сабақта белсенді жұмыс істейді.</p> <p>Оқушылар өз бетінше эксперимент жасайды. Зерттеу нәтижелерін альбомға жазады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>Оқушыға: сурет салу альбомы, өшіргіш, жай қарындаштар, қылқаламдар, акварель бояулар, палитра, төгілмейтін сауыт.</p> <p>Оқулық, 100-102 беттер.</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>30 минут</p>	<p>Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз, бойымызды тік ұстап. Оңға-солға бұрыламыз, Тағы бір рет қайталаймыз. Санағанда отырамыз Бір, екі, үш, төрт, бес. Бұл дұрыс әрекет – Аяқ бұлшықеттерін жағтықтыру. Ал енді қолымызды серпи көтеріміз. Бірге орындаймыз. Бір – қолды серпи көтеру, екі – қолды жылдам түсіру.</p> <p>Практикалық тапсырма (Ө) Оқушыларға бүгінгі сабақта жұмыртқа қабығын пайдаланып шығармашылық жұмыс істейтінін айтыңыз. Тақырыпты өздері таңдайтынын жеткізіңіз. Мысал ретінде</p>	<p>Оқушылар мұғалімнің сөзіне және қимылына ілесіп, қарапайым жағтығулар жасайды.</p> <p>Өзіндік жұмыс. Оқушылар оқулықтағы көрнекі ақпаратпен танысады, оны жұппен немесе топпен</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	

<p>4 минут</p>	<p>оқулықтағы жұмыс реті сақталып жасалған қой бейнесін көрсетіңіз (Оқулық, 102-бет). Практикалық жұмыс алдында мұғалім жұмыс орнының дайындығын және қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалауы керек. Практикалық жұмыс барысында мұғалім көмек қажет ететін оқушыларға ғана қолдау көрсете алады.</p> <p>Бағалау Оқушыларға жұмыстарымен алмасуды, бір-бірін бағалауды тапсырыңыз. Бұл тапсырманы қарама-қарсы отырған сыныптасымен бірге, жұппен орындаған дұрыс.</p> <p>Бағалау критерийлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • эскиз жасау; • басты кейіпкерлерді белгілеу; • сюжетті көрсете білу; • қабықты жабыстыру. 	<p>талқылайды, жұмыстың реті туралы ойланады.</p> <p>Практикалық жұмыс барысында оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан көмек сұрай алады.</p> <p>Оқушылар бір-бірін өзара бағалайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>
<p>Сабақтың соңы 1 минут</p>	<p>Рефлексия Сабақтың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жасайды: - Сізге нені істеу ұнады? - Нені істегенде қиналдыңыз? Неліктен?</p>	<p>Қорытынды жауабын берер алдында оқушылар бүкіл сабақ процесін еске түсіруі керек.</p> <p>Өткен сабаққа рефлексия жасайды.</p>	

28-САБАҚ

Бөлімше	Бәрін білгім келеді	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
3-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Қызықты тәжірибелер	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.1.4.1 шығармашылық жұмысты орындау кезеңдерін анықтау, жұмыс барысын жоспарлау;</p> <p>3.3.2.1 мүмкіндігіне қарай орындалған жұмысты талқылау және бағалау, шығармашылық жұмысқа түсініктеме беру және оны жақсарту бойынша ұсыныстар енгізу.</p>	
Сабақтың мақсаттары	<p>- қағаз түрлерінің негізгі қасиеттерін зерттеу;</p> <p>- өртүрлі әдістер мен тәсілдерді қолданып, қағаздан шығармашылық жұмыс жасау.</p>	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақтың кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың басы</p> <p>5 минут</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сабаққа келмегендерді белгілеу. Сыныпта жайлы орта қалыптастыру.</p> <p>Жаңа ақпарат меңгеру Үнталандыру кезеңі (К, С) Үнталандыру кезеңінде өртүрлі қағаз түрлерінен жасалған қолөнер туындыларын көрсетіңіз. Неліктен әр қолөнер туындысына белгілі бір қағаз түрі қолданылғанын, неге байланысты екенін сұраңыз.</p>	<p>Бір-бірімен амандасады. Сабаққа дайындалады.</p> <p>Оқушылар сұрақтарға жауап береді. Өртүрлі қағаз түрін қолдану себептерін ағайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Мұғалімге:</p>

<p>5 минут</p>	<p>Түсіну кезеңі (К, Т) Оқушыларға бірнеше қағаз түрін көрсетіңіз. Қағаз түрлерінің таңдап алған техникаға байланысты қолданатынын түсіндіріңіз. Қағаздың 4 түрі бар екенін айтыңыз: гофра қағаз, қреп қағаз, барқыт қағаз, кәдімгі түрлі түсті қағаз (Оқулық, 103-бет). Қағаз түрлерін бір-бірінен фактурасы, тығыздығы мен қалыңдығы бойынша ажыратуға болатынын ескертіңіз және фактура дегеннің не екенін түсіндіріңіз. Сондай-ақ белгілі бір техникаға арналған арнайы қағаз бар екенін де айтыңыз. Мысалы, оригами және квиллингке арналған қағаз.</p> <p>Эксперимент жасау Оқушылармен бірге әртүрлі қағаз түрімен бірнеше эксперимент жасаңыз (Оқулық, 104-бет). Кейін олардан тәжірибе нәтижелерін және қандай қорытынды жасағанын сұраңыз. Содан соң қағазбен эксперимент жасап көруді ұсыныңыз.</p> <p>1-эксперимент. Қағаз умаждалады Әртүрлі қағаз парақтарын умаждап көр. Бәрі умаждала ма екен? Умаждауда көп күш жұмсадың ба? Қалай ойлайсың, неліктен қағаздың кейбір түрі оңай умаждалса, кейбіріне күш жұмсау керек? Қорытындыны альбомға жаз.</p> <p>2-эксперимент. Қағаз бүктеледі Қағаз түрлерін бүктеп көр. Қай түрі басқаларына қарағанда оңай бүктелді?</p>	<p>Оқушылар мұғалімді мұқият тыңдап, сұрақтар қояды.</p> <p>Оқушылар қағазбен 4 эксперимент жасайды. 1-эксперимент. Қағаз умаждалады. 2-эксперимент. Қағаз бүктеледі. 3-эксперимент. Қағаз жыртылады. 4-эксперимент. Қағазды киноға болады.</p> <p>Оқушылар өз бетінше эксперимент жасайды. Зерттеу нәтижелерін альбомдарға жазады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p> <p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>интерактивті тақта, сабақ презентациясы, көрнекі материал.</p> <p>Оқушыға: әртүрлі қағаздар, желім, қайшы, қарындаш, сызғыш.</p> <p>Оқулық, 103 – 105 беттер.</p>
-----------------------	--	---	---	---


	<p>Қағаздың қай түрінде бүктелу сызықтары анық байқалады? Қорытындыны альбомға жаз.</p> <p>3-эксперимент. Қағаз жыртылады Өртүрлі қағаз парақтарын жыртып көр. Қай қағазды, тығыз әлде жұқа қағазды жырту оңай? Тәжірибе туралы қорытынды жаз.</p> <p>4-эксперимент. Қағазды қиюға болады Қағаздың әр түрін қайшымен қиып көр. Қағаздың қай түрін қию оңай болады? Қайшысын қию қиын? Қандай қорытынды шығаруға болады?</p> <p>Қайшымен жұмыс істеу қауіпсіздігі ережелерін сақта.</p>			
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>30 минут</p>	<p>Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз, бойымызды тік ұстап. Оңға-солға бұрыламыз, Тағы бір рет қайталаймыз. Санағанда отырамыз Бір, екі, үш, төрт, бес. Бұл дұрыс әрекет – Аяқ бұлшықеттерін жағтықтыру. Ал енді қолымызды серпи көтеріміз. Бірге орындаймыз. Бір – қолды серпи көтеру, екі – қолды жылдам түсіру.</p> <p>Практикалық тапсырма (Ж) Сабақтың практикалық бөлігінде оқушыларға қағаз түрлерін пайдаланып, менгерген әртүрлі техникалармен «Көктемгі пейзаж» аппликациясын жасауды</p>	<p>Оқушылар мұғалімнің сөзін тыңдап, қимылына ілесіп, қарапайым жағтығулар жасайды.</p> <p>Өзіндік жұмыс. Оқушылар оқулықтағы көрнекі ақпаратпен танысады, оны жұппен немесе топпен</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p> <p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	

<p>4 минут</p>	<p>ұсыныңыз. Таңдап алынған әдістер бір-бірімен үйлесу керегін ескертіңіз. Практикалық жұмыс алдында мұғалім жұмыс орнының дайындығын және қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалау керек.</p> <p>Бағалау Оқушыларға жұмыстарымен өзара алмасуды, бір-бірін бағалауды тапсырыңыз. Бұл тапсырманы карама-қарсы отырған сыныптасымен бірге, жұппен орындаған дұрыс.</p> <p>Бағалау критерийлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • эскиз жасау; • композицияда 2-3 жоспар көрсету; • әртүрлі техникалармен істеу. <p>Қорытынды Оқушылардан сыныпта шағын көрме ұйымдастыруды сұраңыз. Көрмеде әр оқушы өз жұмысы туралы айта алады.</p>	<p>талқылайды, жұмыстың реті туралы ойланады. Практикалық жұмыс барысында оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан көмек сұрай алады.</p> <p>Оқушылар бір-бірін бағалайды.</p>	
<p>Сабақтың соңы 1 минут</p>	<p>Рефлексия Сабақтың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жасайды: - Сізге нені істеу ұнады - Нені істегенде қиналдығыңыз? Неліктен?</p>	<p>Өткен сабаққа рефлексия жасайды.</p>	

29-САБАҚ


Бөлімше	Бәрін білгім келеді	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
3-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Табиғи материалдар	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.1.1.1 материал түрлерінің қолдану аясын анықтау;</p> <p>3.2.2.3 шығармашылық жұмысты аяқтау, сыртқы көріністі жақсарту үшін қарапайым әдістер қолдану;</p> <p>3.1.2.3 түрлі материал қасиеттерінің сипатына қарай қолданылу саласын ажырату.</p>	
Сабақтың мақсаттары	<p>- табиғи материалдардың түрлерін зерттеу;</p> <p>- табиғи материалдардан шығармашылық жұмыс орындау.</p>	

САБАҚ БАРЫСЫ

Сабақтың кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
<p>Сабақтың басы</p> <p>5 минут</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сабаққа келмегендерді белгілеу. Сыныпта жайлы орта қалыптастыру.</p> <p>Жаңа ақпарат меңгеру Ынталандыру кезеңі (К, С) Оқулықта берілген әртүрлі қолөнер туындыларының суреттерін көрсетіңіз (Оқулық, 106-бет). Олардың қайсысы табиғи материалдардан жасалғанын анықтауды тапсырыңыз.</p>	<p>Бір-бірімен амандасады. Сабаққа дайындалады.</p> <p>Оқушылар суреттерге мұқият қарайды. Табиғи материалдардан жасалған қолөнер туындыларын анықтайды.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Мұғалімге:</p>
<p>5 минут</p>	<p>Түсіну кезеңі</p>			

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі


	<p>(К, Т) Оқушыларға қолөнерге арналған табиғи материалдарды өсімдік текті және минералды материалдар деп бөлуге болатынын айтыңыз (Оқулық, 107-бет). Өсімдік материалдарына ағаштар мен бұталардың жапырақтары, қабығы, гүлдері, бүрлері, жаңғақтары және т.б. жатады. Ал минерал материалдарға құм, бақалшақ, тас, саз жатады. Оқушыларға көрсету үшін сыныпқа табиғи материалдардың кейбір үлгілерін әкелуге болады.</p>	<p>Оқушылар табиғи материалдардың түрлерін мұқият зерделейді.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау.</p>	<p>интерактивті такта, сабақ презентациясы, көрнекі материал. Оқушыға: табиғи материалдар, қарындаш, картон, қайшы және т.б. Оқулық, 106-108 бб. Бұл сабақты «Жаратылыстану» пәнімен кіріктіріп оқыту ұсынылады. Оқушылар «Жаратылыстану» пәнінде меңгерген білімдеріне сүйенеді.</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>30 минут</p>	<p>Сергіту сәті Барлығымыз тұрамыз, терең дем аламыз. Оңға, солға бұрыламыз, Еңкейеміз, көтерілеміз. Қолымызды жоғарыға көтеріп, бүйір жаққа созамыз Бір орында секіреміз. Секіреміз, жүгіреміз. Жарайсындар, балалар! Қадамымызды баяулатамыз. Бір орында тұрамыз! Енді бірге отырамыз Талай жұмыс бар алда.</p> <p>Практикалық тапсырма (Ж) Оқушыларға табиғи материалдардан қолөнер туындыларын жасаудың әртүрлі тәсілін таныстырыңыз. Табиғи материалдарды басқа материалдармен бірге қолдана алатынын айтыңыз. Оқушылар тақырыпты және жұмыс техникасын өздері тандасын.</p>	<p>Оқушылар мұғалімнің сөзін тыңдап, қимылын қайталап, қарапайым жаттығулар жасайды.</p> <p>Өзіндік жұмыс. Оқушылар оқулықтағы көрнекі ақпаратпен танысады, оны жұппен немесе топпен талқылайды, жұмыстың реті туралы ойланады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p> <p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	<p>Табиғи материалдан жасалған бұйымдар https://www.youtube.com/shorts/EnlZH8QALGE https://www.youtube.com/watch?v=hBiHcHM7DM https://www.youtube.com/shorts/DhQ26RXYNOQ</p>

<p>4 минут</p>	<p>Мысал ретінде оқулықта берілген табиғи материалдардан қолөнер туындысын жасаудың екі әдісін қарастыруды ұсыныңыз (Оқулық, 107-108 беттер). Практикалық жұмыс алдында мұғалім жұмыс орнының дайындығын және қауіпсіздік ережелерінің сақталуын қадағалауы керек. Практикалық жұмыс барысында мұғалім көмек қажет ететін оқушыларға ғана қолдау көрсете алады.</p> <p>Бағалау Оқушыларға жұмыстарымен алмасуды, бір-бірін бағалауды тапсырыңыз. Бұл тапсырманы қарама-қарсы отырған сыныптасымен, жұппен орындаған дұрыс. Бағалау критерийлері: - сапалы нобай жасау; - қолөнер бұйымының бөлшектерін мұқият біріктіру; - әртүрлі тәсілмен безендіру.</p> <p>Қорытындылау Оқушылардан сыныпта шағын көрме ұйымдастыруды сұраңыз. Көрмеде әр оқушы өз жұмысы туралы айта алады.</p>	<p>Практикалық жұмыс барысында оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан көмек сұрай алады.</p> <p>Оқушылар бір-бірін бағалайды.</p> <p>Қорытынды жауаптарын берер кезде оқушылар бүкіл сабақ процесін еске түсіруі керек.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	 <p>Балалардың білімін тексеруге арналған тест сұрақтары Өсімдік текті материалдар: а) құм мен қабықтар; б) ағаштар мен бұталардың жатырақтары; с) саз және қиыршық тастар.</p> <p>Минерал материалдар а) сабан мен конус; б) құм және саз; с) қабықтар мен қиыршық тастар.</p> <p>Табиғи материал дегеніміз не? а) табиғаттағы материалдар; б) қайта өңделген материалдар; с) адамдар жасаған материалдар.</p>
<p>Сабақтың соңы 1 минут</p>	<p>Рефлексия Сабақтың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жасайды: - Сізге нені істеу ұнады - Нені істегенде қиналдыңыз? Неліктен?</p>	<p>Өткен сабаққа рефлексия жасайды.</p>		

30-САБАҚ

Бөлім	Бәрін білгім келеді	
Педагогтің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)		
Күні		
3-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы:	Ерекше гүл шоғы	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	3.1.3.2 шығармашылық идеяларды дамытуда сәндік-қолданбалы өнердің элементтерін қолдану жолдарын ұсыну; 3.2.3.3 қалдық материалдармен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау.	
Сабақтың мақсаттары	- флористиканың не екенін зерттеу; - түймелерден ерекше гүл шоғын жасау.	

САБАҚ БАРЫСЫ


Сабақтың кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі Сабаққа дайындықты тексеру. Сабаққа келмегендерді белгілеу. Сыныпта жайлы орта қалыптастыру. Жаңа ақпаратты меңгерту Ынталандыру кезеңі (К, С) Оқушыларға оқулықтағы әртүрлі заттан жасалған гүл шоқтарын көрсетіңіз (Оқулық, 109-бет). Бұл гүл шоқтарының несімен ерекшеленетінін сұраныңыз.	Бір-бірімен амандасады. Сабаққа дайындалады. Оқушылар гүл шоқтарын қарап шығады, ерекшелігін түсіндіреді.	Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау	Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б. 
5 минут	Түсіну кезеңі (К, Т) Оқушыларға гүл шоғының гүлдеп тұрған өсімдіктерді кесіп немесе жұлып алу арқылы жасалатын түсіндіріңіз. Гүл шоғын сыйлық ретінде немесе гүлсауытқа	Оқушылар мұғалімді мұқият тыңдайды. Берілген тақырып бойынша сұрақтар қояды.	Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау	Мұғалімге: интерактивті тақта, сабақ презентациясы, көрнекі материал.


	<p>салып бөлмені безендіру үшін қолданады. Кейде кәмпит қағаздарынан, матадан, қауырсындардан және басқа сәндік өсімдіктерден де гүл шоқтарын жасайды. Гүл шоқтарын, гүл композицияларын жасау өнері флористика деп аталатынын айтыңыз.</p>			<p>Оқушыға: өлшемдері әртүрлі түймелер, сым, қайшы, тістеуік, фетр бөліктері.</p> <p>Оқулық, 109-111 беттер.</p> <p>Түймеден жасалған бұйымдар</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=fqHPa2-rdNo</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=961q-wbcmk</p> 
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>30 минут</p>	<p>Сергіту сәті</p> <p>Денені шынықтыру басталады.</p> <p>Орнымыздан тұрамыз, бойымызды тік ұстап.</p> <p>Оңға-солға бұрыламыз, Тағы бір рет қайталаймыз.</p> <p>Санап отырып, тұрамыз Бір, екі, үш, төрт, бес.</p> <p>Бұл дұрыс әрекет – Аяқ бұлшықеттерін жағтықтыру.</p> <p>Ал енді бәріміз бірге Бір – қолымызды серпи көтеріміз, екі – қолды жылдам түсіреміз.</p> <p>Сабағымызды жалғастырамыз.</p> <p>Практикалық тапсырма</p> <p>(Ж) Оқушыларға бұл сабақта түймеден ерекше гүл шоғын жасайтындарын ескертіңіз. Бұл ретте оларға басқа қолда бар материалдар қажет болады. Осы материал арқылы олар әдемі композиция жасайды. Оқушыларға әдемі композиция жасау үшін пропорция ережелерін білу керек екенін айтып, пропорция ережесіне сәйкес гүл шоғы стендтен екі есе үлкен болуға тиіс екенін түсіндіріңіз. Мысал ретінде оқулықта берілген байлам жасау</p>	<p>Оқушылар мұғалімнің сөзін тыңдап, қимылына ілесіп, қарапайым жағтығулар жасайды.</p> <p>Өзіндік жұмыс. Оқушылар жұмысты ретімен жасайды.</p> <p>Оқушылар оқулықтағы көрнекі ақпаратпен танысады, оны жүппен немесе топпен талқылайды, жұмыстың реті туралы ойланады. Практикалық жұмыс барысында оқушылар</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	

<p>4 минут</p>	<p>әдісін қарастыруды ұсыныңыз. (Оқулық, 110-111 бет).</p> <p>Бағалау Оқушыларға жұмыстарымен алмасуды, бір-бірін бағалауды тапсырыңыз. Бұл тапсырманы қарама-қарсы отырған сыныптасымен бірге, жұппен орындаған дұрыс.</p> <p>Бағалау критерийлері:</p> <ul style="list-style-type: none"> • гүл шоғының нобайын жасау; • бөлшектерді мұқият біріктіру; • тіреуішті безендіру. <p>Қорытынды Оқушылардан сыныпта шағын көрме ұйымдастыруды сұраңыз. Көрмеде әр оқушы өз жұмысы туралы айта алады.</p>	<p>мұғалімнен немесе сыныптастарынан көмек сұрай алады.</p> <p>Оқушылар бір-бірін бағалайды.</p> <p>Қорытынды жауаптарын берер кезде оқушылар бүкіл сабақ процесін еске түсіруі керек.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша бағалау</p>	
<p>Сабақтың соңы 1 минут</p>	<p>Рефлексия Сабақтың соңғы кезеңінде мұғалім рефлексия жасайды: - Сізге не ұнады? - Нені істегенде қиналдыңыз? Неліктен?</p>	<p>Өткен сабаққа рефлексия жасайды.</p>		

31-САБАҚ

8-бөлім	Демалыс мәдениеті. Мерекелер	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні		
3-сынып	Қатыспағандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Аспалы композиция	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.1.1.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес материалдардың түрлерін сипаттау, айтып беру;</p> <p>3.1.2.2 дәстүрлі және дәстүрлі емес қарапайым материалдардың қолдану салаларын ажырату;</p> <p>3.2.3.2 мүмкіндігіне қарай өз жұмыс орнында гигиеналық талаптарды сақтау.</p>	
Сабақтың мақсаты	<p>- оқушыларды әртүрлі аспалы композициялармен таныстыру;</p> <p>- аспалы композиция жасауды үйрету.</p>	

САБАҚ БАРЫСЫ			
Сабақ кезеңдері/Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау
Сабақтың басы	(С) Ұйымдастыру кезеңі. «Мен саған ... тілеймін» интерактивті әдісі	Сабақтың эмоционалық тұрғыдан жақсы басталуы оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді.	Сабақтың басында оқушылардың қоршаған кеңістікті эмоциялық бағалауы
5 минут	Мұғалім оқушыларды жағымды тілекпен қарсы алады және оқушылар бір-біріне жақсы тілек айтады. (С) Мақсат қою. «Анықта» өз бетінше дербес ойлауды дамыту әдісі Мұғалім аспалы композициялар суреттерін тақтаға іледі немесе мектеп мұрағатынан алып, оқушылардың өткен жылдардағы жұмыстарын іледі. Оқушылар оларға мұқият қарап, сабақ тақырыбын, шығармашылық қызметтің ықтимал түрлерін анықтауы керек. Мұғалім сабақтың тақырыбын атайды, мақсаттарын айтып және оған жету жолдарын ұсынады.	Оқушылар ықтимал нұсқаларды талқылап, сабақ тақырыбын дұрыс тұжырымдауға тырысады.	Мұғалімнің бақылауы
			<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>  <p>Тірек сөздер: - аспалы композиция; - мобиль. Сынып тақтасы, түрлі көркем және қолда бар</p>


<p>5 минут</p>	<p>Тірек сөздермен жұмыс Аспалы композиция немесе мобиль – кеңістіктегі көлемді, жылжымалы құрылым. Мобильдерді көшелерді безендіру және салтанатты іс-шаралар кезінде қолданады. Сондай-ақ олар кішкентай балаларға арналған аспалы ойыншық ретінде қолданылады. Оқушылардан аталған ұғымдардың мағынасын білетінін немесе білмейтінін сұраңыз.</p>	<p>Оқушылар осы мәселе бойынша идеяларын айтысып, тірек сөздердің мағыналарының ықтимал нұсқаларын ұсынады.</p>	<p>Мұғалімнің мадақтауы, эмоциялық тұрғыдан қолдау сөздері.</p>	<p>материалдар мен құралдар Мектеп мұрағатынан алынған аспалы композициялардың суреттері немесе балалар жұмыстарының түпнұсқалары Оқулық, 114-116 беттер</p>
<p>Сабақтың ортасы 30 минут</p>	<p>(Д, Ж, С) Жаңа ақпаратты зерттеу Оқулықпен жұмыс әдісі Оқушыларға оқулықта берілген аспалы құрылымдардың суреттеріне мұқият қарауды тапсырыңыз (Оқулық, 114-бет). Сұрақтарға ойланып жауап беруді сұраңыз. Оқушылардан «Аспалы композициялар» ұғымын сипаттайтын мәтінді оқып, ұқсас мобильдерді қай жерде кездестіргені туралы айтып беруді сұраңыз. (С, К) Эксперименттік зерттеу әдісі Оқушыларды жаңа ақпаратпен таныстырған кезде сабаққа бұрын алып келген аспалы түтіктерден немесе қозғалыс кезінде дыбыс шығаратын басқа қуыс элементтерден жасалған аспалы композицияларды көрсетіңіз. Композицияны көтеріп, оның бөліктерін қозғалтыңыз. Бұл әрекетіңіз оқушылардың «Оқы, қызық!» айдарының ақпаратын жылдам түсінуіне септеседі.</p>	<p>Оқушылар әртүрлі аспалы композициялардың фотосуреттерін көреді, қай аспалы композиция түрін қайдан көргенін не байқағанын, үйде немесе досының үйінде қандай түрі бар екенін айтысады. Бұл әдіс оқушыларға шынайы өмірдегі тәжірибелерін, білімдерін танытуға мүмкіндік береді.</p> <p>Оқушылар аспалы композиция бөліктерінің қозғалысын қарастырады және бір-біріне оның атауының мағынасын түсіндіреді. Осыдан кейін оқулықтағы ақпаратпен танысады. Әртүрлі мобильдердің суреттерін зерттегенде, олардың қандай материалдардан жасалғанын</p>	<p>Мұғалімнің ауызша түсініктемелері сыныптағы оқушыларға қолдау болып қабылдануы мүмкін.</p> <p>Мұғалімнің бақылауы</p>	<p>Аспалы сәндік композиция https://ru.pinterest.com/pin/68746896975/ https://ru.pinterest.com/pin/844493673364232/ https://ru.pinterest.com/pin/281543722744439/</p> 

	<p>(Ж) Көрнекі ақпаратпен жұмыс істеу әдісі Мұғалім оқушыларға оқулықтағы әртүрлі аспалы композициялардың суреттерін мұқият қарап шығуды және сабақ басында көрсеткен мобильдердің қандай бөліктерден тұратынын, олардың негіздері дөңгелек не айқыш тәрізді, тегіс немесе көп сатылы екенін анықтауды ұсынады (Оқулық, 114-бет). Бұл тапсырманы орындау үшін мұғалім мектеп мұрағатынан өзі жасаған немесе оқушылар жасаған жұмыстарды көрсете алады.</p> <p>(С) Сергіту сәті Көзге арналған жаттығу Оқушылардан көз қарашығын жоғарыға, солға, оңға және төмен қозғалтуды сұраныз. Осы жаттығуды оқушылар бірнеше рет қайталасын.</p> <p>(Д) Практикалық жұмыс Көрнекілік ретінде көрсету және білімді практикада қолдану әдістері Оқушыларға құстар ілінген аспалы композиция жасауды ұсыныңыз (Оқулық, 115-бет). Мұғалім жұмысты орындау барысында әр әрекетті сипаттап, оқушылардың сұрақтарына жауап беру арқылы жұмыс ретін көрсетуі керек. Практикалық жұмыс кезінде көмек қажет оқушыларға ғана көмектесуге кеңес беріледі.</p>	<p>немесе жасалуы мүмкін екенін айта алады. Мұндай мысалдар шығармашылық және сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал етеді, өйткені оқушылар бұрын не көргендерін еске түсіріп қана қоймай, оны өз қолдарымен қалай жасауға болатынын долбарлайды. Жаңа ақпарат қабылдаудың көрнекі тәсілі оқушыларға суреттерді талқылауға және өздерінің дәлелді пікірлерін ұсынуға мүмкіндік береді.</p> <p>Оқушылар мұғалімнің нұсқауларына сәйкес қарапайым көз жаттығуларын жасайды.</p> <p>Оқушылар оқулықтағы көрнекі ақпаратпен танысады, оны жұппен немесе топпен талқылайды, оның жасалу реті туралы ойланады. Осыдан кейін оқушылар қайшыны пайдалану қауіпсіздік ережелерін сыныптастарымен бірге еске</p>	<p>Мұғалімнің оң пікірі, оқушылардың жауаптарын тігісін жатқызып түзетуі.</p> <p>Мұғалімнің бақылауы</p> <p>Мұғалімнің пікірі</p>	<p>Мектеп мұрағатынан алынған оқушылардың жұмыстары</p> <p>Түрлі түсті қағаз, дөңгелек негіз, жіптер, қайшы, шаблондар, желім.</p> <p>Оқулық, 114-116 беттер.</p> <p>Аспалы түтіктерден немесе қозғалғанда дыбыс шығаратын басқа қуыс элементтерден жасалған аспалы композиция.</p>
--	--	---	---	---

	<p>Қайшымен жұмыс кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауды ескертіңіз. Қайшының жүзі өте өткір, сондықтан бір-біріне сабы жағымен беру керек.</p> <p>Саралау Бұл тапсырмада оқушылардың материалдарды өз бетінше таңдауына қарай сараланады. Мұғалім құстардың үлгісін алдын ала дайындап, қағазға басып шығарып, оқушыларға бере алады.</p> <p>Бағалау Оқушылар өз жұмыстарын тексереді және сұрақтарға жауап береді: - Құс пен қанаттары ұқыпты қиылған ба? - Құрылым жақсы біріктірілген бе?</p> <p>Қорытындылау Сабакты оқушылар жауап бере алатын бірнеше сұрақпен қорытындылауға кеңес беріледі: - Сен қандай аспалы композиция жасадың? Оның негізі неден тұрады?</p>	<p>түсіріп талқылайды. Мұның оқушылар мен олардың қауіпсіздігі үшін маңызы зор.</p> <p>Практикалық жұмыс барысында оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан көмек сұрай алады.</p> <p>Оқушылар жұмысты орындау үшін қағаз немесе картон секілді материал және оның түсін таңдайды. Өз жұмысының нәтижесін бағалау кезінде оқушылар мұғалімнің сұрақтарына жауап беру туралы ойлануға тиіс. Оқушылар жауаптарды өз бетінше, жұпмен немесе топмен ақылдасып құрастыра алады. Оқушылар өз жұмыстарын қарастырады және оны жасалу ретін еске түсіреді. Үдеріс барысындағы жетістіктері мен қиындықтарды айтады.</p>	<p>Бағалау – жауаптары дұрыс болған оқушыларға көңілді смайлик жетондарын беру.</p> <p>Мұғалімнің бақылауы мен пікірі</p> <p>Оқушылардың өз әрекеттерін бағалауы</p>	<p>Позитив смайлик жетондары</p>
<p>Сабактың соңы 1 минут</p>	<p>(Ж) Эмоциялық рефлексия Мұғалім эмоциялық рефлексия жасайды. Сабак ұнаса, оқушылар жашпай қол соғады. Шапалақ неғұрлым қатты болса, сабақ соғұрлым қызық болды дегенді білдіреді.</p>	<p>Эмоциялық рефлексия сыныптағы оқушылардың эмоциялық интеллектісінің дамуына ықпал етеді.</p>		

32-САБАҚ

8-бөлім	Демалыс мәдениеті. Мерекелер	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні		
3-сынып	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Мерекелік аспалы композиция	
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	3.1.3.3 әртүрлі дереккөзден алынған ақпаратты (АКТ қолдану) пайдаланып, шығармашылық идеяларды дамыту.	
Сабақтың мақсаты	– мерекелік аспалы композиция жасау; – жұмыста шығармашылық идеяны жеткізуді үйрету.	

САБАҚ БАРЫСЫ				
Сабақ кезеңі/ Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	
Сабақтың басы	(С) Ұйымдастыру кезеңі «Күлімсірейік» интерактивті тәсілі Мұғалім оқушыларды жылы жүзбен қарсы алады және олардан бір-біріне жылы көзқараспен қарап, күлімсіреуін сұрайды.	Оқушылар бір-біріне жақсы тілек тілейді. Сабақтың эмоциялық тұрғыдан жақсы басталуы оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді.	Оқушылардың сабақтың басталуының эмоциялық қоршаған кеңістігін бағалауы	Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.
5 минут	(С) Жағымды эмоциялық орта қалыптастыру, әңгімелесу әдісі (С) Мақсат қою. Өз бетінше ойды дамыту әдісі Оқулықтағы «Суреттерді зерделе» айдарындағы суреттерге мұқият қарауды, олардың бір-бірінен ерекшелігін ажыратуды тапсырады (Оқулық, 117-бет). Қажет жағдайда оқушылардың жауаптарын толықтырыңыз. Сабақ мақсаттарын сыныпқа айтып, оған жету жолдарын көрсетіңіз.	Оқушылар оқулықтағы суреттер туралы ойланып, сабақ тақырыбының мүмкін нұсқаларын талқылайды. Сабақ барысында тірек сөзді алғаш естіп отырған оқушыларға аталған сөздердің мағынасымен танысатынын айтады.	Мұғалімнің бақылауы	 Тірек сөздер: - мерекелік аспалы композиция.


<p>Сабактың ортасы 35 минут</p>	<p>Тірек сөздермен жұмыс Мерекелік аспалы композиция – мереке өтетін кеңістікті безендіруге арналған, арнайы дайындалған материалдардан жасалған аспалы композиция.</p> <p>(Д, Ж, С) Жаңа ақпаратты зерттеу Сыни тұрғыдан ойлау әдісі Кіріспе әңгіме Оқушыларға оқулықтағы мерекелік аспалы композициялар суреттерін көріп шығуды, сондай-ақ мәтінмен берілген ақпаратты оқуды тапсырыңыз. Біраз уақыттан кейін оқушыларға мынадай сұрақ қойыңыз: - Бірінші және екінші аспалы композиция қандай бөліктерден тұрады? - Қағаздың қандай түстері қолданылды?</p> <p>(Ж, С) Көрнекі-иллюстрациялық әдіс Оқушыларға төртбұрышты негізге бекітілген түрлі түсті қағаз көбелектерден мерекелік композиция жасау ретін көрсетіңіз. Оларға оқулықтағы суреттерді қарап, берілген мәтін бойынша «Орындап көр» айдарындағы жаңа ақпаратпен танысуды тапсырыңыз (Оқулық, 118-120-бет).</p> <p>1-кезең. 1 және 2-суреттерде қағазға салынған көбелектің нобайы берілген және суретті қайшымен киіп алу жолы көрсетілген. Мұғалім қайшыны қауіпсіз пайдалану ережелерінің сақталуына назар аудару керек.</p> <p>2-кезең 3 және 4-суреттерде қағаз көбелектерді жіпке қалай жабыстыруға болатыны көрсетілген.</p>	<p>Оқушылар оқулықтағы фотосуреттермен танысады, білгендерін айтысады. Осыған ұқсас нәрселерді қайдан көргендерін және мерекелік аспалы композициялар туралы не білетіндерін ортаға салады. Кейбір оқушылар композициялардың қандай материалдардан жасалуы мүмкін екенін және өлшемі қандай болатынын айтуы мүмкін.</p> <p>Оқушылар жұмысқа кіріспес бұрын қандай материалдар қолданылғанын білуге тиіс. Материалдар суреттері оқулықта, осы айдарда беріледі. Бұл ақпаратты талдау</p>	<p>Мұғалімнің оқушылардың жауаптарын жағымды тұрғыдан түзетуі.</p> <p>Мұғалімнің ауызша түсініктемелері сыныптағы оқушыларға қажет қолдау түрі болуы мүмкін.</p> <p>Мұғалімнің бақылауы.</p>	<p>Сынып тақтасы, түрлі көркем және қоласты материалдары мен құралдары</p> <p>Оқулық, 117-120 беттер.</p>
---	---	---	--	---

	<p>Бұл ретте оқушыларға желімді қолдану барысында мұқият болуды ескертеді, өйткені оны дұрыс пайдаланбаған жағдайда киімін, қолын, оқу құралдарын ластап алуы мүмкін. 5-суреттегідей жіпке 5-6 көбелекті қалай жабыстыруға болатынын көрсетіңіз.</p> <p>3-кезең</p> <p>Оқушыларға қағаз көбелектер ілінген бірнеше жіп дайындауды ұсыныңыз. Көбелектердің қанаттарын әр жаққа бағыттауға болады.</p> <p>Қағаз түтіктерінен жасалған құрылымға қажет қағаз негіз жасау кезінде оларға құрастыру мен желімдеудің ретін өз бетінше зерделеп көруді тапсырыңыз. Кейін оларды қалай жасауға болатынын көрсетіңіз. Сондай-ақ шаршы түрінде негіз жасау үшін түтіктерді бір-біріне қалай бекіту керек екеніне назар аударыңыз.</p> <p>Аспалы композиция жасаудың соңғы кезеңінде бүкіл құрылымды жіптермен қалай байланыстыруға болатынын көрсетіңіз.</p> <p>(С) Сергіту сәлі. Саусақ гимнастикасы</p> <p>Алақанды жазу, кейін жұдырық түйю, осы әрекетті бірнеше рет қайталау. Соңында саусақтарды жазып, қолды сілкіту.</p> <p>(Д) Практикалық жұмыс</p> <p>Көрнекі көрсету және білімді практикада қолдану әдістері</p> <p>Оқушыларға өзіңіз көрсеткен ретпен мерекелік аспалы композиция жасауды тапсырыңыз. Практикалық жұмыс</p>	<p>оқушыларға сабақта меңгерген білімдері мен тәжірибелерін тиімді қолданып, практикалық жұмыстарды орындауына әсер етеді.</p> <p>Мұғалімнің жаңа ақпаратты көрнекі көрсетуі барысында оқушылар мұқият танысып, қажет болған жағдайда өздерін қызықтырған нәрселер бойынша сұрақ қоя алады.</p> <p>Оқушылар мұғалім сөзін тыңдап, қимылын қайталап қарапайым физикалық жаттығулар орындайды.</p> <p>Практикалық жұмыс барысында оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан көмек сұрай алады.</p>	<p>Мұғалімнің оң пікір білдіріп қолдауы.</p>	<p>Түрлі түсті қағаз, желім, қайшы, жіптер</p>
--	---	---	--	--

	<p>барысында көмек ететін оқушыларға ғана қолдау көрсетуге кеңес беріледі. Практикалық жұмыс аяқталған соң оқушылардан қандай әсерде болғанын сұраңыз. Жұмыс ұнады ма, ұнаса, нақты не ұнағанын сұраңыз. Оқушылардан өз жауаптарын түсіндіруді сұраңыз.</p> <p>Бағалау</p> <p>Оқушыларға жұмыстарымен алмасуды, бір-бірін бағалауды тапсырыңыз. Мұғалім бағалау критерийлерін тақтаға жазып қояды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - негізге бекітілген көбелектердің айналуы; - құрылымның беріктігі; - құрылымның барлық бөлігінің ұқыпты және біркелкі біріктірілуі. <p>Қорытынды</p> <p>Мұғалім оқушылар жауап бере алатын бірнеше сұрақтармен сабақты қорытындылайды:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Осы сабақта не білдің, не үйрендің? <p>Оқушыларға үйде қалдық материалдардан осы секілді аспалы композиция жасауға кеңес беріңіз.</p>	<p>Оқушылар өз жұмыстарын қайта тексеріп көріп, жасалу ретін еске түсіреді. Іс барысындағы жетістіктері мен қиналған сәттерін баяндап береді.</p>	<p>Мұғалімнің ауызша баға беруі</p> <p>Эмодзи түріндегі түрлі түсті белгілер: кызыл – көңілсіз, жасыл – көңілді, сары – ойлы.</p> <p>Эмодзи түріндегі түрлі түсті белгілермен бағалау: кызыл – көңілсіз, жасыл – көңілді, сары – ойлы.</p> <p>Мұғалімнің бақылауы және ауызша қолдау көрсетуі.</p>	<p>Эмодзи түріндегі түрлі түсті белгілер: кызыл – көңілсіз, жасыл – көңілді, сары – ойлы.</p>
<p>Сабақтың соңы</p> <p>1 минут</p>	<p>(Ж) Эмоциялық рефлексия</p> <p>Мұғалім эмоциялық рефлексия жасайды. Егер оқушыларға сабақ ұнаса, олар 3 рет қол соғады. Шапалақ саны неғұрлым аз болса, соғұрлым сабақта қиналғанын білінеді.</p>	<p>Эмоциялық рефлексия сыныптағы оқушылардың эмоциялық интеллектісінің дамуына ықпал етеді.</p>	<p>Оқушылардың өз әрекеттерін бағалауы</p>	

33-САБАҚ

8-бөлім	Демалыс мәдениеті. Мерекелер	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні		
3-сынып	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы	Сыйлық қаптамасы	
Білім беру бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	<p>3.2.2.1 аралас (қарапайым және күрделенген) тәсілдер арқылы материалдарды өңдеу (өлшеу, белгілеу, кию, формасын және түсін келтіру, жинақтау, модельдеу мен құрастыру);</p> <p>3.2.2.2 шығармашылық жұмыс барысында ұлттық элементтерді тиімді қолдану;</p> <p>3.2.1.2 ұлттық қолданбалы өнер бұйымдарының жасалу техникаларын талдау, іріктеу.</p>	
Сабақтың мақсаты	<p>- сыйлық қаптамаларының түрлерімен таныстыру;</p> <p>- сыйлық қаптамасын жасау.</p>	

САБАҚ БАРЫСЫ			
Сабақ кезендері/Уақыт	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау
Сабақтың басы	<p>(С) Ұйымдастыру кезеңі</p> <p>«Бір, екі, үш» интерактивті ойын әдісі</p> <p>Мұғалім оқушыларға қарама-қарсы тұрған немесе қарама-қарсы отырған сыныптастардың бір-біріне үш жақсы тілек айтуын сұрайды.</p>	<p>Оқушылар бір-біріне үш тілек айтады.</p> <p>Сабақтың эмоциялық тұрғыдан жақсы басталуы оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді.</p>	<p>Оқушылардың сабақтың басталуының эмоциялық қоршаған кеңістігін бағалауы</p>
5 минут	<p>(С) Мақсат қою. Өз бетінше ойлауды дамыту тәсілі, оқулықпен жұмыс</p> <p>Мұғалім оқушыларға алдын ала дайындалған әртүрлі пішіндегі және өлшемдегі түрлі түсті қораптарға мұқият қарауды тапсырады. Мұғалім олардың кейбірін ашып, онда қандай заттар болуы мүмкін екенін көрсете алады. Мысалы, жұмсақ ойыншықтар, әртүрлі оқу құралдары және т.б.</p>		<p>Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.</p>
			<p></p> <p>Тірек сөздер:</p> <p>- қаптама;</p>

	<p>Оқушыларға мынадай сұрақ қойыңыз:</p> <ul style="list-style-type: none"> - Досына немесе туысына осындай зат сыйлағың келсе, сыйлықты қалай қаптар едің? Өзіңіз алып келген қораптарды мұқият қарап шығуды тапсырып, қайсысын сыйлық қаптамасы деуге болатынын және неге олай ойлайтынын сұраңыз. Бірнеше оқушының жауабын тыңдап болған соң, мұғалім бүгінгі сабақ тақырыбын «Сыйлық қаптамасы» деп жариялайды. Оқушылар оқулықтағы суреттерге қарап, мынадай сұрақтарға жауап беру тиіс (Оқулық, 121-бет): - Сыйлықтарды қалай қаптауға болады? - Сыйлық қаптамаларының қандай түрлерін білесіңдер? - Олар қандай материалдардан жасалуы мүмкін? <p>(Ж) Тірек сөздермен жұмыс</p> <p>Қаптама – кез келген затты немесе бұйымды орауға болатын материал немесе зат.</p> <p>Жайма – қаптаманың сызба бейнесі, онда бүйірлердің өлшемдері мен бүктеу сызықтары көрсетіледі.</p> <p>Мұғалім оқушыларға жаңа сөздерді айтады және олардың мағынасын сұрайды. Кейбір оқушылардың жауабынан соң, қажет жағдайда түзетіп, толықтырып, негізгі ұғымдар мағынасын алдағы кезде егжей-тегжейлі білетіндерін айтады.</p>	<p>Тірек сөздер туралы жаңа ақпаратпен жұмыс істеуде оқушылар жүзпеш пікірлесіп, алдыңғы сабақтарда меңгерген білімдерін қайталап, бірібіріне ақпарат бере алады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы</p>	<p>- бүктемелі қорапша.</p> <p>Сынып тақтасы, түрлі көркем және қолда бар материалдар мен құралдар</p> <p>Оқулық, 121-123 беттер.</p> <p>Қоржындар немесе олардың суреттері</p>
--	--	---	----------------------------	--


<p>Сабақтың ортасы 35 минут</p>	<p>(С) Жаңа ақпаратпен танысу Мұғалім алдын ала дайындаған немесе оқушылар үйден алып келген қоржындарды көрсетеді немесе оқушыларды оқулықтағы «Оқы, қызық!» айдарында берілген суреттерімен таныстырады (Оқулық, 121-бет). Жаңа ақпарат беру барысында жайманың не екенін оқушылар түсінуі керек. Оларға оқулықта берілген жаймалардың негізінде жиналған қартон қаптамалар суреттерін, сондай-ақ жаймалардың сызба суреттерін қарап шығуды тапсырыңыз.</p> <p>(Д) Эксперимент жасау. Көрнекі түрде көрсету және білімді практикада қолдану әдістері Оқулықтағы жайманың сызбасын мұқият қарап шығуды тапсырыңыз (Оқулық, 122-бет) және қартон қорашасын үлгі ретінде қолданып, бүктеу сызықтары мен қалпақшаларын көрсетіңіз.</p> <p>(С) Сергіту сәті. Көз жағтынуы Оқушылар көз қарашықтарын жоғары, төмен, солға және оңға қозғалтуы керек. Жаттығуды бірнеше рет жасауға болады.</p> <p>(Д, Ж) Практикалық жұмыс. Көрнекі көрсету және білімді практикада қолдану әдістері Мұғалім оқушыларға сыйлық қаптамасын жасауды ұсынады (Оқулық, 123-бет) және жұмыс кезеңдерін көрнекі түрде көрсетеді:</p>	<p>Оқушылар берілген қоржын үлгісін бұрын көрген-көрмегендерін еске түсіреді. Олар үйлерінде қандай көне өнер бұйымдары сақталғанын және ұрпақтан ұрпаққа берілетінін, әулет ішінде осындай бұйымдармен байланысты қандай да бір оқиғаларды айтып бере алады.</p> <p>Оқушылар рубриканың жаңа көрнекі ақпаратын өз бетінше зерделеп, осы мәселе бойынша идеяларын айта алады. Жұмыс барысында оқушылар мұғалімнен немесе сыныптастарынан көмек сұрай алады.</p> <p>Мұғалімнің нұсқауымен қарапайым көз жағтығуын жасайды.</p> <p>Оқушылар жаңа ақпаратты</p>	<p>Мұғалімнің түсініктесі сыныптағы оқушыларға қажет қолдау түрі болуы мүмкін.</p>	<p>Қағаз, қайшы, желім-қарындаш</p>
---	--	--	--	-------------------------------------

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДББҰ-ға тиесілі


	<p>- қаптама үлгісін таңдау; - үлгіні қағаз парағына көшіру; - қағаздан жайма кию; - бүйірлерді бүктеу және бүкіл құрылымды құрастыру; - жиналған қаптаманың беріктігін тексеру. Оқушыларға материалдар мен құралдар дайындауды, өздеріне ұнайтын қаптама жасау үшін үлгі таңдауды тапсырыңыз. Жұмыс басында қайшы, желім, қағазбен жұмыс кезінде қандай қауіпсіздік ережелерін сақтау керек екенін естеріне түсіріңіз. Жауаптарына түсініктеме беріп, қажет жағдайда толықтырыңыз. Жұмыс барысында көмек қажет ететін оқушыларға ғана қолдау көрсету керек.</p>	<p>сыныптастарымен бірге талқылай алады. Оқушылар техниканы таңдап, практикалық жұмысты өз бетінше немесе жұппен орындайды. Білімін бекітіп, мұғалімнің сәндік шығармашылықтың жаңа әдісімен істелген жұмысты көрнекі көрсетуі кезінде алған білімдерін еске түсіреді.</p>	<p>Мұғалімнің мадақтауы, эмоциялық тұрғыдан қолдау сөзі. Мұғалімнің бақылауы Мұғалімнің мадақтауы, эмоциялық тұрғыдан қолдау сөзі. Смайликтермен бағалау</p>	<p>Әртүрлі көңіл күйін бейнелейтін смайликтер:</p>
<p>Сабақтың соңы 1 минут</p>	<p>(Ж) Эмоциялық рефлексия Мұғалім оқушылардан өткен сабақ бойынша пікір білдіруді сұрайды. Оқушылар қол соғып білдіре алады. Шапалақ неғұрлым қатты болса, соғұрлым жұмыс үдерісі ұнағанын білдіреді.</p>	<p>Рефлексияның бұл түрі оқушылардың эмоциясын көрсетуіне көмектеседі.</p>	<p>Оқушылардың өз әрекеттерін өздерінің бағалауы</p>	

34-САБАҚ

8-бөлім.	Демалыс мәдениеті. Мерекелер	
Мұғалімнің аты-жөні		
Күні		
3-сынып	Қатысушылардың саны:	Қатыспағандар саны:
Сабақтың тақырыбы	Мерекелік ашықхат	
Білім беру бағдарламасына сәйкес оқу мақсаттары	3.2.1.1 әдіс-тәсілдерді арқылы материалдар жинау, сұрыптау, қолдануға дайындау, орындау техникасын анықтау; 3.3.1.1 өз жұмысының шығармашылық идеясы мен процестерін ұсыну.	
Сабақтың мақсаты	- түрлі мерекелік ашықхаттармен танысу; - мерекелік ашықхат жасауға болатын әртүрлі әдістерді білу; - мерекелік ашықхат жасау және оны сыныптастарға көрсету.	

САБАҚ БАРЫСЫ			
Сабақ кезеңдері/Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау
Сабақтың басы	(С) Ұйымдастыру кезеңі «Сәлемдесу» интерактивті ойын әдісі Мұғалім оқушыларға жұптасып, бір-біріне жақсы, жылы сөз айтып амандасуға кеңес береді.	Оқушылар бір-біріне жылы сөз айтысып сәлемдеседі. Сабақтың эмоциялық тұрғыдан жақсы басталуы оқу үдерісінің тиімді өтуіне ықпал етеді.	Оқушылардың сабақ басында эмоциялық қоршаған кеңістікті бағалауы.
5 минут	(С) Мақсат қою. Өзіндік ойды дамыту тәсілі, оқулықпен жұмыс Оқушылардан мерекелік ашықхаттар мен ондағы суреттерге мұқият қарауды және олардың қандай мерекелерге арналғанын анықтауды сұраңыз. Қандай мерекеге арналып шығарылған? (Оқулық, 124-бет) Кішігірім кіріспе әңгімеден кейін мұғалім сабақ тақырыбын айтады және жету жолдарын ұсынады.	Оқушылар бұған дейін қандай ашықхаттарды көргенін, дәл осы сияқты суреттерді қайдан көргенін айтып береді.	Сабаққа арналған дидактикалық материалдар: таныстырылым, қосымша тапсырма парағы және т.б.  Тірек сөздер: - ашықхат.

Барлық құқықтар "Назарбаев Зияткерлік мектептері" ДБҰ-ға тиесілі

	<p>Тірек сөздермен жұмыс Ашықхат – хатқалтасы жоқ пошта карточкасының бір түрі. Ашықхаттың мақсаты – адресатқа белгілі бір қуанышты жағдаймен байланысты тілегіңізді жеткізу. Мерекелік ашықхаттарда мерекеге орай құттықтау және ізгі тілектер жазылады. Оқушылардан қандай ашықхаттарды көргендерін және сипаттап беруін сұраңыз. Ол ашықхаттар қай мерекеге/күнге орай шығарылған?</p>	<p>Тірек сөз туралы ақпаратпен жұмыста оқушылар оның мағынасын толыққанды түсінуі мүмкін. Егер оқушылар бұл сөзді бірінші рет естіп тұрған болса, мұғалім сабақтың алдағы кезеңінде жаңа сөз мағынасын жете біліп шығатындарын айта алады.</p>	<p>Мұғалімнің мадақтауы, эмоциялық қолдау сөздер.</p>	<p>Сынып тақтасы, түрлі көркем және қолда бар материалдар мен құралдар</p> <p>Мерекелік ашықхаттар бейнеленген суреттер</p> <p>Оқулық, 124-127 беттер.</p>
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>35 минут</p>	<p>(Ж, Ж, С) Жаңа ақпаратты зерттеу Сыни тұрғыдан ойлау әдісі Оқулықта берілген әртүрлі мерекелік ашықхаттардың суреттерін қарап шығыңыз (Оқулық, 124-бет). Оқушылардан ашықхаттардың қандай әдістермен жасалғанын және соның ішінде қай әдісті білетінін сұраңыз.</p> <p>(Ж) Жаңа ақпаратты зерттеу. Ортақ әңгіме әдісі Оқушылардан мамыр айында тойланатын Жеңіс күні мен Отан қорғаушылар күніне арналған ашықхаттарда не бейнеленгенін анықтауды сұраңыз (Оқулық, 124-бет). Осындай ашықхаттарға немесе олардың суреттеріне зер сала қарап, зерделеуге шақырыңыз. Сондай-ақ осы ашықхаттарда қандай элементтер жиі кездесетінін анықтауды тапсырыңыз. Бұл тапсырманы орындау үшін мұғалім осындай ашықхат түрлерін сыныпқа алдын</p>	<p>Оқушылар оқулықта берілген ашықхаттардың фотосуреттерін көреді. Мұғалімнің сұрақтарына жауап беруде шынайы өмірден мысалдар келтіре алады.</p> <p>Оқушылар осындай ашықхаттар элементтерінің ерекшеліктерін түсінуі керек.</p>	<p>Мұғалімнің оқушыларға қажет қолдау болуы мүмкін.</p> <p>Мұғалімнің он пікірі, оқушылардың жауаптарын жағық түрде түзету.</p>	<p>Әртүрлі ашықхаттар https://ru.pinterest.com/pin/1006273110477864681/ https://ru.pinterest.com/pin/7388786882228251/ https://ru.pinterest.com/pin/2533343534147888/</p>  <p>Мамыр айында атап өтілетін екі мерекеге – Жеңіс күні және Отан қорғаушылар күніне –</p>

	<p>ала алып келу керек немесе олардың суреттерін электронды немесе қағазға басылған күйде дайындау ұсынылады.</p> <p>(С) Сергіту сәлі. Көз жаптығуы Бұл сабақта оқушылар оқулықта берілген көлемді көрнекі ақпаратпен жұмыс істейтіндіктен, көз жаптығуын жасауға кеңес беріледі. Оқушылар көз қарашықтарын жоғары, төмен, солға және оңға қозғалтуы керек. Осы жаптығуды бірнеше рет жасауға болады.</p> <p>(Ж) Практикалық жұмыс 1-кезең Оқушыларға аппликация техникасы арқылы қалампыр гүлімен мерекелік ашықхаг жасаудың әрбір қадамын өз бетінше қарап шығуды тапсырыңыз (Оқулық, 125-бет). 2-кезең Оқулықта ұсынылған кезеңдер бойынша ашықхаг жасауды сыныпқа көрнекі көрсетіңіз. 3-кезең Оқушыларға мерекелік ашықхаг жасау жұмысын орындауды тапсырыңыз. Практикалық жұмыс барысында мұғалім көмек қажет ететін оқушыларға ғана қолдау көрсете алады. МАҢЫЗДЫ! Оқушыларға қайшыны өте мұқият пайдалану керектігін, өте өткір болуы мүмкін болғандықтан, жүздерін қолмен ұстауға болмайтынын, әлдекімге бергенде</p>	<p>Мұғалімнің нұсқауымен қарапайым көз жаптығуларын жасайды.</p> <p>Практикалық жұмыс барысында мұғалімнен немесе сыныптастарынан көмек сұрай алады.</p>	<p>Мұғалімнің бақылауы.</p> <p>Мұғалімнің оң пікір білдіріп қолдауы</p>	<p>арналған мерекелік ашықхагтар.</p> <p>Қызыл түсті қағаз, қайшы, желім-қарындаш.</p>
--	---	--	---	--

<p>4 минут</p>	<p>сабы жағымен ұсыну керек екенін ескертiңiз. Киiмдерiн ластап, айналага жайылмас үшiн желiм қолданған кезде де өте ұқыпты болу керегiн айтыңыз.</p> <p>Саралау Бұл тапсырмада саралау оқушылардың ашықхаг жасау әдiсiн, материалын, түсi мен пiшiнiн өз бетiнше тандауы барысында көрiнiс табады.</p> <p>Бағалау Оқушылар жасаған ашықхагтарды үстел үстiне қойып, олардан ұқыпты жасалған және берiк үздiк үш жұмысты тандауды сұраңыз.</p> <p>Қорытындылау Оқушыларға өз жұмыстарын көрсеткенде мынадай сұрақтарға жауап беруiн ескертiңiз: - Ашықхатыңның ағауы не? - Қай мерекеге арналған? - Жасау барысында қандай сезiмде болдың?</p>	<p>Оқушылар өз жұмыстарын мұқият тексерiп алған соң, сынып алдына шығарып көрсетедi, бұйымының жасалу ретiн сипаттайды, жетiстiктерi мен қиындықтарын айтады.</p> <p>Сабақ соңында оқушылар мұғалiмнiң сұрақтары туралы ойланып, жауаптарын тұжырымдайды.</p>	<p>Мұғалiмнiң ауызша баға беруi</p> <p>Мұғалiмнiң пiкiрi</p>	
<p>Сабақтың соңы</p> <p>1 минут</p>	<p>(Ж) Эмоциялық рефлексия Мұғалiм оқушылардан сабақ жөнiндегi ой-пiкiрiн доптың түсiмен көрсетудi сұрайды. Олар қораптағы жасыл немесе сары допты тандап, сәйкес түстi қораптарға салады. Жасыл қорапта доп саны неғұрлым көп болса, оқушыларға сабақ соғұрлым ұнады деген сөз.</p>	<p>Эмоциялық рефлексия оқушылардың қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етедi.</p>	<p>Оқушылардың өз әрекеттерiн өздерi бағалауы.</p>	

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. *Асанова С. Ж. Қазақтың ұлттық киімдері және қолөнері тарихы: оқулық* / Асанова С. Ж., Птицина А. П. – 2-ші бас. – Астана: Фолиант, 2011. – 157 б.
2. *Бабанский Ю.К. Оптимизация учебно-воспитательного процесса: методические основы.* - М.: Просвещение, 1982. - 94с.
3. *Беляев Т. Ф. Упражнения по развитию пространственных представлений у учащихся.* Из опыта работы - М.: Просвещение, 1993. - 112с.
4. *Вибер Ж. Рисунок и его средства.* - М.: Сварог и К, 2000. - 232с.
5. *Выготский Л. С. Воображение и творчество в детском возрасте.* - М.: Просвещение, 1990.- 204с.
6. *Выгодский Л.С. Психология искусства.* - М.: Педагогика, 1987. - 284с.
7. *Зернова Е. С. Будущему художнику об искусстве рисунка: заметки преподавателя.* - М.: Просвещение, 1976. - 258с.
8. *Горяева Н. А. Первые шаги в мире искусства* - М.: Просвещение, 1991. - 160с.
9. *Жұмабайұлы Б. Ою-өрнек әлемі. - The world Kazakh national ornaments / Жұмабайұлы Баяхмет...* – Алматы: Үш Қиян, 2018. - 262 б.
10. *Загвязинский В.И. Методология и методика дидактического исследования.* - М.: Педагогика, 1982. - 160с.
11. *Кирцер Ю.М. Рисунок и живопись: учебное пособие* - М.: Высш. Шк., 1997. – 271 с.
12. *Коньшева, Н.М. Теория и методика преподавания технологии в начальной школе: учебное пособие/Н.М.Коньшева.* - М.: Ассоциация XXI, 2006.- 296 с.
13. *Коньшева, Н.М. Методика трудового обучения младших школьников. Основы дизайнообразования.* Учебное пособ. Для студентов сред.пед. завед. /Н.М.Коньшева. - М.: Академия,1999. - 192 с.
14. *Қасиманов С. Қазақ халқының қолөнері / ред. Р. Асанбаева, А. Бермаханов.* – Алматы: Қазақстан, 1995. – 236 б.
15. *Лихачев Б. Т. Эстетическое воспитание.* - М.: Педагогика, 1972. - 212с.
16. *Лопатина А., Скребицова М. Искусство видеть мир* - М.: Сфера, 1998. - 576с.
17. *Никитин Б. П. Ступеньки творчества или развивающие игры* - М.: Просвещение, 1990. – 160 с.
18. *Изобразительное искусство. Рабочие программы Предметная линия учебников под редакцией Б. М. Неменского. 1–4 классы: пособие для учителей общеобразоват. организаций / Б. М. Неменский, Л.А. Неменская, Н. А. Горяева и др.; под ред. Б. М. Неменского. – 5-е изд. — М.: Просвещение, 2015. –128 с. – ISBN 978-5-09-035058-7.*
19. *Изобразительное искусство. Рабочие программы. Предметная линия учебников под редакцией Б. М. Неменского. 5–8 классы: учеб. пособие для общеобразоват. организаций /Б. М. Неменский, Л. А. Неменская, Н. А. Горяева, А. С. Питерских. – 4-е изд. – М.: Просвещение, 2015. –176 с. – ISBN 978-5-09-035917-7.*
20. *Школа изобразительного искусства 3-е изд., испр. и доп. – М.: Изобразительное искусство, 1989. – 246 с.*
21. *«Еңбекке баулу» пәнінің 1–4 сыныптарға арналған үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 5 маусымдағы № 199 бұйрығымен бекітілген).*

Интернет-ресурстар

1. «Ұлағатты ұрпақ» мәдениетті білім беру порталы <https://madeni-m.kz/kz>
2. Pinterest - Әлеуметтік интернет-сервис, фотохостинг, бұл жерден шығармашылық жұмыстарда қолдануға болатын қызық идеяларды таба аласыз. <https://ru.pinterest.com/>
3. Ә. Қастеев атындағы өнер мұражайының виртуал залы. <https://www.gmirk.kz/ru/>
4. Балаларға арналған қолданбалы шығармашылық сайты <https://stranamasterov.ru/>
5. iMekter - Мұғалімдер мен оқушыларға арналған сайт. <https://imekter.kz/kz>
6. Google art & Culture - Жоғары сапалы өнер туындыларының суреттеріне қол жеткізуге мүмкіндік беретін интернет-платформа <https://artsandculture.google.com/>
7. Canva – тегін қолдануға болатын онлайн графикалық дизайн құралы. https://www.canva.com/ru_ru/
8. Explain Everything — Бірлескен интерактивті онлайн тақта. <https://explaineverything.com/>
9. LearningApps.org – Интерактив тапсырмаларды құрастыруға арналған платформа. <https://learningapps.org/>
10. Online Test Pad - Тест тапсырмаларын жасауға арналған онлайн конструктор <https://onlinetestpad.com/>

Глоссарий

Ашықхат	құттықтау сөзге арналған арнайы пошта картасы (хатқалтасыз).
Басқұр	тоқылған өрнекті жолақ. Киіз үйді безендіру және кереге түйісетін жерлерді тартып қою үшін қолданылады.
Бауырымен жорғалаушылар	денесі мүйізді қабыршақтармен қапталған жануарлар.
Бүктемелі қорапша	барлық жақтарының өлшемі, жиектері мен бүктеу сызықтары белгіленген қораптың схемалық бейнесі.
Декупаж	заттарды қағаздан қиылған суреттерді қолданып безендіру техникасы.
Ғарыш айлағы	ғарыш аппараттарын ұшыру орны.
Жәдігер	көрмеге қойылған зат.
Жәндік	кішкентай омыртқасыз жануар.
Жіппен бейнелеу (изонить)	картонға немесе басқа қатты негізге жіппен сурет салу техникасы.
Затбелгі	бұйым туралы ақпарат жазылған карточка.
Инсталляция	ортақ идеямен біріктірілген және кеңістікте ерекше орналасқан заттардың белгілі бір жиынтығы.
Кәдесый	ескерткіш сый.
Квиллинг	бұралған қағаз жолақтарынан көлемді немесе жалпақ кескіндер жасау әдісі.
Кереге	киіз үйдің дөңгеленген қабырғасы. Бір-бірімен байланысқан жеке торлардан тұрады.
Коллаж	аралас композиция жасау үшін әртүрлі материалдарды негізге жабыстыру әдісі.
Көлемді аппликация	кейбір кескіндері дөңес пішінді немесе көлемді болатын аппликация.
Көлемді декупаж	жапсырмалы жылтырақтарды, моншақтарды және т.б. пайдаланып, өнімді үшөлшемді кескіндермен безендіру техникасы.
Кусудама	алдын ала бүктелген қағаз қиындыларынан – модульдерден – шар тәріздес фигуралар жасау техникасы.
Қабық	жұмыртқалардың, жаңғақтардың сыртқы қатты қабығы.
Қабыстыру техникасы	төртбұрышты қағаз қиындыларын таяқшаға бұрау арқылы түтікше жасау техникасы.

Қағаздың қалыңдығы	қағаздың көлденең өлшемі.
Қағаздың құрылымы	қағаз бетінің сипаты, рельефі.
Қағаздың тығыздығы	парақтың салмағы (граммен). Қағаздың салмағы неғұрлым ауырлау, неғұрлым қалың болса, соғұрлым тығыз болады.
Қаңқа	кейбір құрылымдардың, бұйымдардың қаңқасы.
Қаптама	белгілі бір нәрсені қаптайтын материал.
Қолда бар материалдар	қолда бар материалдар.
Қолөнер	қолмен жасалған бұйым.
Құрақ көрпе	мата қиындыларынан тігілген қазақтың дәстүрлі көрпесі.
Макет	кіші өлшемді нысан үлгісі, үлгі.
Матадан жасалған коллаж	бейнелеу өнеріндегі техникалық әдіс, мұнда кез келген негізге материалдардың түсі мен құрылымы бойынша әртүрлі бөліктері желімделеді.
Минералды шикізат	пайдалы қазбалар: қиыршық тас, құм және басқа да тастар.
Мобиль	тепе-теңдік қағидасына негізделген жылжымалы аспалы құрылым.
Мөр басу	заттарды басу арқылы кескін жасау.
Мүсін өнері	ою, мүсіндеу арқылы көлемді көркем туындылар жасау өнері.
Мүсіндеу	пластик материалдардан көлемді пішіндер жасалатын бейнелеу өнерінің түрі.
Мүсіндеу әдісі	ермексаздың тұтас бөлігінен мүсіндеу әдісі.
Органайзер	әртүрлі заттарды ретімен сақтауға арналған бөлімдері мен ұяшықтары бар контейнер.
Оригами	қағаздан қайшысыз және желімсіз мүсіншелерді бүктеп жасау өнері, өнер туындысы.
Орындалу реттілігі	іс-әрекеттерді, кезеңдерді орындау тәртібі.
Ою-өрнек	қайталанатын немесе ауыспалы элементтерден тұратын сурет.
Оюлы көрпе	ою-өрнектермен безендірілген қазақтың дәстүрлі көрпесі.
Өнертабыс	адам қызметінің белгілі бір саласында қолдануға болатын жаңа, бұрын белгісіз болған техникалық шешім.
Өнертапқыш	жаңа өнертабыс өнімін жасайтын шығармашыл адам.
Өсімдік текті шикізат	шығармашылық жұмыстарда қолданылатын өсімдік немесе оның бөліктері.
Папье-маше	1. Қағаз бен желімнен тұратын масса. Бұл материалдан өнімдер жасалады.

	2. Қағаз бен желімді пайдаланып көлемді заттар жасау техникасы.
Поролон	жеңіл, серпімді, кеуекті синтетикалық материал.
Презентация	шығармашылық жұмыстарды көпшілікке көрсету.
Синтепон	сырт киімде жылытқыш ретінде қолданылатын синтетикалық материал.
Тастама материал (қалдықтар)	пайдаланылған заттар және жаңа заттарды жасау үшін пайдалануға болатын заттар.
Теңізде жүзуші	теңізге шығып сапарлаушы, саяхатшы.
Тікелей декупаж	суреттің өнім бетіне декупаж желімімен тікелей жабыстырылуы.
Ұлттық ыдыс-аяқ	белгілі бір халықтың ұлттық ерекшеліктерін көрсететін тағам, сусынға арналған ыдыс.
Фетр	киізге ұқсас мата.
Флористика	кептірілген өсімдіктер мен табиғи материалдардан композиция жасау өнері.
Шаңырақ	киіз үйдің күмбезге ұқсас торлы бөлігі. Шаңырақ – отбасылық мұра, ұрпақ жалғастығының белгісі. Республикамыздың елтаңбасындағы шаңырақ бейнесі – еліміздегі барлық халықтың ортақ қонысы деген ұғымды білдіретін символ.
Этноауыл	Халықтың этностық ерекшелігін бейнелейтін, оның өмір салтын, әдет-ғұрпы мен дәстүрін көрсететін ауыл.

Оқу-әдістемелік басылым

**Сыздықов Адиль Маратович
Байбакишева Марал Кажиякпаровна
Сейтмолдинов Дарқан Назарбекович**

Еңбекке баулу

Мұғалімге арналған нұсқаулық

Жалпы білім беретін мектептің
3-сынып мұғаліміне арналған құрал

Әдіскері *Д. Н. Сейтмолдинов*
Редакторы *Н. М. Сламбекова*
Техникалық редакторы *С.М. Жапарова*
Дизайнер-беттеушісі *А. А. Рахымжанова*

ИБ№1199-В

Басуға 18.06.2024 қол қойылды. Пішімі 60x90/8. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Times New Roman». Қағазы офсеттік. Шартты баспа табағы 19,99.
Шартты бояулы беттаңбасы 20,09. Есептік баспа табағы 16,5.
Таралымы 4 900 дана. Тапсырыс №...

010000, Астана қ., Хусейн бен Талал көшесі, 21/1,
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ



Оқулықты сатып алу және жеткізу мәселесі бойынша
+7 (7172) 235-235; +7 701 0235 235 телефондарына хабарласыңыз
немесе kaspi.kz интернет-дүкені арқылы сатып алуға болады.